This is article about the using of first examples of termins in Kazakh language. So there is rule of first examples science literature in make of terminological lexics was been showed. The author shows real examples of that many of termins word be consist by Kazakh works. The article devotes espesialities of siense literature style in Kazakh language, influence of extralinguistical factors on formation a stiletto. The author is charactering to general tendition of development terminology on this style and comes to the conclusion about the necessity of systematizing and unification of scientific names of siense plants in the Kazakh language. The author analyses examples this style for real facts. In conclusion there is siense style of Kazakh literature language and terminological lexics have been appeared for II half of XIX century.

ӘОЖ 82.0

М.І.Әбдуов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Жаманқұл шешеннің әдеби мұрасы

XIX ғасырда қазақ қоғамында шешендік мектеп қалыптасты. Бұл мектеп дамуына қазақтың белгілі билері қалдырған әдеби мұраны зерттеуші ғалымдар үлкен үлес қосты, өйткені бұл мұра толық деңгейде зерттелмеген болатын. Зерттеу процесінде аталмыш қазақ билерінің мәтіндеріне әдеби талдау жасалды. Осы тұрғыда қазақ биі Жаманқұлдың XIX ғасырдағы қазақ билерінің шығармашылығына әсері қарастырылды. Сондай-ақ мақалада ұсынылған мәліметтер қазіргі тарихи көзқарас тұрғысынан екшелді.

Кілтті сөздер: XIX ғасыр, қазақ халқы, орыс патшалығы, бодан болу, отарлау саясаты, салдық, серілік, шешендік шеберлік, шешендік өнер, ұлағатты нақыл сөздер, канатты сөздер, өнер әлемі, ойға шебер, тілге шешен.

XIX ғасыр қазақ халқының тарихында өзіндік өрнегімен айрықша орын алатындығы ақиқат. Кезеңнің күрделі құбылыстары, қоғамдағы ірі-ірі өзгерістер, сол сияқты тағы да басқа оқиғалар орыс патшалығына бодан болудан келіп туындады. Отарлау саясатын жүзеге асыру әр түрлі жолдар арқылы жүргізілді. Соның бірі басқару жүйесін өзгерту еді. Әбден ойластырып барып енгізген бұл жағдай қазақ халқын дербес мемлекеттік құқықтығынан айырды. Хандық жойылды. Бұрын ішкі, сыртқы жұмыстарға толық араласып, атсалысқан, татулық пен туысқандықты ту етіп ұстанған билер енді ру арасының дау-дамайларын шешуден әріге аса алмай қалды. Осы көрініс жалпы қазақ даласын түгелдей шарпыды.

Билік басының өзгеруі, әсіресе ел ішіндегі ағайын арасы алауыздығының арта түсуіне отқа құйған майдай әсер етті. Осыған орай халық қамын ойлаған азаматтар ел бірлігін, тұтастығын сақтап қалуға бар күш-жігерін жұмсады. Солардың жуан ортасында Жаксы Жанқұтты, Құнанбай қажы, Шорманның Мұсасы, Қырбастың Байсейіті тәрізді Арқаның арқалы ардақтылары бар еді. Олардың негізгі мақсаты жеке бастың немесе белгілі бір ортаның ғана қамы емес, жалпы халықтың мұң-мұқтажын орындау, көптің қамқоршысы болу. Әрине, мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін, байлықтың, барлықтың шешендіктің аздық етері хақ. Билік пен бедел керек, ақыл мен тәжірибе қажет. Сонымен қатар халықтың қалпы мен қалауын білу, заманның ағысын аңғару міндет. Жоғарыдағы біз атап өткен ардақтыларымыз осы айтылған қасиеттерді толық игерген, өз ортасынан озық шыққан, елдің үміті мен сенімін ақтай білген, асқар таудай айбынды азаматтар еді. Сол кездегі ұлт-азаттық қозғалысының арта түсуі, әр түрлі дәрежедегі көтерілістердің көбеюі, өмірдің түбегейлі өзгеріске түсуі, адамдық қарым-қатынастардың түрленуі турасында зерттеуші-ғалым Ж.О.Артықбаевтың [1] еңбегінде жан-жақты сараланып көрсетілген.

Дегенмен, қазақ халқының өнері, өлеңі, мәдениеті дамыды, өсіп өркендей түсті. Алты айлық аймағы бар алтын далаға күндей күмбез орнатқан Тәттімбет, салдық пен серіліктің алуан түрлі қыры мен сырын бойына сіңірген Біржан мен Ақан, шешендіктің шеберлігін ұштап, соны сүрлеу, соқпақ салған Шабанбай мен Байдалы, дұшпаны қабағынан қаймыққан Ағыбай, жауырыны жерге тиіп көрмеген Қажымұқан осы ғасырдың қайраткерлері. «Ердің атын елі шығарады» дейді халық даналығы. Олардың есімі мен еңбегі ешқашан ұмытылмақ емес. Өйткені көпшілік қолдаушың болса, өнерің өрге жүзеді.

Әрбір өнер адамының өзгеге ұқсамайтын, өзіне ғана тән үні, жолы болады. Оны туғызатын да, танытатын да, дамытатын да заман талабы. Кез келген ақын, өз дәрежесіне сай ақындықтың өсіп-өркендеуіне, молығып, толығына үлесін қосары хақ. Сол арқылы өнер саласында өзінің соқпағын да салып кетеді. Мәселен, Біржан да, Ақан да ақындық өнердің жетекшілері. Ізін жалғастырамыз деп соңынан ерген шәкірттері қаншама. Бірақ әрқайсысының өзіндік орны бар. Өнердің дамуы да осыған байланысты. Ғалым Е.Ысмайлов былай дейді: «Талантты ақынның ағылып жырлауына түрткі болатын көпшіліктің құрмет көрсетіп, ықыласпен тыңдауында, қадірлеуінде ғана немесе айтыстағы егесте ғана емес, осылармен қатар, өлеңді бөгелмей жырлап кету үшін, ақынға домбыра, гармонь, қобыз сияқты құралдар да көмектеседі және сөзге жан, көрік беретін ән-күй бірге жырланады» [2]. Сондай-ақ шешендік өнер саласының да білгірлері баршылық. Мәселен, от ауызды, орақ тілді Шабанбай өнегелі, ұлағатты нақыл сөздерімен айрықша танылса, Байдалы шешен халықтың мақал-мәтелдерін өңдеу, сұрыптау барысында ерекше танылған, көптеген қанатты сөздерге өзгеріс енгізген. Мынаған назар аударып көрелік. Ел ішіне кеңінен тараған:

*Ағасы бардың жағасы бар,
Інісі бардың тынысы бар,
Баласы бардың панасы бар, —*

деген нақылды былайша толықтырып, әрлендірген:

*Ағасы бардың, жақсы болса, жағасы бар,
Жаман болса, інісіне жабар, жаласы бар,
Інісі бардың, жақсы болса, тынысы бар,
Жаман болса, ағасына берер жұмысы бар,
Баласы бардың, жақсы болса, панасы бар,
Жаман болса, құдайдың берген пәлесі бар [3].*

Әрине, мұндай жұмыс жасау әркімнің қолынан келе бермейді. Ол үшін ерекше дарын иесі болу керек. Міне, өнер әлеміне жол салған осындай ардақтыларымыз баршылық. Солардың мұраларын зерттеп, жазу, көпшілікке таныту, өнердегі орынын айқындау біздің басты міндетіміз болмақ. Көрнекті ғалымдарымыздың бірі Б.Адамбаев: «Шешендік — қадірлі өнер. «Өнер алды — қызыл тіл» деп қазақ бекерге айтпаған. Қоғам тарихына көз салсақ, қай халықтың болсын күрделі қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлері, қолбасылары, мәмлелерлері, ғалымдары ойға шебер, тілге шешен болғанын байқаймыз» [4], — деп жазды.

XVIII ғасырға қарағанда XIX ғасырда шешендік өнердің қолданылу аясы біршама тарылды. Яғни Төле, Қазыбек, Әйтеке заманындағындай сыртқы істерге араласуға мүмкіндік берілмеді. Бірақ бұдан оның дамуы, өсуі тежелді деген ой тууға тиісті емес. Тілі, тереңділігі, өрнектілігі жағынан жандана түсті. Елдің ішкі тыныс-тіршілігіне еркін араласты. Халық билік басында отырғандардан гөрі, дәстүр сабақтастығына дәнекер болған сөз шеберлерін көбірек тыңдады, айтқан ақылына құлақ қойды, кесімді төрелігіне мойын ұсынды. Сөйтіп, шешендік өнердің өркендеуіне халық өзі жағдай жасады. Сол кезеңде өмір сүрген от ауызды, орақ тілді сөз зергерлерінің бірі Жаманқұл мен Дүйсенбай шешендер еді. Бұларды жұптастыра қарауымыздың да өзіндік төмендегідей себебі бар.

Шешендік, ақындық, әншілік, күйшілік т.б. өнердің түрлері сияқты, адамға қонған айрықша дарындылық арқасында көрініс береді. Әрине, оны ұштау, шындау бөлек әңгіме. Қабілетсіз адамның құлағына қанша күйсе да өнерпаз шықпайды. Осындай өнердің әке мен балаға бірдей берілуі тарихта сирек кездесетін жайт. Өйткені шешендік әкеден балаға мирас болып қалатын шопанның таяғы емес. Ал, біз жазып отырған Жаманқұл мен Дүйсенбай әкелі-балалы шешендер.

Жаманқұл Табылұлы 1786 жылы қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында қарасты Қаратоғанбай тауының биігі Қарашыңның күншығыс жақ баурайында дүниеге келген. Әкесі Табыл байлығымен аймаққа танылған дәулетті адам болыпты. Осыған байланысты ел аузында: «Байдың байы Табыл, тайлы тұяғыңа дейін жабыл, бәрібір малын тауыса алмайсың» деген мәтел сақталып қалған екен. Табыл үш әйел алған. Алғашқы бәйбішесінен Байбол, Жарбол, Сарт, Жаманқұл, Бибол дүниеге келеді. Ағасы Елдей жаман аурудан (қариялардың айтуы бойынша, шамасы шешекпен ауырған болса керек) отыз жасында қайтыс болып кетеді де, екінші әйелі Асылды әменгерлік жолымен өзі алады. Одан Қаржау, Нұржау, Жайлау, ал, үшінші тоқалынан Мырзабай, Құлжабай, Қапа туады. Сонда Жаманқұл бәйбішеден туған төртінші ұл. Сол замандағы кеңінен тараған дәстүрдің бірі дүниеге келген сәбиді қырқынан шығарған соң, сыншыға көрсетіп сыналады екен. Табыл да әдет бойынша босағаға бес ту бие байлатып баласын сыналады. Сонда сыншы: «Саусақтары салалы, арасы алшақ екен — дәулетті болар, екі езуі сүйірленіп тұр екен — көпке түссе көсем, топқа

түссе шешен болар, көз тимес үшін атын Жаманқұл қойыңдар!» — дейді. Айтса айтқандай-ақ, жас бала ес біліп, етек жиған кезінен бастап-ақ, суырылып сөз сөйлеп, көпке танылады.

Алты жасқа келген шағында көрші ауылдағы моллаға барып екі қыс дәріс алады. Заман талабына орай намаз оқып, ораза ұстауға бейімделеді. Ол кездегі оқу жалдамалы болғандықтан, екінші бірін қолынан сауат ашуға мүмкіндік келе бермейтін. Екіншіден, моллалар, діни сауаттылар аз, ел аралап бір жерде бір жыл, екінші жерде екі жыл жатып оқытатын.

Жағдай осылай болғандықтан, шамасы жеткендер оқып, жетпегендер оқып келген балалардан үйреніп әрекет жасаған. Ал, молладан оқыған Жаманқұл жас кезінде «оқымысты бала», «молла бала» атанады.

«Әке балаға сыншы» деп халық тегін айтпаған. «Болар бала басынан» демекші, Табыл Жаманқұлдың сөзге бейімділігінің бар екендігін жас кезінен-ақ байқайды. Елдің ақсақалдары бас қосқан кездерде шеткерірек жерден орын алып, әңгіме тыңдауға әуес болыпты. Көпті көрген көне көз қариялар «осы Жаманыңнан түбінде бірдеңе шығады» деп үміттенеді екен.

Жаманқұлдың шешендік қабілетімен көпшілікке алғашқы танылуы он бір жасында.

...Табылға аз уақыт атқосшы болған көрші ауылдың жігіті тұрмысы түзеліп, дәулеттеніп кетсе де байдан ай сайын бір ат, бір бие сұратып ала беріпті. Бірде, сол әдеті бойынша, көпшілік бас қосқан ортада екі жылқы беруін талап етеді. Сол кезде Жаманқұл:

— Қадірменді ата-ағалар! Менің бір ауыз сөзім бар! — деп рұқсат сұрайды. Көпшілік мақұлдағаннан кейін жаңағы жігітке қарап:

— Уа, ағасы! Әр нәрсенің бар емес пе шегі менен шамасы. Сұрамшақ болса азамат, топ алдында төмендейді бағасы. Сөздің парқын білген жөн, істің нарқын білген жөн. Сіз бар жерде, біз бармыз. Қой баққан қой алады, жылқы баққан жылқы алады, қос-қосынан қолқа сала берсеңіз, басқамызға не қалады? — деген екен. Осы сөзден кейін жігіт өз кінәсін мойындап, кешірім сұрапты.

Бұл жерде біз шешендіктің айрықша озық үлгісін көрмесек те, жас баланың өжеттігін, сөзді өрнектеп, көркемдеп айтуға бейімділігінің бар екендігін айқын аңғарамыз. Жалпы шешендік өнер тарихына назар аударар болсақ, айтулы сөз шеберлерінің қай-қайсысы болмасын бала кезінен бастап-ақ, көзге түскен. Шешуі қиын түйіндерді тарқатуға араласып отырған. Бұған он бес жасар Қазыбектің Қоңтәжі ханға айтқанын, он екі жастағы Сырымның жесір дауына айтқан билігін, тоғыз жасар Балабидің ат үстіндегі жолаушыға берген жауабын мысалға келтіруге болады. Бұл, әрине, болашаққа бастама. Осыдан кейін ауылдың игі жақсылары жиналып Табылға келіп:

— Така, осы балаң түбі ел басқарады, мұның енді жолын ашу керек, — деп ақыл салады, сөйлесе келе көпшілік Шабанбай биге тоқтайды. Олай болса, кей әңгімелерде айтылып қалып жүргендей Шабанбайдың Табыл ауылына келуі кездейсоқтық емес, ел ұсынысына орай орындалған іс екен. Сөйтіп, он төрт жасында Жаманқұл Сарым елінің белгілі биі Шабанбайдан бата алады. Бірақ іс мұнымен аяқталған жоқ. Енді жас шешенге тәлім-тәрбие керек, ысылып шынығу қажет. Міне, осы мақсатқа сәйкес Жаманқұл үлгі-өнеге алу үшін Шабанбай бидің жанында екі жыл бірге болады. Талай даудың түйінін шешуге басы-қасында отырып, көзімен көреді. Кейбір жеңіл-желпі істі тындыруға өзі де араласа бастайды. Сондай әңгіменің бірі төмендегідей.

Бірде қозылы қойға таласып дауласқан екі адам жүгініске Шабанбайға келеді. Шабекең шешім айтуды Жаманқұлға тапсырады. Жас шешен даушыларды алма-кезек тыңдаса керек. Алғашқысы:

— Мен осы қойымды жоғалттым. Буаз болатын. Қоздаған соң, қойшы өрісте қалдырып кетіпті. Танып сұрасам бүгінге дейін баққан ақым бар деп мынау бермейді, — дейді. Екіншісі:

— Көктемде мен осы қойды қараған арасынан кезіктіріп, қоздатып, ауылға алып келдім. Сұрау салып едім, ие шықпады. Күні бүгінге дейін, ит-құсқа жем қылмай бағып келдім, қазір қозысының өзі марка болды, — депті.

Жаманқұл былай деп сұрайды:

— Қойшыңыздың айлық ақысы қанша?

— Төрт қой.

— Ендеше бұл даудың төрелігі былай болсын. Бай ширақ болса малшыл, кедей ширақ болса жалшы. Иелі мал — киелі мал. Жоғалған қой иесіне тиесілі. Аң — қаққандікі, шөп — шапқандікі, мал — баққандікі, марка тапқан адамға тиесілі, қойшыда кінәрат бар, жас болса албырттығы шығар, жасамыс болса салғырттығы шығар, малды бір жеті тегін бақсын!

Бұл әңгімеде үстемдік құрушы шешендік сөз емес, әділдік. Ал, әділдіктің көрінісі — дауласқан екі жақтың төрелікке разы болуы. Міне, Жаманқұл шешеннің билікке араласқан алғашқы сатылары осындай.

Шаңырақ көтеріп, оң мен солын толық танып, талай мәрте сыннан өтіп, сөз сөйлеп шешім айтуға төселген шақта Әлмұрат ата ұрпақтарының биі болып сайланады. Бұл шамамен 1809 жылдар еді. Қырық жыл қырғыннан аман қалған ел-жұрт ол кезде едәуір өсіп-өніп молығып, толығып қалғандай болатын. Атамбек, Жарас, Акботадаң тараған үрім-бұтақтардың өзі алты ауыл болып қоныстанған. Әлдісі бар, жарлысы бар, малшысы бар, жалшысы бар, қоңсы қонған қосшылар бар әр жылда он бес, жиырмадан шаңырақ бой көтерген. Сондай-ақ мал басы да жақсы көтерілді. Табылдың өзінде үш мыңға тарта жылқы, бес мыңнан астам қой, үш жүз елудей сиыры болыпты.

Араға бес-алты жыл салып барып Жаманқұл жалпы Әлтеке баласына би болады. Оған елдің Есболай-Өтегенінен Юлат баласы Жантөбел, Достан Баптеннің баласы Баймырза, Әлмұраттан Атамбек баласы Тамай тәрізді, белді азаматтары атсалысады. Сонымен бірге Жаманқұлдың өзі де Сұлтанғазы, Жамантай (негізгі есімі Тұрсын), Әбілғазы сияқты топты басқарып жүрген төрелермен достық қарым-қатынасын нығайта түскен.

Ел ішіне ірі, әрі ауқымды өзгеріс әкелген 1924 жыл болды. Арнайы жарлық бойынша қазақ халқын билеудің жаңа жүйесі жасалып, оны жүзеге асыру тиісті әкімшілік орындарға жүктелді. Бұл жұмысты жүргізу оңайға түскен жоқ. «Шет өңірінің тарихы» деген зерттеу еңбегінде Ж.О.Артықбаев пен М.С.Жакин былайша кескіндейді: «1924 жылы ерте көктемде Қарқаралы бағытында Семиер форпостынан 300 адамдық отряд аттанды. Оның құрамында князь Дадиянов, Сотников, Карбышев, Чириков, Кинжицев, Копейкин, дәрігер Зильберштейн, топограф Кошелов, бірнеше тілмаш 250 орыс-қазақ әскері және құрылғалы тұрған Қарқаралы округінің болашақ екі заседателі — Бубенов, Налабердин болды. Бұл отрядты полковник С.Б.Броневскийдің өзі басқарды...

...Қарқаралыда 8 сәуір күнгі сайлауда аға сұлтан болып Тұрсын (Жамантай) Шыңғысұлы сайланды. Шыңғыс Бөкейханның үлкен ұлы, сонда Тұрсын Бөкейдің немересі болған. Қазақ ішінен заседатель болып Елдебай Ортауұлы, Жаманбай Нұралыұлы сайланды. Осы үшеуі молланың қолынан Құранды сүйіп, Ресейге адалдықтарын мәлімдеп, өз қызметтеріне кірісіп кетті. Ал округтің ішінде болыстарды ұйымдастыру 1824 жылы жаз бойы біртіндеп жүрді. Әлтеке-Сарымға төре Бөкейдің Сұлтанғазысы болыс болып сайланғаннан кейін әр рудың билерін (әкімшілік атауы старшын) тағайындауға кіріседі. Болыстық сайлау жөніндегі төмендегі мәліметті келтіре кетуді жөн деп таптық.

«1824 жыл. 13 шілде. Біз төменде қол қойғандар, әр ауылдан жинала отырып, бірауыздан майор Сұлтанғазы Бөкейхановты қазаққа адал, Ресейге берілген деп таныдық. Сол себептен оны Сарым-Қаракесек болысының басшысы қылып бірауыздан сайладық. Мөр болмағандықтан, бұл приговорға таңбамызды бастық.

Би. Қағанбай Тоқабаев, Ботантай Шуашбаев, Баланбай Жаманбаев және Әлтеке-Қаракесек болысының билері Есенаман Жетібаев, Қоғанбаев» [5].

Біз бұл құжатты «Шет өңірінің тарихынан» алып өзгеріссіз беріп отырмыз. Әрине, мұның архивте сақталған материалдан алынғандығы талас тудырмайды. Бірақ екі ғасырға жуық шаң-тозаңда жатып қалған қағаздың өңінің өзгеріп, жазуының өшіп, солғындап ескіретіні, тозатыны сөзсіз. Осыған байланысты кейбір адам аттарында әріп қателері кеткенге ұқсайды. Шежірелік мәліметтер мен ел ішіндегі әңгімелерге сүйенер болсақ, Есенаман Жетібаев емес, Жидебаев деп оқыған дұрыс сияқты. Сондай-ақ екінші биді Қоғанбаев демей, Тоғанбаев деген жөн. Акбота — Елдейдің немересі Мыңжасар Тоғанбайұлының би болғандығы жайында ел аузында аз да болса әңгіме-аңыздар сақталған.

Сонымен, билерді тағайындау барысында, жүз шаңыраққа бір басшы қажет деп тапқандықтан, арасы жақын орналасқан рулас төрт-бес ауылды бір қоныс деп есептеп, тұтастандыру жұмыстарын жүргізді. Мұның өзі бірнеше жылға созылды. Әлтекеден алғаш рет би болып тағайындалған Жаманқұл Табылұлы. Бұл дерек архив материалында бар.

Мұндағы мәліметтің аудармасы мынау. Әлтеке-Сарымның баласы: сұлтан Сұлтанғазы Бөкеев, билері: Жаманқұл Табылов, Құлан Елемесов, Мамыр Есенаманов, Жабай Жаманкешин, Тарақ Әсетов, Жақсыбай Қазыбаев, Балапан Шабақбаев, Байғұтты Ботантайев, Торақ Шандыгенов, Байсал Жаманқұлов, Топак Байтоқин, Құлболды Шуақов, аты-жөні айқындалып берілгендер Әлтеке руының билері. Билік мәселесінің ұзаққа созылуына екінші бер себеп — келіспеушілік. Халықтың ұсынған адамына жоғарғы жақ келісім бермей, аға сұлтанның атаған адамына көпшілік көнбей көп жағдайда шиеленіске душар болып отырды. Халықтан қолдау тауып, сұлтан-болыстармен дос-жаран болған Жаманқұл мұндай жағдайлардан тысқары еді. Араға бірнеше жыл салып Жидебай батырдың немересі Мамыр Есенаманұлы, Жаманқұлдың баласы Байсал, Табылдың үлкен ұлы Сарттың немересі Топак

(азан шақырып қойған аты Тоқтыбай) Байқұтұлы би болды. Бұлардың ішіндегі ең жасы Топақ (Тоқтыбай) жиырманың мұғдарында еді. Билердің ішіндегі жасы үлкені Сарым-Айдабол Шәндігеннің баласы Торақ батыр ол кезде алпысты алқымдаған болатын. Сол ретіне қарай батыр жайындағы ел аузындағы аңызды келтіре кеткелі отырмыз.

Бірде Жаксы Жанқұтты ауылында елдің игі жақсылары бас қосып, әңгіме өткізеді. Ішінде аға сұлтан Құнанбай, ақын Шортанбай да бар екен. Әңгіме соңында Жанқұтты былай дейді:

– Ақыным, мен бір ойға келдім! Қарадан шығып, хан болған Қүнекең қалың қазақтың қадір тұтар азаматы ғой. Кертанаш тұлпарды мінгізейін деп отырмын. Сен елді көп аралайсың, айта жүр, мына Есбергеннің еспесін, бұдан былай Құнанбай еспесі деп айтайық, Құнанбай, Шортанбай, Жанқұтты осы жерде бас қосыпты деген ат қалсын болашақты болжай отырып, үш ауыз сөз қалдырайық. Ақыным, сен баста!

Сонда Шортанбай:

*Жәке, келер заманның адамы аласа туады.
Ата-анасына қарсы боп таласа туады,
Жақсылықтан шошынар,
Жамандыққа қосылар,
Әзәзілден досы бар,
Ақырзаман адамы сұрасаңыз осылар! —*

дейді. Құнанбай былай депті:

– Жасы қырыққа келсе де сақал-мұрты болмайтұғын, бар дүниенің байлығын алса да көңілі толмайтұғын, өмірі ұрыс-керіс, ниеті, пиғылы теріс болады екен болашақтың адамы.

Сонда Жәкең:

– Ал десең көптің алдын бермейтін, бер десең бетінді көрмейтін, өткенінен нәтиже шығармайтын, келешегінен керектісін ұға алмайтын, ақылы аз, тойғанға мәз болады екен, — дейді. Сөйтіп Жәкең ауылында Құнанбай бірнеше күн мейман болады. Бұл екі арада әңгіме Торақ батырға жетіп, ол жолға жиналады. Баласына Кертанаш тұлпарды алып қалатынын айтады. Сонда баласы:

– Бір тайға бола бармаңыз, Қүнекең Кертанашты бермес, басқа жылқы берер, — дейді.

– Тоқсандағы Торақ бармайды, барса Кертанаштан басқа жылқыны алмайды, — деген батыр, жол жүріп кетіпті, Жәкең ауылына келсе, Құнанбай аттанайын деп жатыр екен. Торақ батыр ат үстінде тұрған күйі:

*Ассалаумағалейкум, Құнанбайым!
«Ақжол» деп жауға шапсам ұрандаймын
Мен де бұрын бөрі едім,
Бас имейтін өр едім
Қайратым қайтқан шағымда
Алдыңа келген Тораққа
Жолыңды бер дер едім
«Ер қанаты — ат» деген
Ескінің сөзін ап келгем,
Құнанбай!
Ерліктің жолы жөн бе?
Серіліктің жолы жөн бе? —*

дегенде Құнанбай батырмен құшақтасып көрісіп, Кертанашты алдына көлденең тартқызыпты. Әділдігімен танымалы болған билер жайында осы тәрізді әңгімелер ел ішіне кеңінен тарап жатты. Шешендік сөздердің таралуы жайындағы мынадай пікірді келтіре кеткенде жөн көріп отырмыз. «Бұрынғы қазақ шешендерінің бір ерекшелігі — олар сөздерін жазып дайындамаған, сөздері қағазда емес, халық жадында сақталған: ауызша тарап әлденеше кісінің, ұрпақтың өңдеуінен өтіп қысқарған, ұстарған, түйіні-дәні қалған, сөйтіп бүкілхалықтық мұраға айналған» [4; 97].

Жамантай төренің тұсында жиырма бір жыл би болған Жаманқұл Табылұлы ел ішіндегі алауыздықты, келеңсіз іс-әрекеттерді басуға атсалысып, бірліктің, адал кәсіп-тірліктің орнығуына айрықша мән беріп отырған. Әрине, бұл кезең халыққа жеңіл тиген жоқ (1824–1844). Билік басының өзгеруі, бодандықтың ноктасын киюі, үлкен ұлықтардың айтқанын орындап, айдауына жүруі, алым-салық төлеуі, ұлттың болмыс-бітімін танытатын салт-дәстүрдің қағажу көруі көптің көз алдынан өтіп жатты. Белгілі ақын Дулат Бабатайұлының:

*О, Сарыарқа, Сарыарқа,
Самалы салқын жон едің.
Сырдан ауып келгенде,
Жапырылмай шалғының,
Балауса балдыр, балғының,
Тимеген ірге соны едің, —*

деп жырлауы да сондықтан болса керек. Сондай-ақ Жаманкүл өзінен кейінгі жастардың да өсіп-жетілуіне, тәрбие алуына ықпал жасаған. Ел басқару билігіне араласу оңай жұмыс емес. Халықтың талабына сай азаматтың қалыптасуына туа біткен дарындылық аздық етеді. Ұшқырлық, тәжірибе қажет. Бұлар үйренудің нәтижесінде жүзеге асады. Ұстаз ұлағатты болса, шәкірт сындарлы. Міне, шешендіктің дәстүрін жалғастырушы Жаманкүлдың ізбасарлары Дүйсенбай, Байсал, Топақтар өз заманында киелі елдің келелі азаматтары болған еді.

Жығылғанға жұдырық дегендей қалтыраған халықты 1836 жылғы жұт онан сайын есеңгіретіп тастады. Мал басы ойсырай шығынға ұшырады. Осындай жүйкесі жұқарып, жүні жығылған кезеңде жас та болса бас болған сол кездің өзінде-ақ есімі ісі қазаққа мәлім болған Жанқұтты, талай қиыншылыққа бас-көз болып, көпшілікті тығырықтан алып шыққан Жаманкүл тәрізді топ бастаған толағайлар езілген елдің еңсесін көтерді. Алдына келгендерге шешен: «Бұл дүниеде мәңгілік ешнәрсе жоқ. Талай қиындыққа мойымаған елміз. Жұт та уақытша. Бірлігімізді бұзбайық, бірлік түбі — тірлік, тірлік түбі — ірілік» деп іс көмегін де, ақыл көмегін де беріп отырған. Осыдан ел аузында «Жұт болса да жәрдем берген Жабекем, жұрт басына қонған жайлы бақ екен» деген нақыл сөз тарап кетеді.

XIX ғасырдағы ірі тарихи оқиғалардың бірі — Кенесары бастаған қозғалыс. Он жылға созылған осы дүрмекке Жаманкүл шешеннің қаншалықты қатысы бар деген сұраққа нақты жауап беретін мәлімет біздің қолымызда жоқ. Дегенмен, баласы Дүйсенбайдың Кенесарыны хан көтеруге қатысқандығы ел аузында сақталған. Бұл бөлек әңгіме. Ал, бидің өз басы жайында мынадай болжам айтуға болады. Халықтың Кенесарыны хан ретінде тануы — 1841 жыл. «Хан Кене» кітабының алғы сөзінде былай деп жазған: «Бір жағын алпауыт Ресей патшалығы омырып, екінші бүйірін ұлы Қоқан кеміріп жатса да, жалпақ қазақ елін қанжығаға байлатпай, бірде егеулі найза ұшымен, бірде ұтқыр тілдің уысымен қорғап, жер қайысқан жау қолдарынан құтылып кетіп отырған Абылайхан парасатын берік ұстанғысы келген қаһарлы немере Кенесары батырдың да атамекен үшін арыстандай айбат шегуі шексіз болды. Жегі құрттай дендеп кіріп, іштен шалар ұзын құрық айлакерлігі бар Орыс империясының пасық пиғылыны тосқауыл қоймай жақсылық жоқ екендігін жан дүниесімен сезінген ержүрек сұлтан жанталасып-ақ бақты. 1841 жылдың қыркүйек айында қазақ руларының өкілдері ата-баба салтымен Кенесарыны ақ киізге көтеріп хан сайлаған соң, бүкіл ел дүмпүін орыс отаршылдарына қарсы күреске арнаған айбарлы атаның ұрпағы ел тәуелсіздігін ең басты байрағы етті» [6]. Осындай жағдайдан кейін әрі би, әрі дәулетті бай Жаманкүлдың бұл істен тысқары қалуы мүмкін емес еді. Шешеннің Жақсы Жанқұттымен, Құнанбаймен, Шорманның Мұсасымен дос-жар болғандығы турасында ел аузында әңгімелер баршылық. Жақсы Жәкеңнің хан сайлауына қатысқандығы жайлы Шортанбай ақынның өлеңінде айтылған деген пікір де кездеседі. Ал, Құнанбай жайлы зерттеуші-ғалым Бейбіт Сапаралы былай дейді: «Старшын Құнанбай Кенесары көтерілісіне қаншалықты дәрежеде «қарсы күрес ұйымдастырғаны» белгілі болуы үшін бұл арада Мұхтар Әуезовтың 1933 жылы латын қарпімен жарық көрген Абай шығармалары жинағындағы алғы сөзіне жүгініс жасағанымыз орынды сияқты. Мұқаң жазады: «Құнанбайдың бұдан соңғы ел есінде қалған бір ісі: орыс ұлтының бұйрығы бойынша Кенесарыны қуғандығы. Тегі Кенесарының Ұлытау, Кішітаудан көшіп, Ұлы жүзді бетке алып бара жатқан кездері бола ма, әйтеуір сол жүрісінің бірінде, үкіметтің бұйрығы бойынша, Құнанбай старшын күнінде Кенесарыны қуа шыққан орыс әтретімен бірге қазақтан кісі алып қоса қуысқан. Қуған қол Кенесарының көшіне жетіпті. Көшінің жанында Кенесарының өзі де болса керек. Олар бір топ кісі болып жиналып, бір араға келгенде Кенесары атынан түсіп, намаз оқыпты. Сонда орыс бастықтары шабайық дегенде, Құнанбай намаз уақытында шаппаймыз деп, шапқызбай қойыпты. Сол жолда Құнанбай қолмен келе жатқан қазақты жанына алып, құр құдықтың ішінде кеңесіп, Кенесарыны ұстамауға, қас қылмауға уәделесіпті дейді. Кейін атыс болғанда Жуантаяқ Төбет деген батыр Кенесарының қолының бір батырын қуып найзаламақшы болған екен, соны Құнанбай сабапты дейді» [7].

Жоғарыдағы келтірілген деректерді негізге ала отырып, Жаманкүлді да мал-мүлік жағынан қозғалысқа көмек көрсеткен деп топшылауға болады. Сондай-ақ «Ішет өңірі тарихындағы» мынадай мәліметті келтірген жөн: «1839–1844 жж. жасаған тізімде Кояншы-Тағай, Жалықпас, Надан Тобықты, Алтай, Төлеш, Төлеңгіт, Үйсін, Керей, Кәрсон-Керней, Қара-Айтымбай, Дүйсенбай-Шешен, Байбөрі,

Әлтеке-Сарым сияқты Қарқаралы округінің рулары үкіметке қарсы қозғалысқа белсене шыққан деп көрсетілген» [5; 103]. Әрине, Әлтеке-Сарымның аты аталған жерде Жаманқұл бидің тысқары қалуы мүмкін емес. Жамантай төренің орнынан түсуі, Жаманқұлдың старшындықтан алынып, Әулиеатаға қоныс аударуының бір ұшы осы жағдайларға байланысты болса керек.

Кенесары қозғалысы елге елеулі әсерін тигізді, қол ұшын берді дегендердің барлығы ұлық алдында жауапқа тартылды, әр түрлі жаза алды. Көпшілік күндіз күлкісінен, түнде ұйқысынан айырылып, әбден ығыр болды. Біразы оңтүстікке, Қаратау бойына қоныс аудара бастады. Осы екпіннің екіленіп тұрған шағында — 1844 жылы Жамантай төре аға сұлтандықтан алынып, Құсбек тағайындалады. Ойында жүрген орнына қолы жеткен ол, жоғарғы жақтың бұйрығын мүлтіксіз орындауға тырысты. Жаманқұл бастаған біраз старшындарды биліктен босатты. Қарапайым халыққа қатты болды. 1845 жылы көктем шыға Жаманқұл шешен жетпіске жуық шаңырақпен Әулиеатаға көшіп, Сиқым елінің биі Құдайменде берген жерге келіп қоныстанады. Мұндай көш-қон Қарқаралы округінде ғана емес, Арқа өңірінің барлық тұстарында болып жатты. Әдепкіде ұлықтарға жаққанымен Құсбек төре халыққа ие бола алмады, қоныс аударушылар көбейе түсті. «Міне осындай ел көшіп, Есіл жері ағып жатқан заманда Қаракесектің ішіндегі бес ата балаларының Жанқұтты бастап Сырға қайта барған да кезі болды. Бірақ бұл Абылай заңы емес еді, Қоқан күшейген, Ташкентте күшбегі отыр, қазақты керек қылған ешкім де жоқ. Оңтүстікке барған төре-қарадан тұрақты қалғандары шамалы, қайта, малынан айырылып, адамын жоғалтып, көресінді көрді» [5; 104]. Ел іші сөгіле бастады. Құсбекке қарсы шығушылар саны молыға түсті. Осы жағдайларды жіті бақылап отырған Қоқан хандығының Ташкенттегі Бегілер Бегісі оңтүстік өңірді өзіне қаратып, билігін жүргізу үшін үкім шығарады. Бұл орыс үкіметін де алаңдатқан еді. Алғашқы аға сұлтан Жамантай Кенесарыға оң қабақ танытты. Құсбек болса, елдің берекесін алды. Енді орыс өкіметі төрелерден түңіліп сайлаудың басқаша жобасын ойластыра бастады. Осы кезеңде Жақсы Жанқұтты бастаған ел жақсылары да бірлік жолында жанталаса жұмыс жүргізді. 1847 жыл Арқадан көшіп барғандарды кері қайтару мақсатында Жақсы Жәкең жиырмашақты шаңырағымен Қаратау бойына қоныстанады. Ел билеушілерімен бірнеше дүркін мәжіліс өткізіп, келісімге келеді, бәтуаласады. Осыны естіген Бегілер Бегі Жанқұттыны ұстауға үкім де шығарады. Бірақ бұл үкімнің іске аспауына Жаманқұл айрықша көңіл бөлген. Ол туралы әңгімені кейінгі мақалада айтамыз. 1847 жылы елге бет түзеген үздік-создық көшкен көштен Жаманқұлдың сырқаттануына байланысты жүзден астам шаңырақ кешеуілдеп қалады. Арасында Жақсы Жанқұтты да бар еді. 1848 жылы көктемде, алпыс екі жасында Жаманқұл Табылұлы дүниеден қайтып, Әулиеатаға жерленеді. Ел болып қырқын өткізген соң, көштің соңғы легі Арқаға бет түзейді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Артықбаев Ж.О.* История Казахстана. — Караганда, 1997. — С. 100.
- 2 *Исмаилов Е.* Ақындар. — Алматы: ҚМКӘБ, 1956. — 91-б.
- 3 Ел аузынан. — Алматы: Жазушы, 1989. — 114-б.
- 4 *Адамбаев Б.* Тозған қазды топтанған қарға жейді. — Алматы: Рауан, 1991. — 201 б.
- 5 *Артықбаев Ж.О., Жакин М.С.* Шет өңірінің тарихы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998. — 248 б.
- 6 Хан Кене. — Алматы: Жалын, 1993. — 9-б.
- 7 *Сапаралы Б.* Құнанбай қажы. — Алматы: Ер даулет, 1995. — 91-б.

М.І.Әбдуов

Жаманқұл шешеннің әдеби мұрасы

В XIX в. в казахском обществе сложилась школа риторики. Весомый вклад в ее развитие внесли ученые, исследовавшие литературное наследие, оставленное известными казахскими биями, так как в полной мере это наследие не изучено. В процессе изучения проведен литературный анализ текстов речей биев. Показано влияние бия Жаманкула на творчество казахских биев XIX в. Предложенные в статье сведения рассмотрены также с исторической точки зрения.

In the XIX century in the Kazakh society a school of rhetoric developed. Contribution to the development of this school was made by the scientists who studied the literary heritage left by well-known Kazakh biys which has not been studied fully yet. During the study literary analysis of texts of distinguished Kazakh biys' speeches was conducted. Thus the investment of Ghumankul Kazakh biys XIX century. Issued dat are analyzed from tye historic point of view.

Ө.Әбдиманұлы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы

Абайтанудың алғашқы баспалдағы

Мақала абайтану тарихына арналған. Мұнда алғашқы абайтанушылар Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтардың, Абай шығармашылығы жайындағы алғашқы зерттеу мақалалары талданып, абайтанудың қалыптасуындағы «Қазақ» газетінің ролі анықталды. Ұзақ жылдар бойы ғылыми айналымға түспеген материалдардың мәні объективті түрде жан-жақты ашылды. Ө.Бөкейхановтің Абай әдеби мұрасы жөніндегі мақаласының тарихи мәні зерттелді. Жалпы Абай шығармашылығын алғаш зерттеушілердің ізденістері мен ғылыми жетістіктері талданған.

Кілтті сөздер: қазақ тарихы, руханияттық даму, XIX ғасыр аяғы, XX ғасырдың басы, ұлылық болмыс, ұлт абызы, кеменгерлік тұлғасы, қазақтың бас ақыны, қазақ баласы, Абай шығармалары, Абай сөздері, Абай өлеңдері.

Қазақ тарихында, әсіресе оның руханияттық дамуында XIX және XX ғасырлар тоғысының орны орасан зор. XIX ғасыр аяғындағы Ұлы Абай феномені — қазақ ұлтының өркениеттік болмысындағы орны айтып болмас ұлы құбылыс. Бірақ соны тануға, тап басып айқындауға біраз уақыт қажет болды. Ал абайтануды алғаш жүзеге асырғандар XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары. Олар өздері міндет етіп алған ұлт үшін атқарылар ұланғайыр істердің бастау көзін ұлы Абайдан танып, ең алдымен, сол ұлы ұстаздың ұлылық болмысын айқындауға ұмтылды. Абайды өздері ғана ардақ тұтып қоймай, оның ұлт абызы ретіндегі кеменгерлік тұлғасын өздері айтпақшы «жұртқа», яғни көпке, танытуды мақсат тұтты.

Қазақ зиялылары ә, дегенде-ақ Абай туралы туралы келелі ойларын сол кездегі түрлі басылымдарда жариялай бастады. Оның ішіндегі елді елең еткізер, оқушылары тұшынып оқыр, рухани азығы молы да, кеңге қанат жайғаны да, әрине, «Қазақ» болды. Өзі шығып тұрған бес жылда осы басылым қазақ халқының өміріне қатысты бар мәселені қамти алды десек, артық айтқандық емес. «Қазақтағы» жарияланымдар әркелкі болғанмен, бір мүддеге бағынғанын байқау қиын емес. Газет халыққа қызмет көрсетуге жарарлық, халықтың көкейкесті ой-арманын көрсете алатын материалдарды ғана жариялап, озық үлгідегі дүниелерге ғана орын берді. Және әрбір жарияланымдағы ұлттық сипаттың айқындылығына көңіл бөлді. Соның бірі қазақ зиялыларының әдебиетке, әдеби тұлғаларға қатысты пікірлері. Ал, енді газеттегі әдебиетке қатысты мақалалардың негізгі авторлары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ө.Бөкейханов тағы шындық.

Алаш ардақтаған басылым өзінің алғашқы сандарының бірінде «Қазақ тарихы» деген мақала жариялап, онда мынадай ой айтылды: «Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ, осы ғасырдың ғылыми жарығында қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің әдет-ғұрыпқа сай «қазақ мәдениетін» құрып, бір жағынан, «қазақ әдебиетін» тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы» [1]. Бұдан біз газеттің негізгі мақсаттарының бірі қазақ әдебиетін өркендету болғанын айқын аңғарамыз.

Қазақ әдебиетінің сол дәуірдегі творчестволық проблемаларын сарапқа салып, жұрттың эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруға алғаш қадам жасаған «Айқап» журналы болса, оның артынша «Қазақ» бұл істі жандандыра түсіп, оны биік деңгейге көтере алды.

Осы тұрғыдан алғанда, «Қазақ» әдебиетіміздің озық үлгілерін насихаттауда ерекше қызмет атқарды. Көрікті де көркем жырдың шебері Абай шығармаларына айырықша назар аударуы осының бір айғағы. Әрине, газеттегі қайбір мәселе болмасын іргелі ойға қозғау салушы — бас жазушы Ахмет Байтұрсынов екендігі белгілі. Оған біз «Қазақ» газетінің бетін парактай отырып көз жеткіздік.

«Қазақ» газетінің алдына қойған көп мақсаттарының бірі түркі жұртының, соның ішінде қазақ халқының ұлы перзенттерін және олардың құнды еңбектерін еліне таныстыру болды. Мысалы, газет бетінде бір ғана Міржақыптың осы тақырыптағы бірнеше мақаласы жарияланған. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 16, 17-сандарында Ахмет Яссауи туралы, 1914 жылғы 71–73, 76, 77-сандарында Шоқан туралы жазылған құнды дүниелер жарияланған. «Қазақ» газетінің бұл тұрғыдағы қызметі тек қана қазақ ұлтынан шыққан азаматтарға ғана емес, түркінің ұлы тұлғаларының халқы үшін еткен еңбектеріне кең көлемде тоқталумен ерекшеленеді. Мысалы: «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 80, 81-

сандарында Міржақыптың «Исмаил Гаспаринский», 1913 жылғы 9-санында Тоқай туралы мақалалары шыққан. Мұндай мақалалардың өмірге келу себебі — жалпы түркі жұрты үшін аянбай қызмет еткен басқа ұлттың өкілдерінің еңбегін бағалау. Ал енді қазақ әдебиетінің ең озық үлгілерін, айтулы тұлғаларын насихаттауда «Қазақ» газетінің атқарған қызметі тіпті айрықша. Соның ең үлкен мысалы Абай сияқты ұлы тұлғаны кеңінен насихаттап, оның шығармашылығына айрықша назар аударып, терең талдау жасап, әділ бағасын беруі еді.

Қазақ сөз өнерінің «патшасы» Абай арқылы қазақ әдебиетінің өткені мен бүгінгі жайлы сөз қозғап, өлең сөздің қадір-қасиеті жайлы толғаулы ой қозғаған алғашқы мақала Ахмет Байтұрсынов қаламынан шықты. Абай туралы «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 39–41-сандарында газет редакторы Ахмет Байтұрсыновтың «А.Б.» деп қол қойған «Қазақтың бас ақыны» атты көлемді мақаласы жарияланды. Мұнда қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев туралы алғаш тереңнен тартып ой айтылған. Абай өлеңінің асыл қасиетін терең түсінген, өлең өнерінің озығы екеніне көз жеткізген А.Байтұрсынов: «Одан асқан бұрынғы-соңды заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», — деген тың да түйінді тұжырым жасайды.

Жалпы Ахмет Байтұрсыновтың өзі басқарып отырған газетінің бетінде жарияланған өлеңдерден Абай үлгісін көргісі келетіні, ақындардан сол деңгейдегі талап-талпынысты танығысы, оларды сол бағытта баптап, тәрбиелеуді мақсат тұтатыны анық сезіледі.

Ахметтің Абай шығармаларын өте жоғары қоятыны әуелден-ақ әр кезде, әр жағдайда жарияланып жүрген түрлі мақала, жазбаларынан белгі беріп қалатын. Ал мына мақала сол бір Абай жайлы толғамды ойларының түгел күйде жарыққа шығып, оның өз талап-тілегінің негізсіз еместігін дәлелдей алғанының нақты көрінісі еді.

Автор өз мақаласында бүгінгі зерттеушілеріміз көтеріп жүрген көптеген өзекті мәселелерді тілге тиек еткен. Ол Абай шығармаларының тілінің ауырлығы, мазмұнының қабылдауға қиын екендігін айтар ойға азық етіп, оны шеберлік қыры ретінде көрсете алған. «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойлап дағдыланған адамдар болмаса, біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас», — деген жолдар жоғарыдағы сөзімізге нақты дәлел бола алады.

Автор мақаласында өзі пір тұтып, талантын, дарындылық қасиетін ерекше бағалаған Абай ақынды сол заманның ақындарынан даралап көрсетеді, оның артық екенін дәлелдейді. Жалпы Ахмет Байтұрсынов қалың жұртқа Абайды таныстыру мақсатында оның шығармаларын газет бетіне жиі жариялап тұрған. Ол «Қазақ» газетін екінші Абай мектебіне айналдырды. Ахмет айналасындағы алаш зиялылары өздерінің шығармалары арқылы Абай дәстүрін әрі қарай жалғастырды.

Абайды әр қырынан ашуға тырысқан мағыналы мақалада мынадай жолдар бар: «Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет-ықыласпен күтіп алып, төр түгіл тақтан орын берген. Бірақ басқа сөзден өлеңнің таққа мінгендей артықшылығы қандай, оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен тыңдаушының көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, тыңдалып жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жазушылар болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-саран таңдама екендігі, жұрт мағыналы, терең сөзден гөрі мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа дыбысы тиіп өте шығатын жеңіл сөздерді таңдауға құмар екендігі Абайдың өлең жайынан жазған сөздерінде көрсетілген» [2]. Мұндағы Ахметтің айтпағы — Абай ақынның сыншылық көзқарасының өткірлігі мен нағыз ақынға қажетті де керекті шеберлікті толық игерген жасампаздық тұлға екендігі.

Замана ауыртпалығын, елдің басына түскен зорлық-зомбылықты терең сезініп, жүрегімен түсініп, жырлай білген Абайды «Қазақ» газетінің авторлары пір, ұлы ұстаз тұтқан.

Ахмет Байтұрсынов аталмыш мақаласында Абай өлеңдерін қабылдау қиынға соғатындығын айта келіп, «...Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас, бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған икемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағандығынан болатын кемшілік» [2], — деп бір түйіп алады. Сөйтіп, Абай сөзін ұғынудың қиындығы Абай поэзиясының жадағай жылтыр сөзден құралмай, ойлы, мағынасы тереңде жатқан сөз жүйесі болғандықтан деп біледі. Одан әрі осының бір мысалына Абайдың «Көк тұман алдындағы келер заман...» деп басталатын өлеңін алады.

*Көк тұман алдыңдағы келер заман,
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,
Сипат та, сурет те жоқ, көзім талған, —*

деп басталатын өлеңді «оқушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді», — дейді автор. Яғни, Ахмет пайымдауынша, оқырманның Абай сөздерін түсінбеуінің басты себебі, ақынның өз заманындағы талғам-танымнан озық кетіп, сол тұстағы оқырман деңгейінен ой асырып тұрғандығынан.

Асыл сөздің әрі мен нәрін тап басып танитын сөз өнерінің білгірі «Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олар сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, артықтық басқа ақындардан Абай сөзінде ғана емес, өзінде де болған» [2], — дейді. Сөйтіп Ахмет Абайдың өскен ортасына, тәлім-тәрбиесіне, өмір жолына көз жіберіп, осылардан қалыптасар адамдық болмысына ой тастап, одан туындаған пікірлерін ортаға салады.

Жалпы, Абайды күллі қазақ даласына, ел-жұртқа таныстыруда, оның шығармаларын жариялап, өнегелі де ғибратты сөздерін қазақ оқырмандарына жеткізуде «Қазақ» газетінің және оны шығарушылардың еңбегі орасан зор.

1903 жылы Абай сөздерімен алғаш танысқан Ахмет қызыға да тұщына оқи келе, құдіретті сөз иесінің кемеңгерлік болмысын байқап, байыптап, сөз асылының қыр-сырына әбден қаныққан соң, Абай өлеңдері тебіrentкен тұнық сезім мен тың ойларын оқырманмен бөлісуді қалайды. Абайдың әрқайсысы дәуір жүгін арқалаған сөз сырының құпиясына үңіліп, Абай әлемінің әсемдік сырын ашуға ұмтылады.

«Әрбір сөзі оқырманға сын» Абай ақындығының өзгелерден оқ бойы озықтығы оның өмірден түйгені мол көрегендігімен қатар, терең білімпаздығынан деп таныған Ахмет, Абай білімінің құнары еуропалық ғылым-білімде деп есептейді. Абай білімінің негізі жайлы жаза келе, «Михаэлис пен Гроссқа кез болмаса, сол күйімен, бәлки, кетер еді, қандай асыл, қандай мағыналы, қандай терең сөздер жерге көмілер еді. Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ» [2], — деген ой түйеді. Сонымен бірге Ахмет осы мақаласында «ақын шеберлігінің сыры неде?» деген сұраққа жауап іздестіреді. «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, дәмді, орынды болуына сыншылық керек, мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған». Міне, Ахмет тапқан Абай шеберлігінің сыры осыларда жатыр. Жалпы ақынға, өнерпазға тән қасиеттің бәрі бойына жинақталған Абай ақындығының табысы да, табиғи ерекшелігі де әлгі Ахаң айтқан үш нәрседен қуат алады, «сондықтан да өлеңі қай тарапынан болса да толық».

Ахмет мақаласында Абай шығармашылық тұлға ретінде толық болмысымен көрінді. Ол Абай шығармашылығының төл ерекшеліктерін нақты мысалдар, өлеңдерінде өрілген көркемдік белгілер арқылы ашып көрсете алды. Сондықтан да бұл мақала қазақ көркемсөз танымының алғашқы ірі қадамы болып саналады. Өйткені қазақ сөз өнерінде жеке ақын шығармашылығына эстетикалық талдау жасап, биік көркемдік талғамнан өткізу — онша жиі кездесе бермеген құбылыс. Қазақ әдебиетіндегі осынау сүрлеуді алғаш А.Байтұрсынов салып, әдеби шығарманы көркемдік-эстетикалық тұрғыдан талдауды қалыптастыруға талпыныс жасағаны өскен мәдениеттің белгісі.

Әрине, Ахметке дейін де баспасөз бетінде, кейбір жинақтарда Абай туралы пікірлер жарияланып тұрды. Абай ақындығына баспасөзде («Дала уалаяты», 1889, I. 48) алғаш баға берген Мәшһүр Жүсіп Көпеев. 1909 жылы Абайдың Петербургта шыққан өлеңдер жинағына Кәктай Ысқақов «Абай (Ибраһим) Құнанбай ұлының өмірі» атты алғы сөз жазды. Кәктай мұнда Абайдың ата-бабасы, өскен ортасы туралы алғаш рет толымды мәлімет береді. Және әкесі Құнанбай данышпандығы туралы қысқаша айтып өтеді. Оның Абайды тану үшін ақынның өскен ортасын білудің мәні зор екенін жақсы сезінгендігі көрінеді.

Кәктай сонымен бірге өз мақаласында Абайдың ұлылыққа тән өзгеше мінезін, ақындық лабораториясын танытуға айрықша көңіл бөледі. Бұл туралы ол: «Абай өзі өлеңінің өнер екенін біліп жаза бастаған соң бұрынғы надандықпен өлеңді өнер орнына жұмсамағандарды» қатты сынға алғанын ашық айтады. Әсіресе оның өзіндік әдеби мектеп қалыптастырғанын баса көрсетеді. Бұл туралы Кәктай былай деп жазады: «Абай жазған өлеңдерінен басқа, әншейін отырғанда көбінесе өзінің қызықты көріп, көңілі рахат болатұғыны: сөзі ұғар бала-шағасы уа ғайри жаңа талап, байыпты жас жігіттер ортасында өзге ел сөзі, шаруа сөзі сөйленбей, өзінің білгенін, сезгенін айтып, адамның адамшылығы қандай мінезбен түзеледі, қандай қылықпен бұзылады, ғылымды қалай іздеуге болады,

өмірді қалай кешірсе жөн болады, бұрын қандай ғалымдар өткен, олардың артықша айтқан сөздері қандай, әйтеуір нетүрлі нәсихатын болсын жастарға ғибрат болып, адамшылығы түзелер деген сөзді айтып отырудан қанша уақыт болса да еш жалықпай, ынталы көңілмен бек рахаттанып айтып, ұқтырып отырушы еді». Бұл Абай ортасының өзіндік сырын ашқан шындық сөз. Кәктай сонымен бірге Абай ақындығы тәлім алған негіздерге де жөн сілтеп, ол оқыған орыс-батыс ақындарының, орыс-батыс ғалымдарының атын атап, түсін түстеп беріп кетуі. Бұл дерегі мол, тарихи мәні зор нақты мәліметтер еді. Бұл туралы абайтанушы-ғалым Қайым Мұхамедханов: «Абайды танудың басы төңкерістен бұрын басталғанын және оны бірінші бастаған Кәктай болғанын көреміз» [3], — деп Кәктай еңбегін жоғары бағалайды. Бұл Абайды қазақ оқырмандарына алғаш кеңінен таныстырған сөз еді.

Ал орыс оқырмандарына Абай есімі бұдан сәл ертерек танылды. Абай өмірі мен творчествосының білгірі Қайым Мұхамедханов «Абайдың көзі тірісінде, оны орыстың оқырман қауымына тұңғыш рет таныстырған адам — Әлихан Бөкейханов» екенін айтады. «Россия. Полное географическое описание нашего Отечества» атты көп томдық кітаптың 1903 жылы «Киргизский край» деген 18-томы жарық көрді. Оның авторларының бірі Әлихан Бөкейханов «Абайға ерекше тоқтап, қазақ жазба әдебиетінің көшбасшысы» атаған. 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде 1907 жылы басылып шыққан «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического общества» деп аталатын кітапта Абай өмірбаяны басылып шыққан, авторы Ә.Бөкейханов. Абай туралы және бір мақала 1908 жылы татар тіліндегі «Уақыт» газетінің 393-ші санында жарияланды. Мақала авторы Міржақып Дулатов болатын.

Жоғарыдағы мақалалардың қай-қайсысы да өз кезегінде Абай творчествосын тануда біршама қызмет атқарғаны талассыз. Солай дей тұрғанмен де, бұл мақалаларда тарихи өмірбаяндық сипаттың бел алып жатқандығын байқау қиын емес. Оларда Абай ақындығының ерекшелігі, оның қазақ поэзиясын дамытудағы атқарар қызметі там-тұмдап сөз болғанмен де терең зерттеліп, кеңінен толғап пікір айтылған жоқ. Ендеше, шынайы әдеби талдаудан өтіп, зерделі ой, зейінді талғаммен Абай ақындығына көркемдік тұрғыдағы алғашқы әділ баға А.Байтұрсынов мақаласында берілді.

«Қазақ» газетінің тұрақты авторларының бірі — Нәзипа Құлжанова. Ол 1887 жылы Торғайда дүниеге келген. Педагог, мәдени қайраткер, журналист, аудармашы болған. Нәзипа Қостанай қаласындағы орыс-қазақ әйелдер гимназиясын бітірген. Ол «Қазақ» газетінде оқу-ағарту, мәдениет мәселесі, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің бағдарламасы туралы пікірлерін жариялап, белсенді араласып жүрген. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 101-санында «Нәзипа» деп қол қойған «Бір керек жұмыс» деген мақала жарияланған. Авторы Нәзипа Құлжанова. Мақалада қазақ жерінде әдебиет кештері және басқа да түрлі ойындар өткізу турасы сөз болады. 13 ақпанда Семей жерінде өткен әдебиет кеші және сол кештің көркіне айналған Абай туралы сөз қозғайды.

Мақаладан біз автордың көксегені халқының рухани баюы, білімді ел қатарлы болу екенін байқаймыз. «Басқа жоғары мәдениетті елдерге еліктеп біз де мәдени-әдеби кеш, жиындарды жиі ұйымдастырып тұрсақ деген ниет» деген жолдар соның айғағы. Мақаланың өн бойынан сол кезеңдегі өнер-білімге жақын, жалпы, қолына қалам ұстаған кез келген азаматтың цензурадан көздерін аша алмай қиналғанын, тілі байланғанын байқаймыз. Нәзипа Құлжанова оқырмандарға «сендер тек сол жоспарыма қосылыңдар, бірігіп жұмыс істесек алға басамыз» деген ой тастайды.

Газет әдебиетке қатысты көптеген мақалалар жариялаған. Солардың бірі газеттің 1915 жылғы № 10-санында «Қыр баласы» деп қол қойылған «Жаңа кітаптар» атты мақала. Мақаланың авторы — Әлихан Бөкейханов. Мұнда ол соңғы шыққан кітаптармен таныстырады. Таныстырып қана қоймай, олардың мазмұнын түсіндіреді, кітаптың авторы туралы бірер деректер беріп кетеді. Кітаптың жазылу жайы туралы да құнды мағлұматтарды жазады.

«Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического общества. Выпуск VIII, 1942 г. Цена 1 руб.» деп басталатын мақалада автор бұл кітаптың ұлы Абайдың ұстазы — Евгений Петрович Михаэлиске арналып жазылғандығы туралы айтады. «Бұл кітапта, — дейді Әлихан Бөкейханұлы, — Абай Михаэлиске айтқан көп сөзі болуға лайық. Михаэлис тәржіма хәлін жазған Г.Б. «Қырда жоғалатын қазақ алтыны Абайды тапқан Михаэлис». Шыныменен, егер Михаэлиспен Абай өмірде кедеспесе, Абай өз бойындағы бүкіл қабілет-дарынын аша алар ма еді. Оны осындай дәрежеге жеткізіп отырған, нағыз «Абай» қылған — Шығыс және Батыс мәдениетін, әдебиетін, ғылымын жете танып-білуі. Ал оны осы жолға түсірген Михаэлис».

Михаэлистің хаттары мен әр түрлі тақырыптарда жазылған мақалалары топтастырылып берілген бұл кітаптың қазақ жұртына берері мол екендігін Әлихан Бөкейханұлы баса айтады. Ол

мақалалардың барлығында қазақ жері, суы, жануары, Тарбағатай, Алтай тауларының ғұмырлары туралы жазылғандығы, бұл деректердің келешек ұрпаққа да қалатын мол әрі құнды дүниелер екендігін көрсетеді.

*Уай, қаным, сен денеде аз күн қонақ,
Заман жоқ көп тұруға, өмір шолақ.
Жас мезгіл екі айналмас, мойынын бұрмас,
Жұмыс ет, оқтай зырлап, қардай борап, —*

деген өлең жолдарымен аяқталған бұл мақалада өмірдің өткінші екенін, «аз ғұмырыңда оқу оқып, білім біл, еңбектен» деген ой мегзелген. Сол арқылы өсіп келе жатқан жастарды еңбексүйгіштікке, ғылым-білім жолына түсуге үгіттеу мақсаты білінеді. Жалпы, Әлихан Бөкейханұлының газет бетінде шыққан мақалалары немесе жасаған баяндамалары мен жазған дүниелерінің мазмұнына үңілсек, басым көпшілігі танымдық тұрғыда жазылған.

М.Әуезов «Аханның елу жылдық тойы» атты мақаласында газеттің мазмұнының оқырмандарға әсері туралы айта келе, былай дейді: «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын». Осы сөздерден біз газеттің авторларының еңбегін байқаймыз. Олар — өз ұлтын шексіз сүйетін, ұлттың мүддесі үшін қызмет ететін, бүкіл саналы өмірлерін сол мақсатқа жұмсап өткен азаматтар.

Абай творчествосын тану мен танытуда өзіндік орны бар мақаланың бірі — Міржақыптың «Абай» атты мақаласы. Ұлы Абайдың қайтыс болуына 10 жыл толғанына орай жазылған бұл мақаланың мынадай басты құндылықтары бар. Бірінші — Абай ақындығын, Абай мұрасын, Абайдың ұлылығын ұғынудың алғашқы соқпағын салушылардың еңбегін көрсетіп, зерттеушілер есімін нақты атаумен бағалы. Қашанда әділдік жақтаушысы, өзгенің еңбегін бағалауда тура жолдан таймайтын Міржақып осы мақаласында Абайды алғаш елге танытушы Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов екендігін айтып, оларды тұңғыш абайтанушылар ретінде бағалайды. Абай творчествосы туралы түйіндеулерінде әдебиеттің халық өміріндегі орны жайында айтқан Ахметтің қадау-қадау пікірлерін дамыта отырып, «Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны әдебиет. Жансыз тән жасамақ емес», — деп түйеді. Сондықтан да ол Абайды қазақ әдебиетінің көркі көріп, Абайдың ұмытылуы қазақ әдебиетінің ұмытылуы, жоғалуы деп санайды. Абайдың қазақ әдебиетінің алтын дінгегі екендігін, одан көз жазып қалу болашақ ұрпақ алдында кешірілмес күнә екендігін ескертеді. Ақын Міржақып Абай ақындығын терең түсініп, «әдебиетіміздің негізін қалаған бірінші кірпіш — Абай сөзі, Абай ойы боларға керек. Абайға шейін қазақ қолға алып, оқырлық шын мәніндегі қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. ...Бәлки, мұнан кейін, Абайдан үздік ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жұлдыз — Абай», — деп, Абай ақындығының әділ бағасын береді.

Автор осы мақалада Абай есімін ұмытпау тұрғысында істеліп жатқан шараларды қуана қарсы алып, сол жолда ізденіп жүргендердің ісін құптайды. Семейдегі Абай кешін өткізген оқыған қазақ жастарының ісінен игіліктің бастамасын көреді. Сөйтіп, Абайды болашақта жан-жақты таныр, Абайды жаттап өсер күннің туарына сенім білдіреді.

Адалжанды, халқының аяулы перзенті сол күндерде бүгінгінің жайын сезгендей, өз рухының халқымен бірге екендігін де ескерте кетеді: «ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер».

Міржақып атап өткен еске түсіру кеші Абай шығармаларын насихаттаудағы игілікті шаралардың бірі еді. Бұл туралы «Қазақ» газетінде «Тілші» деп қол қойған автордың мақаласы жарияланды. Онда «Бұл жағрафия жұмхриатының көші халықты сүйіндіріп, көңілін ашты: «Бізде де Абайдай данышпан адам туады екен-ау, атағы қазақ түгіл орысқа да шығып, өзі өлсе де терең ойларын, қымбат сөздерін, түрленген күйлерін жұртына мирас қылып, артына қалдырғандай» деп жұрт шаттанды», — деп жазды. «Абай туралы» баяндаманы Нәзипа ханум (Құлжанов жамияһаты) орысша оқығанын «да көрсете кетеді».

Жалпы алғанда, XX ғасырдың басында ең көп таралыммен тараған газеттің бетіндегі озық ойлы қазақ зиялыларының Абай жайлы айтылған келелі ой-тұжырымдары ұлтының ұлы рухани ұстаз туралы зерттеудің қалыптасуына жаңа жол ашты. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы абайтану дәуірі солардан бастау алады. Ол кейін кең арнаға, ұлы ағысқа айналды.

Бүгінде абайтануда тың белестерге көтерілдік десек, ол ең алдымен осы ғылымның бастауында тұрған ұлылар еңбегінің нәтижесі. Соның жемісі. Мұны еш ұмытуға болмайды. Ал, абайтанудағы

қазақ зиялыларының «Оқшау сөздері» XX ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап назардан тыс қалып келген тарихтан белгілі. Оны енді-енді байыптай бастадық. Соның бір көрінісі біз жазып отырған осынау мақала деп білеміз. Ештен кеш жақсы демей ме?! Сең қозғалды. Ары қарай іс жүреріне еш күмән жоқ. Ұлылардың ұлылығын тануға кең жол ашылғай.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ тарихы // Қазақ. — 1913. — № 3.
- 2 Қазақтың бас ақыны // Қазақ. — 1913. — № 41.
- 3 Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. — Алматы: Атамұра, 1995. — 81-б.

О.Абдиманулы

Ранние этапы становления абаеведения

Настоящая статья посвящена истории абаеведения. В ней анализируются исследовательские статьи первых абаеведов: А.Букейханова, А.Байтурсынова, М.Дулатова о творчестве Абая и определена роль газеты «Казак» в становлении абаеведения. Объективно и всесторонне раскрыто значение опубликованных материалов, которые долгое время не включались в научный оборот. Показано историческое значение статьи А.Букейханова о литературном наследии Абая. Автором отмечены и проанализированы поиски и научные достижения первых исследователей творчества Абая.

This article is dedicated to the history of Abay studies. The articles of first investigators as: A.Bokeykhanov, A.Baytursynov, M.Dulatov about Abay's art-works are analyzed in this work as well as the role of «Kazakh» newspaper in the formation of the Abay studies. Those published materials that had not been included to the scientific turnover for a long period of time are objectively and thoroughly judged. The work displays the historical significance of A.Bukeykhanov's article on the literary heritage of Abay. In general, the searches and scientific achievements of the first Abay-investigator's are observed and analyzed.

ӘОЖ 82.09

К.А.Төлеубаева, Н.М.Әбдуова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Халық ақындарының шығармаларындағы мазмұн мен формадағы сабақтастық

Көркем шығарма — бұл көркем шығармашылыққа қойылатын бүкіл талаптар өзара байланысты болып келетін өзгеше бір дүние, тұтастық. Мақалада шетелдегі қазақтың халық ақындарының шығармаларындағы түр мен мазмұн жайындағы мәселе қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде аталған көркем шығармалардың қазақ әдебиетіндегі жалпы орны анықталды. Сонымен бірге қазақ халық ақындары шығармаларының мазмұны мен түрі мәселелері қазіргі жаңаша көзқарас тұрғысында зерттелді.

Кілтті сөздер: қазақ әдебиеттану ғылымы, әдеби шығарманың мазмұны, эстетикалық идеал, суреткер, ақиқат өмір, пішін, көркем образдар жүйесі, әдеби қаһармандар, халық ақындарының мұралары, фольклорлық үрдіс, саяси ұстанымдар, фольклорлық дәстүр.

Қазақ әдебиеттану ғылымында «форманы» «пішін» деп те алып қарастырып жүр. Қай тұрғыдан алып қарасақ та, мазмұн көркем туындының ішкі дүниесі де, пішін, немесе форма, сыртқы әлпеті болып табылады. Ғалым З.Қабдолов: «Сонда әдеби шығарманың мазмұны — өз эстетикалық идеалының тұрғысынан суреткер таныған ақиқат өмір де, пішін — осы шындық тұтастырыла жинақталған көркем образдар жүйесі, яки әдеби қаһармандар өмірі екенін түсіну қиын емес» [1] деп

атап көрсетеді. Олай болса, жекелеген халық ақындарының мұраларын қарастыра отырып, мазмұн мен формадағы сабақтастық мәселесін ашу арқылы фольклорлық үрдісте қалыптасқан көркем дүниелердің болмыс-бітімін айқындауға қол жеткізеріміз хақ.

Монғолия қазақтары халық ақындарының өмір жолы мен әдеби мұрасы толық әрі жан-жақты зерттеліп болды десек, біздің тарапымыздан үлкен қателік кеткен болар еді. Олардың мұраларының жаппай жариялануына түрлі саяси ұстанымдар кедергі болды. Шығармалар алдымен сұрыптаудан өткізілді, еленді, екшеленді, сөйтіп қажеттілері ғана баспаға ұсынылды. Нәтижесінде кейбір ақындар мүлде танылмай белгісіз болып қалса, енді бірінің өлеңдері там-тұмдап қана жарыққа шықты.

Зерттеуші Қ.Қалиасқарұлы былай дейді: «Халық ақындарының жыр, шығармалары халық ортасына ауызша да, қолжазба түрінде де тарады. Олардың шығармалары өз аттарымен тараған бұл артықшылығына қарамастан, олардың творчествосын толық жинау, зерттеу, олар өмір сүрген кезеңде көбіне баспа өнері, архивті жинақтау болмауы себепті көп уақытты, түбегейлі зерттеуді қажет етеді» [2; 3].

Осы пікірді басшылыққа ала отырып айтарымыз, біріншіден, өнерпаздардың туындылары баспа бетінде толыққанды жарияланбаса да, ел ішінде ауыздан ауызға көшіп тараған екен. Түйіні, көптің көңілінен шыққан дүниенің өздігінен жойылып, жоғалып кетпейтіндігі айтылған. Екіншіден, әдеби мұралардың толық жиналып, топтастырылмауы, арнайы тапсырыстың болмағандығынан деп білуіміз керек. Оған себеп, белгілі бір деңгейде әрекет жасауға тосқауыл қойылғандығы. Үшіншіден, осы жайттерді шешуші амал, қажымай-талмай еңбек етіп, ұзақ уақыт кетсе де арнайы зерттеу жүргізудің қажеттілігі.

Осындай бағытты басшылыққа алып, жұмыс жүргізгенде, көптің ауызында есімі мен біршама мұралары сақталып қалған Бақабайұлы Ақылбай деген ақынның болғандығын айқындадық. Бір ғана толғауы енгізілген «Замана жыршылары» деген жинақта ақын туралы: «Оқымаған, сауатсыз ақын бұл ұсынылып отырған жырларын қырық, қырық екінші жылдары баласы Кәкімге хатқа түсіртіп, құпиялап тықтырып тастағаннан елге жаңадан мәлім болып отыр. Ақын ұрпақтары Қобда аймағының Бұлғын сұмынында тұрады» [3; 173],— деп жазған. Бұл кіріспе сөздің мәнісіне біз ақынның қолға түскен шығармаларын талдау барысында көз жеткіздік.

Ақылбай ақын XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы жартысында ақындық құрған өлеңдерін суырып салып айтқан, дәуір келбетін бүркемесіз ақиқатпен ашық кескіндеген, тілі өткір, ойы тапқыр шешен сөзді өнерпаз. Бұлғын өлкесінде өмір сүрген ол, өз кезіндегі ел басына түскен қиын-қыстау заманды ашына жырлайды, ақындарға тән байқампаздықпен аңғарып, олқылықтар мен кемшіліктерді өткір сынға алады. Ақты ақ, қараны қара деп нақты көрсеткен өнерпаздың бұл қылығы сол кездегі саясатқа сәйкес келмегендіктен, заманында өзінің заңды бағасын ала алмаған.

Ақылбайдың біздің қолымызға көлемі үш жүз жолға жуықтайтын жеті толғауы түсті. Олар: «Мұны айтқан Ақылбай», «Айта берсем сөзім көп», «Осыменен сап болды», «Кешірерсіз көпшілік», «Заман міне түрленді», «Білімді болсаң күндейсің», «Бұл күнде». Енді осы шығармаларына талдау жасап көрелік.

Халық ақындарының мұраларына назар аударар болсақ, дәстүрге айналған көптеген қолданыстарды аңғаруға болады. Солардың бірі ақынның өзін өзі таныстыратын, жай-күйін аңғартатын толғауы. Мәселен, танымалы ақындардың бірі Кемпірбай Бөгембайұлы өзі туралы былай деген:

*Бөгембай — әкем аты, мен — Кемпірбай,
Өзге ақын мен сөйлесем, тұрар былай.
Талабым тәңір берген таудан үлкен,
Алмаса өз бақытын қайтып құдай [4; 167].*

Мұнда ақын өзінің ақындық қабілетін жоғары деңгейге көтеріп, бағалап тұр. Мұндай мадақтау тәсілі көбінесе айтыс ақындарында жиі кездеседі. Мәселен, Біржан сал, Орынбай, Сүйінбай тәрізді тұлғаларда осы мазмұндас туындылардың бар екендігі баршаға мәлім. Біз қарастырып отырған Ақылбай ақында да осы мәндес толғау бар. Бірақ мазмұны өнерпаздың жеке басының ақындық қабілетін айқындаудан гөрі, заман көрінісін суреттеуге көбірек бағытталған.

*Бастайын бисмилла деп сөздің басын,
Көп айтып басқа сөзді не қыласың.
Нақақтан-нақақ, кеткен замандастар,
Келеді соны ойласам көзден жасым [3; 173].*

Шумақтың алғашқы екі жолынан біз ақынның діншіл, тәубешіл адам болғандығын аңғарамыз. Өйткені өлеңді Алланың атымен бастап айту осыны байқатып тұр. Ал, соңғы жолдарда, ел ішіндегі

естияр азаматтардың қуғын-сүргінге түсіп, ұсталғандығын, жауапқа тартылғандығын тұспалдап жеткізген. Осы шумақтың өзі-ақ біздің әлгідегі айтқан пікірімізге дәлел бола алады. Ақын толғауының соңғы түйіні кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық сөзінің жоғалмай сақталып қалуын тілеуі.

*Тартпаймын жалған айтып сөз күнәсін,
Қарасам дүниеге көз тұнасың.
Балалар, қалам алған жаза берші,
Артымда өзім кетсем сөзім қалсын [3; 173].*

Осы тектес тілектердің негізінен діндар ақындарға тән болып келетіндігін Ақмолла, Шәді, Шортанбай шығармаларын оқығанда байқаймыз. Мысалы, Шортанбайда:

*Атым да шықты әр тұста,
Жасым да жетті алпысқа.
Жоғалтпаса өзімді,
Жоқ қылмаса сөзімді,
Мен ризамын Аллаға! [4; 25] —*

деп келеді. Сонымен, Ақылбайдың бұл толғауынан біздің аңғарғанымыз ақынның мұсылманшылық жолды берік ұстанған, ұстанып қана қоймаған мүмкіндігінше өз шығармаларына арқау етіп, насихаттаған, Шортанбайлар тәрізді ақындар тобына жататын өнерпаз болғандығы.

Ақынның «Айта берсем сөзім көп» деген келесі толғауында ел басына түскен жан түршігерлік ауыртпалық, ақынға тән шеберлікпен, адам жанына әсер етерліктей көркем шығарылған. Жаңа қоғамның жағымсыз әрекеті толғаудың алғашқы жолдарында-ақ айқын айтылады.

*Сабаз еді бәрі де,
Шудабай, Тәшкен, Оразбек.
Қайсібірін айтайын,
Артынан кетті талай көп.
Зәре қалмай отырдық,
«Сақта, өзің құдай» деп [3; 177].*

Кеңестік кезеңінің алғашқы әкелген саясаттарының бірі — «халық жауы» деген жаламен елдің бас көтерерлерін қуғындау, жер аудару, жою болды. Бұл жағдай Қазақстан жерінде жиырмасыншы, отызыншы жылдары айқын көрініс берді. Осы саясат Монғолия қазақтарының да басынан өтті. Ал, мұндай алапат дүниенің ақындар назарынан тыс қалуы мүмкін емес еді. Сондықтан да Ақылбай:

*Қарамады кешуіндер,
Кім кісінің әліне.
Не қылығы жақпаған,
Алып кетті бәрін де [3; 174], —*

деп ашына жырлады. Жазықсыз болса да, жазаланып, мал мен мүліктің талан-таражға түсуі, сүттей ұйып отырған ортаның ойсырай талқандалуы ақын толғауында деталына дейін көрсетілген.

*«Есірку» деп ат қойды,
Мал құрауға лап қойды,
Үй-мұкамал түгел ап,
Иесіне тап қойды [3; 174].*

Мұндағы «есірку» халық жауы деген ұғымды берсе, «мал құрау» кәмпескелеу, немесе тәркілеу, деген мағынаны көрсетеді. Ақын осыны айтып келеді де, халықтың күнкөрісі болған малдың құнсызданып, зорлықпен, түкке тұрғысыз бағаға сатылғандығын, бір қойдың бір теңгеге өткізілгендігімен аңғартады.

*Айдан барын сатыпты,
Бір теңгеге бір қойды [3; 174].*

Бұл — деталь. Ал, астарында заманның ауыртпалығы, ел тіршілігінің тар қыспаққа түскендігі бейнелеген. Мұндай суретте қолданыстар, толғауда баршылық және ол ақынның шебер суреткер екендігін айқындай түседі. Сонымен, толғаудың бойынан біз ел басына түскен сұрқылтай кезеңнің суық ызғарын жан-жақты танып-білуге мүмкіндік аламыз.

«Кешірерсіз көпшілік» толғауында ақынның философиялық ой-толғауының куәсі боламыз. Тақырыбы тағы да заман ауыртпалығын жырлайтын туындының ұзын-ұрғасы 87 жолдан тұрады. Жеті, сегіз буынды жыр жолдарынан, тұратын кезекті ұйқасқа құрылған толғауда, әсіресе ел билеушілер қатты сыналған. Олардың өтірік жала жабу арқылы, талай азаматтарды ұстатып,

жібергендігі, рухани мұраларды жойып жіберу үшін барлық амал-тәсілдерді қолданғандығы анық айтылады.

*Талай жала жапты ғой,
Мұраны отқа жақты ғой,
Бәріміз де жалбардық,
Жан дегенің тәтті ғой.
Ел жамандау — жұмысы,
Беттің арын сатты ғой [3; 177].*

Толғаудың осындай тұстары Шортанбай ақынның заман ағымына байланысты айтқан ой-жүйелерін еске түсіреді. Ақыр заман болғандағы ел билеушілердің іс-әрекеттеріне екпін түсіре жырлаған ақын:

*Жөн білмеген жамандар,
Ел билеген бек болды.
Көтере алмай билігін,
Ұласқан үлкен кек болды [3; 10], —*

деп басқару жұмысына бағытын айыра алмайтын адамдардың келгендігін көрсеткен. Мұндай үндістіктердің кезігуін ел қамын ойлаған ақындардың халықшылдығынан деп түсінуіміз керек.

Толғаудың бойында халықтық философия, яғни, мақал-мәтелдермен үйлесетін иірімдер көп кездеседі. Әрине, мұндай қолданыстардан біздің аңғаратынымыз, Ақылбайдың ел әдебиетінен сусындап, өз өнерін халық фольклорымен ұштасыра дамытуында жатыр. Мәселен,

*Отырсың елдің «төрінде»,
Сол еліңнен жерінбе.
Кезігерсің айналып,
Өзің қазған көріңе [3; 177], —*

деген жолдардан «Біреуге көр қазба, өзің түсерсің» деген мақалдың көрінісі жатыр. Толғауда мақалды өзгеріссіз қолданған жолдар да кезігеді.

*Ит мінезі ұстаса,
Өтірікке жығатын.
«Тәңір алды таразы»,
Оған-дағы күн бар ғой,
Ісін-кеуіп тынатын [3; 178], —*

деген жолдардағы «Тәңір алды таразы» деген түйінді тіркес Монғолия қазақтары арасында кеңінен тараған мақал екендігі белгілі. Заманның қатал кезінде осындай ащы шындықты қаймықпай айтуға не себеп? Ақын да адам баласы емес пе? Ендеше, сақтану шарасы қайда? Мұндай сұрақтарға біз жауапты белгілі ғалым Е.Ысмайыловтың зерттеуінен табамыз: «Ақындық адамның жан дүниесіне байланысты құбылыс. Оған құмартып, жығыла берілсе, сол арман еткені ұзақ уақыт орындалмаса, сөз жоқ ол адамды ауыр азапқа салады: түс көргіш, түсінен шошынып, оянғыш болады; оған қалыпты адамда жок ерсі мінездер пайда болады, кейде есінен шатаस्कандай қылықтар да көрсетеді» [5]. Олай болса, адам ақындықты емес, ақындық адамды билейді екен. Ақындардың тайсалмай, қаймықпай сөйлеуі де, шындықты айтуы да осыған байланысты болса керек.

Ақылбайдың толғауларының құрылымы жеті, кейде сегіз буынды жыр жолдарынан тұрады дегенді айтқан едік. Бұл көріністе оның фольклорлық дәстүрді ұстанғандығын аңғартады. Ғалым З.Қабдолов: «Қазақтың тума, төл әдебиетіне келсек, оның фольклорлық үлгілердегі жеті буынды жырдан аяқ алып жүре алмайсыз. Өлеңді мақалдар мен мәтелдердің, нақылдар мен жұмбақтардың көбі жеті буында болып келеді және бұл өлшемнің ырғағы әр күйге бір түсіп, құбылып тұрады» [1; 274], — деп жазады. Ақылбай толғауларына назар аударсақ:

*Әр кеудеде мұң басқа,
Әрбір елде тіл басқа [3; 178], —*

немесе

*Кешуін жүр шапқылап,
Өсек сөзді таситын [3; 177], —*

болмаса

*Ақылға кел, кедейім,
Саған енді не дейін? [3; 174].*

Тұрғысында болып келген, яғни, жеті буынды жолдардан тұрады екен. Мұндай мысалдарды ақын мұраларынан көптеп келтіруге болады.

Түйіндей келгенде айтармыз, Ақылбай Бақабайұлы фольклорлық дәстүрді берік ұстанған, өз туындыларын халықтық әдебиеттің үрдісінде туғызған, заман тауқыметін ақынға тән шындықпен жырлаған, өз кезеңінің озық ақыны.

Әдебиет зерттеушісі Қ.Қалиасқарұлы өзінің «Халық ақындары» деген зерттеу еңбегінде: «Монғолия қазақтарының халық шежіресінде (фольклорында) көркем әдебиетіміздің көрнекті өкілі ретінде аты әйгілі болып қалған дарқан дарын иелерінің бірі XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Бөжекұлы Төлебай ақын болып табылады», — деп жазған болатын [2; 6]. Расында Монғолия қазақтары халық ақындары арасында Төлебайдың есімі ерекше аталады. Поэзиядағы дәстүрлі жанрларды дамытуда өзінің мол мұраларымен айтарлықтай үлес қосқан ол өзімен замандас өнерпаздардың көш басынан көріне білді. Жалпы монғол қазақтары әдебиетінің алдыңғы сапында Қабанұлы Тауданбек тұрса, Төлебай соның ізін баса келген ізбасары, шәкірті ретінде аталады. Өзіндік орны бар өнерпаздың мұраларын жүйелі түрде, жан-жақты зерттеу біздің басты міндеттеріміздің бірі болмақ.

Ақынның қолда бар мұраларын жанрлық тұрғыдан жүйелер болсақ, арнаулары, толғаулары, айтыстары деп топтауға болады. Арнаулары мен толғауларының негізгі тақырыптары оқу-білімге, еңбекке, сол замандағы елдің тыныс-тіршілігіне, өмірдің күнгейі мен көлеңкесін салыстыра көрсетуге арналған, оқу-білімді жырға қосқан өнерпаздардың мол екендігін көпшілік біледі. Олардың туындыларындағы басты бағыт оқып, білім алған адамның мұратына жететіндігін айта келіп, көпшілікті осы жолға үгіттеу, насихат айту болып табылады. Ал, Төлебай ақынның ерекшелігі насихаттан гөрі, білімнің ішкі мазмұнын ашуға, өзегін айқындауға айрықша мән беріп отырған. Еңбек туралы шығарған өлеңдерінде де осы тәсілді ұстанған. Мұның өзі ақынның өзге замандастарымен салыстыра қарағанда даралап көрсетер ерекшелігі болып табылады.

Төлебай ақынның толғаулары да тақырыбы жағынан сан алуан. «Төлебай деген мен едім» атты толғауында өзінің бойына қонған ақындық өнерін асқақтата дәріптеп жырға қосса, «Арығың өлсе астында» туындысында кедейліктің ауыртпалығын, қиыншылығын қынжыла отырып суреттейді, ал «Ел Алтайға көшкенде» толғауында халықтың әл-ауқаты мен тіршілік әрекетін жайлауға көшкен ауылдың тыныс-тіршілігімен бейнелейді. Ақынның көлемді толғауларының бірі «Ал, Төлебай сөйлесін!» деп аталады. Туынды жақсы мен жаманды салыстыра келіп, өмірдің өткінші екенін айтады. Сондықтан, тіршілігінде маңайыңа жақсы жағыңмен таныл деп өсиет етеді. Толғау жанры ауыз әдебиеті мұраларында кезігіп отырады. Дәлел ретінде авторы белгісіз толғауларды, шешендік сөздердегі тіл шеберлерінің айтқандарын келтіруге болады. Тіпті, көне дәуірден келе жатқан бақсылық сарындардың өзі пішімі жағынан толғау тектес. Мысал келтіріп көрейік:

*Сөздің басы бісміллә,
Бісмілләсіз іс қылма.
Бісміллә десең құдай бір.
Жын бір шайтан көрінсе,
Бір табан әрі қуай жүр [6].*

Халық ақындарында осылайша басталатын толғаулар да бар. Сондай-ақ атақты Абыздың соңына қалдырған аталы сөзі де толғау мәндес.

*Ата-ананың қадірін,
Балалы болғанда білерсің.
Ағайынның қадірін,
Жалалы болғанда білерсің [7; 17].*

Осындай толғау Қылышбай шешенде де бар екен. Дүние, жаратылыс, өмір жайлы тереңнен қозғайды.

*Адам бір көшкен керуен,
Құрармыз аз күн серуен.
Керуендей көш тартыл,
Асармыз бір күн белінен [7; 130].*

Байқасақ, толғау жанрын фольклормен сабақтастыра қарауға негіз бар екен.

Төлебай ақынның біз қарастырғалы отырған толғауы бас-аяғы 178 жолдан тұрады. Толғаудың алғашқы жолдарында-ақ біз дәстүрлі қолданыстың куәсі боламыз.

*Ал, Төлебай сөйлесін,
Алды-артына қарамай.
Алпысында шариды,
Алтыдағы баладай [3; 21].*

Толғауды бастар алдында көпшілік назарын өзіне аударту мақсатында өзінің жыр немесе өлең айтатындығын ескертіп, мұндай тәсілмен кіріспе айту көптеген халық ақындарында кездеседі. Мәселен, Әсет пен Кемпірбайдың бақұлдасу сипатындағы «Ал, енді, шіркін көрмей былпылдасын, сөзімді әшиесіз кім тыңдасын» немесе Базар жырау толғауындағы «Сөйле десең, сөйлейін, көңіліңді сөзбен делбейін!» деген тәрізді жолдар мазмұндық сипаты жағынан үндес десек те болады. Ойын жеткізер алдындағы осындай бастаулардың сипаты батырлар жырында, тарихи жырларда, дастандарда байқалады. «Қобыланды батырда» Қобыландының Қарлығашқа айтқан арнауы:

*Сонда тұрып сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Тауда болар тарғыл тас,
Қарықса шығар көзден жас...», — [8; 85]*

деп басталса, «Алпамыс батырда»:

*Байбөрі сонда сөйледі:
«Рас па сөзің алғаным,
Алаша төсек салғаным...» [8; 235], —*

деп келеді. Бұл әрине, толғаулардағы бастаумен салыстырғанда өзгеше түрде екендігін байқаймыз. Дегенмен, сөз сөйленетіндігін аңғарту рәсімі фольклорлық мұралардан жалғастылығын тауып келе жатқан дәстүрлі қолданыс деп бағам жасауға негіз бар деуге болады.

Толғаудың мазмұнындағы көзге түсетін маңызды мәселе — жақсы мен жаманды салыстыра отырып суреттеу. Мұның өзі бірнеше бағытта жүзеге асқан. Мәселен, әйелдің жақсы, жаманының болатындығын былайша суреттейді:

*Ибағатты болса әйелің,
Кетеді бетке қарамай.
Ибасыз болса әйелің,
Отырар қасыңа жоламай [3; 21].*

Отбасылық және туыстық жақындықтан адамдардың барлығын осы тәсілді қолдана отырып сипаттаған. Ұрпақ жайында:

*Жақсы туса өзіңнен,
Бетіңе кетер қарамай.
Жаман туса өзіңнен,
Өзіңді кетер санамай [3; 21], —*

деп толғаса, жиен туралы:

*Жақсы жиен бар болса,
Жәрмеңкелі базардай.
Жаман жиен бар болса,
Тозығы жеткен қағаздай [3; 22], —*

деп жырлайды. Мұндай мазмұндық сипаттағы толғау Төлебай ақынға ғана тән деп айта алмаймыз. Халық ақындары шығармашылығының басым көпшілігінде кездеседі. Сүйінбай ақынның «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері», Майлықожаның «Жақсы болса жұбайың» толғаулары біздің айтып отырған пікірімізді мақұлдай түседі. Ақындар шығармашылығында дәстүрге айналған мұндай көріністің қайнар көзі фольклорда жатыр десек қателеспейміз. Өйткені қандай жағдайда болмасын кез келген құбылыстың бағасын беру, сипатын таныту үшін қарама-қарсы дүниелерді қатар қойып, салыстыра жырлау өнерпаз үшін таптырмас тәсіл. Шығармалардағы әбден орныққан, қалыптасқан мұндай тәсілді әдебиеттануды шендестіру — антитеза деп атайды. Ал, жақсы мен жаманның қарама-қарсы құбылыстар екендігі баршаға мәлім. Батырлар жырындағы қарама-қарсы жақтың батырларын суреттегенде жағымдысын жақсы сипаттарымен, жағымсызын жаман сипаттармен бейнелейтіндігін білеміз. Тұрмыс-салт жырларындағы «Беташар», «Айт келінде» жаман келін мен жақсы келінді жарыстыра жырлайтындығы бізге таңсық емес. Сондай-ақ ертегілерде «Жақсылық пен жамандық» ертегісі де осындай негізде шығарылған. Олай болса, аталмыш тәсілдің халық ақындары мұрасында тұрақты түрде қолданысқа түсуі фольклордан бастап жалғастығын тауып келе жатқан, дәстүрге айналған құбылыс деп түйіндеуге болады. Төлебай ақынның «Ал, Төлебай сөйлесін!» толғауында осы дәстүр өзінің орында қолданысын тапқан.

Ақынның арнауларын жалпыға және жеке адамдарға шығарылған туындылар деп екі топқа жүйелеуге болады. Алғашқы топқа «Сері жігіттерге», «Замандасқа» тәрізді шығармаларын

жатқызсақ, соңғы топқа «Байғанға», «Қара Оспанға», «Мәми биге», «Саудагер Ғайноллаға» туындыларын келтіреміз.

«Сері жігіттерге» деген арнауында ақынның дәріптегені — адал еңбек. «Еңбек бәрін жеңбек» деген халық мақалымен арнаудың мазмұны үндес десе де болады. Қолы бос, кәсібі жоқ, серілік қуып кеткен жастарға тоқтау сала отырып, сол замандағы ұлттық табыстың көзі болып табылатын мал шаруашылығын мадақтай келіп, осы бағытта жұмыс жасаудың жөн екендігін айтады.

*Жігіттер, шаруа қылып мал таппайсың,
Сөзіңе қарап тұрсам бәрің байсың.
Еңбекте он екіде бір нұсқа жоқ,
Шоқпардай үкі тағып бұлақтайсың [3; 26].*

Негізінде, мал шаруашылығын дәріптеу халық ақындарының шығармашылығында кездесіп отырады. Құлыншақ Кемелұлының «Енесі жүдеп, нашарлап, ертелеп туса төл ғаріп» деп басталатын термесі осының айғағы. Қазақ халқының негізгі кәсібі малмен тікелей байланыста болғандықтан, өнер адамдарының аталмаш шаруашылықты жырлауы табиғи жайт. Оның түпқазығы да фольклорда жатыр. Төрт түлік малға байланысты шығарылған «Зеңгі баба», «Ойсыл қара», «Шопан ата», «Шекшек ата» тәрізді және тағы басқа туындылар осыған дәлел. Олай болса, бұл да дәстүрлі сабақтастықтың бір ұшы болып табылады. «Замандасқа» деген арнауында біз жоғарыда айтып кеткен жақсы мен жаман категориясы, яғни, жақсы дос пен жаман достың ара айырмашылығы ашылады. Ақын «Мәми биге» деген арнауында дәулетті байлардың да қайырымды, қайырымсыз түрлерінің болатындығын айта келіп, биді солардың соңғысына жатқызып, өткір сынға алады.

*Мәми-ау, мақтамаймын қорламасам,
Тиын пайда көргем жоқ сорламасам.
Өлеңмен тұқиянды қазар едім,
Түбінде сүйегім деп ойламасам [3; 35].*

Айтуына қарағанда ақын Мәми бимен аталас туыс. Сол ағайындылығын құрмет тұтқандықтан, қатты айтпай отырмын деп ашық айтады. Болмаса өткір тілімен асты-үстің қақтағысы келіп-ақ тұр. Десе де өз ойынан хабар беріп, кәдімгідей сес көрсетіп қояды. Ақынның өзге арнауларында да ол қылықты, жағымсыз іс-әрекеттерді, жаман қылықтарды сынау, әжуалау ерекше орын алған. Арнау өлеңдер негізінен халық ақындарына тән болғанымен, оның ұшқындары фольклорда өз қолданысын тапқан. Яғни өлеңнің бұл түрінің де түп негізі ауыз әдебиеті мұраларында жатыр десек, қателеспейміз. Мәселен, баршаға белгілі, тұрмыс-салт жырларына қатысты «Жар-жарды» алып көрелік:

*Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар!
Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар!
Әкем-ай, деп жылама байғұс қыздар, жар-жар!
Әкең үшін қайын атаң онда болар, жар-жар!*

немесе

*Шешем-ай, деп жылама байғұс қыздар, жар-жар!
Шешең үшін қайың атаң ондай болар, жар-жар!*

Ел аузында да, жинақтарда да, зерттеулерде де «Жар-жар» деп аталғанымен, мәтінің мазмұнына үңілер болсақ, ұзатылып бара жатқан қызға айтылған арнау. Енді, «Айт келіндер!» алып қаралық:

*Тәңертеңнен тұрып ап,
Құрт ұрлама, келіншек!
Өзің жатып, байыңа
Тұр-тұрлама, келіншек!*

Мұның да ішкі мазмұнына назар аударар болсақ, жаңа түскен келінге айтылған арнау екендігін көреміз. Мәтінің қай жерінен алып үзінді келтірсек те арнаудың иісі аңқып тұр. Тек қана бұл салада емес, ауыз әдебиетінің өзге салаларынан да арнаудың үлгілерін аңғаруға болады. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырындағы Қарлығаштың сөзіне құлақ түрейік:

*Сайға біткен қоқтымын,
Бөрік үстінде шоқтымын.
Көкежан қайтып келгенше,
Ел-жұртын есен көргенше,
Айтып кеткен құдайға
Қоңыр шұнақ тоқтыңмын [8; 59].*

немесе «Ер Тарғын» жырындағы Тарғынның мына айтқан сөзіне назар салайық:

*Ақжүністей жолдасым,
Қыз да болсаң мұңдасым.
Қолаң шапты, қой көзді,
Әйелде ару сен едің [8; 366].*

Фольклорлық мұралардан алынған осы үзінділердің мазмұндық сипаты арнаумен үйлесіп жатса да, оларды жеке алып, арнау жанрына жатқызуға болмайды, өйткені бұл үзінділер арнаудың бар талаптарына жауап бере бермейді. Дегенмен, халық ақындары шығармашылығының бір тобын құрайтын арнаулардың алғашқы бастау алатын үлгілері фольклордың көне жанрларында жатыр десек, артық айтқандық болмас. Осындай дәстүрге ұласқан сабақтастықтың көрінісі ел ақыны Төлебай мұраларында да бар екендігін аңғардық.

Төлебай фольклордың шағын жанрларын дамытуға шама-шарқынша өз үлесін қосқан ақын. Сөзіміздің дәлелі ретінде өнерпаздың «Аққожаның өліміне» деген жоқтау өлеңін келтіруге болады. Жоқтау — ауыз әдебиетінде қазаға байланысты қайтыс болған адамға арналған туынды. Ғалым Е.Ысмайлов: «Қазақтың жоқтау жырларының көбінде өлген адамның басынан кешкен оқиғалар жырланып кетеді» [5; 46], — деп жазады. Расында, жоқтаудың мазмұны қайтқан адамның тіршілігіндегі жасаған жақсы істерін дәріптеу арқылы, үлгілі адамның келбетін танытуға негізделген. Төлебайдың туындысында осы дәстүр өзінің сабақтастығын көрсете келіп, соңы сағынышқа, кимастыққа ұласады.

*Сен өлмедің, мен өлдім,
Сенен қалып не көрдім.
Кеше жүрген ақ төрем,
Мені тастап жөнелдің [3; 29].*

Сөйтіп, Аққожаның тіршілігінде аяулы да қалаулы болғандығын айта келіп, ажалға қарсы тұрар күш жоқ екендігін мойындайды, Алланың ісі деп түйіндейді.

*Кеше жүрген ақ төрем,
Ұқсайды менің түсіме.
Құдай басқа салған соң
Көнбедік пе ісіне [3; 30].*

Тағдырдың жазуына мойын сұну, немесе шарасыздық, ауыз әдебиетіндегі жоқтау өлеңдеріде жиі ұшырасады. «Орақ-Мамай» жырындағы Мамай қайтыс болғанда шығарылған жоқтауда да осы жайт көрініс береді:

*Сары ала туды құлаттың,
Ел-жұртыңды жылаттың.
Құдай салды, мен көндім,
Бұл сапарды ұнаттың.*

Мұндай сипатты көптеген жоқтаулардан байқауға болады. Ол жаратушыға деген сенім мен мойынсұнушылықтан туған болса керек.

Сонымен, халық ақындары мұрасындағы мазмұн мен формадағы сабақтастық мәселесіне қатысты мынадай жайттерді айтуға болады:

- халық ақындары шығармаларының мазмұндық сипаты көпшілігінде фольклордағы қалыптасқан дәстүрге сәйкес;
- формадағы үндестікті жеті-сегіз буынды жыр жолдары мен он бір буынды қара өлең туындыларын да анық аңғарамыз;
- ұйқас мәселесінде ауыз әдебиетіндегі орныққан дәстүрді берік ұстанған.

Ақынның ақындық қабілетін танытатын — поэзия. Түйіндей келгенде айтарымыз, халықтық поэзияның дамуын айрықша үлес қосқан халық ақындары, сөз құдіретін, оның ішінде поэзияның сиқырлы әлеміне бойлап бар болмыс-бітімімен түсіне білген.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері. — Алматы: Санат, 2002. — 149 б.
- 2 Қалиасқарұлы Қ. Халық ақындары. — Өлгий, 1972. — 137-б.
- 3 Замана жыршылары: Халық ақындары. — Өлгий, 1989. — 321 б.

- 4 Бес ғасыр жырлайды. — Көп томдық. — 2-т. — Алматы: Жазушы, 1984. — 248 б.
- 5 Исмаилов Е. Ақындар. — Алматы: ҚМКӘБ, 1956. — 76-б.
- 6 Радлов В. Алтын сандық. — Алматы: Ана тілі, 1993. — 94 б.
- 7 Ел аузынан: Шешендік сөздер. — Алматы: Жазушы, 1989. — 263-б.
- 8 Қазақ эпосы. — Алматы: ҚМКӘБ, 1953. — 628 б.

К.А.Толеубаева, Н.М.Абдуова

Взаимосвязи формы и содержания в произведениях казахских народных поэтов

Художественное произведение — это целостность, своеобразный мир, в котором сплетены и взаимосвязаны между собой все требования к художественному творчеству. В данной статье рассматривается вопрос о взаимосвязи формы и содержания в произведениях казахских народных поэтов в зарубежных странах. В результате исследования определено место данных художественных произведений в казахской литературе в целом. Вместе с тем вопросы содержания и формы произведений казахских народных акынов рассмотрены авторами с точки зрения современных особенностей.

A work of art is an integrity, a peculiar world in which all claims to artistic creativity are intertwined and interrelated. This article explores the relationship of form and content in works of Kazakh folk poets in foreign countries. The study defined the place of these works of art in Kazakh literature in general. At the same time the questions of form and meaning of works of Kazakh akyns are analyzed from the point of modern features.

ӘОЖ 82

С.Ысқақұлы

Іле педагогикалық институты, ҚХР

Шылбының шығармашылық шырайы

Мақала авторы акын Шылбы Көмекұлының қаламгерлік шеберлігі мен ұлт әдебиетіндегі орнын анықтау мақсатында оның ғұмырнамасына тоқталды, өлеңдерінің жанрлық сипаты мен құрылысын талдады. Қытайдағы қазақ поэзиясында өзіндік орны бар озық ойлы акын поэзиясының ерекшелігін автор нақты мысалдар негізінде әдеби-теориялық талдаулар арқылы дәлелдеді. Акын жырларындағы сыншыл реализмнің белгілеріне тоқтала келе, замана шындығын жырлаудағы өзіндік сипаттарын айқындап берген.

Кілтті сөздер: Қытайдағы қазақ әдебиеті, ағартушылық идея, халықтың санасы, оқу-ағарту, поэзиялық шығармалар, мәдениет төңкерісі, мерзімді басылымдар, отты жырлар, әлеуметтік кекесін, ащы шындық, афористік сарын.

Қытайдағы қазақ әдебиетінде ағартушылық идеяны өзінше дамытқан, халықтың санасын оятуға белсенді де өшпес үлес қосқан өз дәуірінің озық ойлы, өрелі ақындарының бірі — Шылбы Көмекұлы 1860 жылы қазіргі Шыңжаң Бұратала облысының Қосемшек деген жерінде туған. 1936 жылы Іле аймағы Күнәс ауданында дүниеден өткен. Әкесі Көмек шала сауатты болғанымен, ауыл-аймаққа инабатты, көзі ашық, сөзі өтімді адам болған. Нағашы атасы Жансейіт өз кезінде Семей қаласынан төрт жыл оқып келген оқымысты, мәдениет пен оқуға жаны құмар кісі екен. Зиялы әкенің баулуында Шылбының шешесі Дина мағлұматты, өнегелі болып өскен. Бала тәрбиесіне құнтты, көзқарақты ана Шылбыны өзі алғаш хат танытып, сауатын ашады. Шылбы жеті жастан он жасқа дейін ауыл медресесінде оқыған соң, нағашы атасы Жансейіт өз ауылында ашқан мектебінде төрт жыл оқытады. Сөйтіп, ауылда жеті жылдай оқыған Шылбы біршама жақсы діни және пәни білім алады.

«Шылбы өзінің тума зеректігі, еңбекқорлығының арқасында, есейе келе басқалардан теміршілік, зергерлік өнерді де тез үйреніп алады. Сонымен ол сол кездегі Іле аймағының саяси орталығы болған Күре қалашығынан дүкен ашып, ұсталық және зергерлік кәсібімен шұғылданады. Дарынды жас

жұмыс істей жүріп қытай, манжур және ұйғыр тілдерін де жақсы игереді. Қоғамдық-саяси өмірге де араласып, ауылдан қалаға арыз-шағым айтып келген қазақтардың талап-тілектерін Іле әкімшілігіндегі Манжур, Қытай басшыларына жеткізуге көмектесіп, ауылдағы халықтың жоғын жоқтайды, тіпті әділдік жолында білек сыбанып, күрес жасауға кіріседі. Ол өзінің саяси қағылездігі мен шешендігіне сүйеніп, талай дау-дамайда жеңіске жетіп, халыққа танылады. Солайша ол оқу-ағарту арқылы халқының білімін көтеру керек болып отырғандығын сезініп, өзі қаладан ауылға барып өз қаражатымен медресе, мектеп салдырып, оқу-ағартумен айналысады. Сондай-ақ ол өзі ел аралап жүріп, халықты балаларын медресе, мешіттерге беріп оқытуды насихаттайды» [1].

Шылбы 1919 жылы Құлжа ауданы Шолақай ауылынан медресе-мектеп салдырып, ауыл балаларын оқыта бастағанда, оның ағартушылық іс-әрекетін жақтырмаған, бір жағы бұрыннан оған өшігіп, тісін басып жүрген жергілікті мәнсаптылардың бірі Шылбыға нахақ жала жауып, Күредегі ұлыққа астыртын шағым жолдайды. Бұған иланған Күре әкімшілігі дереу қол жіберіп, мектепті бұздырып тастайды, әрі жерін тартып алады. Сонда ақын Шылбы:

*Мешіт, мектеп қираттың сарайымды,
Жаратқан көтерсе екен талайымды.
Қан құмар — қара ниет қарақшылар,
Құдайым өзі берсін сазайыңды, —*

деп өзінің қасірет кегін бейнелейді. Осыдан соң Шылбы Күре ұлығына арызданып барады. Халық наразылығынан қорыққан ұлық бұл жерді қайтарып беру жайлы бұйрық шығарады. Сонымен Шылбы қайтадан мектеп салдырады. Бұл туралы:

*Зұлымдар мәдениетті қаламадың,
Қалың шерік ауылымды қамаладың.
Мешіт, мектеп, үй-жайды құлатқанда,
Еп болды деп кей зұлым табаладың.
Қапалық-ыза кернеп жүрегімді,
Арыз айтып ұлыққа және бардым.
Бұйрық алып қайтадан келгенімде,
Табашылар жер үшін жағаладың [2], —*

дейді. Сөйтіп ол өзінің ағартушылық үгіт-насихатын және бала оқытып, білім беру жұмысын одан әрі жалғастырады.

Шылбы Көмекұлы көрнекті ағартушы әрі діндар абыз болумен бірге, XX ғасырдың алғашқы жартысындағы Қытайдағы қазақ поэзиясынан өзіндік орын алатын өресі биік, озық ойлы ақын болған. Өзінің саналы ғұмырында жазған поэзиялық шығармалары көп болған. Алайда оның бірталайы Қытайдағы аты-шулы мәдениет төңкерісі кезінде жоғалып кетті. Халық арасында таралып жүргендерінің жиналып, реттелгені де шамалы. Ақынның 1895 жылдан бері жазған шығармаларының бір бөлімі ғана Шынжаңдағы мерзімді басылымдарда жарияланды.

Шылбы Көмекұлының «Талап», «Жігіттік», «Жұрттан озған ғалымдар», «Қыз туралы», «Әйелдер жөнінде», «Шал туралы», «Кемпір туралы», «Алдамшы туралы», «Жас туралы», «Өлеңнің сыны», «Өмір сыры», «Жаз», «Ей, жаранлар», «Ғашықтарға», «Мал бітсе, ақымақ адам сөз білмейді», «Оразәліге», «Әсетті жоқтауы» атты өлең-толғаулары мен «Нәсихат» атты дастаны және басқа да туындылары бізге жетті. Шылбының әлі де қолға түспей отырған «Әтікей-Нұржекей», «Қызыл гүл», «Мәймұна», «Кәржан досым», «Қиямет ахуалы», «Хұңшы хан» қатарлы кисса-дастандары болған [3; 114]. Ақын Шылбының өмірі мен қоғамдық қызметі және шығармалары жөнінде бүгінге дейін бірді-екілі мақала жазылғаны болмаса, кемелдірек зерттеу жарық көрмеді.

Ақын жасампаздығының мазмұн айдыны біршама кең. Бастыларын айтар болсақ, қоғамдағы кертартпа әпербақандарды, олардың озбырлықтарын, надандықты, тоғышарлықты, теңсіздікті әшкерелеп, адамгершілікті, ізгілікті, талаптылық, еңбекшілдік, өнер-білім, тағы басқа жақсы қасиеттерді дәріптейді. Сондай-ақ шығармаларында ислам дінінің ереже-қағидалары, тағдырдың үкімі сияқтылар да қамтылып жатады.

Шылбы өлеңдерінде де көбінесе ағартушылық идея, ғақлиялық сарын басым болып, ақыл-кеңес, өмірдің қорытындысы арқау етіледі.

Шылбы жасаған дәуір теңсіз қоғамның тегеуріні мен езгісі асқындап тұрған, халық тұрмысы нашарлаған, қараңғылық пен надандық, теңсіздік, әділетсіздік жайлаған заман еді. Паракорлық, жемқорлық, ауыр алман-салық салдарынан жоғары үкіметке арқа сүйеген жергілікті паракор мәнсаптылар мен күн қақты қарашалар ортасында үнемі қайшылық-қақтығыстар туылып тұратын.

Мұндайда ақын халық жағында болып, олардың мұңын мұндап, сөзін сөйлейтін, туын көтеретін, талап-тілек арыз-армандарын Күре әкімшілігіне жеткізетін. Жергілікті әкімдердің әділетсіздігін, сұрқиялығын, ашкөздігін айыптап, поэзиялық уытты тілімен түйрейтін. Шылбы ұлықтан және оның орда мансаптыларынан именууді білмеген, отты жырларымен азулыларға арқасын алдырмаған өр мінезді, өжет ақын болған.

Орталықтағы шенділер мен жергілікті болыстарды қойға шапқан, жылмаңдап жемтік іздеген қорқау қасқыр мен итке теңейді.

*Қасқыр келіп жемекке қойға шабар,
Қотан ит те қасқырмен бірге талар.
Қасқырменен бірлесіп қойды жесіп,
Ертең бірдей сақ ит боп қала берер.
...Мұртын майлап, жылмаңдап, жемтік іздеп,
Қорқау қасқыр, қотан ит, әне, солар [3].*

Әлеуметтік кекесін, мысқыл басым осы жолдарда момын шаруаны тонаған озбырлардың сиқын ашы, уытты тілмен әжуалайды.

Ауылдағы атқа мінерлер мансап алар шағында Күре ұлығына қолда барын аямай пара беріп жағынатын. Жоғары өкімет те оларды бір-бірімен бәсекелестіру, қырқыстыру арқылы өз мақсаттарына жетіп отыратын. Міне, мұндай ащы шындықты ақын жасырмай айтады:

*Әр руға бір-бір болыс сайлап алды,
Гоминдаңға көп пұлымен пайда қалды.
...Мәнсап талас, жер талас анық кірді,
Өтірікке шындай болып нанып кірді.
Бір пайда бір жағынан шыға ма деп,
Араға шын бүлікті салып кірді [4; 13].*

Ақынның бұл топтағы өлеңдері сын-сықаққа бейім. Мысалы, «Мысаға» деген өлеңінде:

*Ассалаумағалайкум, Мыса қазы,
Зәңгі болар адамның ақылы азы.
Малды беріп, Қытайдан мәнсап алып,
Елге тыным қоймассың қысы-жазы [4; 158], —*

деп өз мүддесі үшін барын жұмсап, елді басынған зердесіз зәңгінің кесірін келекелейді. Енді бірде байлығы қара басынан аспаған, қалың қауымға қайыры жоқ байларды да жерден алып жерге салады:

*Дүниесі көзіне ілінбей-ақ,
Қайырымсыз мал доңыздың түгіндей-ақ.
Бір тартқан домбыраның күйіндей боп,
Ол да кетер бір күні білінбей-ақ [5; 62].*

Өмірдегі белең алып отырған келеңсіздіктерге күйінген ақын жан айқайын білдіріп мұңын шағады.

*Ел үшін дүниеде тыным тұрмай,
Наданға әуре болдым ұқтыра алмай.
О, шіркін, жүрегіме бір дерт болды,
Болысқа кегім кетті күш қыла алмай.*

Көкірегінде сәулесі жоқ жандарға сөзін ұқтыра алмаған, жоғары жікке күш қыла алмаған кейбір сәтіне ашынып, қабырғасы қайысқан, елі үшін еміренген ақынның бұл өлеңі «Мыңмен жалғыз алысқан» ұлы Абайдың «Қайран сөзім қор болды, Тобықтының езіне» деген сөзін еске түсіреді.

Кемеңгер Абайша толғанған ақын халқының тамағы тойғанына мәз болып тырп етпей ұйқыда жатқанына жаны түршігеді.

*Тамағың тойғанына масаттанып,
Өттің ғой сорлы қазақ ұйқы басып [5; 57].*

Ақын мұнда: «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық Аздырар адам баласын», — деп дана Абай айтқандай, харакет қылмай, ойсыз, күйсіз жата берсе, надандық жайлап, өзге елдің шаңына да ілесе алмай, бәрінен құралақан қалып, өмірі өксумен өте береді. Сондықтан өзге дүниеге көз тігіп, серпілу, еңбек ету, өнер-ғылым иелеу, сонда ғана озық елдер санатына жете алады деп түйіндейді.

*Талап қыл өнерсізде үйрен кәсіп,
Өнерлі халықтармен араласып.
...Жаратқан дүниені нағыз еңбек,
Ол өзі байланысты ғылымменен [6; 236], —*

дейді. Сонау меңіреу заманда тұрып, ақын бүгінгі дәуірдің өресімен тыныстас ой тастайды. Әлеуметтік, экономикалық және білім мен мәдениет жағынан артта қалған қараңғы халықтың көзін тек ғылым өнер арқылы ғана ашуға болады деп пайымдаған ақын өзінің үлгілі ісімен де, жырымен де халықты білім иелеуге, оянуға, бас көтеруге насихаттайды:

*Бір қараңғы, бір жарық кезектеу бақ,
Әшкерә тең қылмаған күн мен түнді.
Дана менен наданның парқы сондай,
Ақылменен дана білер расымды, —*

деп даналық пен надандықты қараңғы мен жарыққа теңесе:

*Жақсыдан тәлім алып, талап қылса,
Талапты ер күннен күнге өрге өрлейді.
Жігіттер талабы жоқ ақымақ болар,
Өмірі өткен сайын төмендейді.
...Еңбек қылса жетеді ер мұратқа,
Еш адам еңбектенбей сауһар таппас.
Қайратты ерден құтылмас дәулет қашып,
Ерініп еш нәрседен көңіл тартпас, —*

деп талап қылып, ерінбей еңбектенсе ержігіт мұратына жететінін, дәулет тауып, тасы өрге домалайтынын, керісінше болғанда өмірден аласасын ала алмайтынын мегзейді.

*Жігіттік дүниенің гүлі емес пе,
Жасшылық жанған отпен бір емес пе.
...Жарасар ержігітке еңбек етсе,
Не табар бекер жүріп өмір өтсе,
...Талап қыл, азаматтар жас күнінде,
Жақсылық тарапына қолың сермең [5; 48–54], —*

дейді енді бірде. Жастық көктемді мағыналы өткізудің кілті де осы еңбек пен талап деп біледі.

Ақын жастарды арлы, ақылды, шыншыл, адал, кішіпейіл, көпшіл болуға үндейді. Мына өлеңнің бағдарламалық сипаты бар:

*Жетсе де төбең көкке асып кетпе,
Көрсен де таудай пәле жасып кетпе.
Егер де жігіт болсаң сегіз қырлы,
Шыншыл бол, шыдамды бол, сасып кетпе, —*

деп, шыншылдыққа, төзімділікке, адамгершілікке үндесе,

*Алдымен көпшіліктің қамын ойла,
Мас болып қызығыңа бекер тойма
Адал бол, кішіпейіл, арынды бол,
Қырт мақтан пайда бермес оны да ойла.
...Ойламай көз алдыны алысты көр,
Көргенде, кемшілікті, табысты көр.
Бөлгендік бірді екіге ең жақсы іс,
Ар-ұят, адамгершілік, намысты көр [6; 236–237], —*

деп, көз алдыны ғана ойламай, өмірге құштарлықпен келешекке үміт артып, сеніммен қарау керектігін дәріптейді.

Жастарға осылайша жол сілтеп, үлгі көрсеткен сарабал ақын бұл орайда есерсоқ, ессіз қырсықты жігіт пен есті, талапкер, елге үлгі боларлық жігітті салыстырады.

*Жігітте де жігіт бар,
Елге жайлы көрінген.
Әдеппен сөйлеп жауабы,
Кер маралдай керілген.
Қырсықты туған біреу бар,
Үйде отырып ерінген.
Қырсығына мас болып,
От басында керілген.
...Кей жігітке қарасаң,
Үйде отырып мақтанар.
«Пәленшені құртам» деп,
Шоқпар алып аттанар.*

*Кей жігітке қарасаң,
Өмірі өтер өсекпен.
Үй қыдырып жөнелер,
Тұра салып төсектен.*

*Кей жігітке қарасаң,
Сөзі жұмсақ жібектей.
Әркімге тиер пайдасы,
Сары мойын електей.
Күннен күнге жайнайды,
Ұсталмаған кездіктей.
Ағайынға жағымды,
Қолқа бауыр жүректтей
Болмайтұғын бозбала,
Олақтар шапқан күректтей.*

Ағайынға жағымды ер-азаматты мадақтап, ұсталмаған кездікке, қолқа бауыр жүрекке балайды. От басында гуілдеген, шаруаға қыры жоқ, қыртың бозбаланы олақтар шапқан күрекке ұқсатып, сын тезіне алады.

Шылбы Көмекұлының өлеңдерінің көбі афористік сарында келіп, образды ойға, философиялық толғамға құрылады. Жасампаздыққа да жауапкершілікпен қараған ақынның өлеңге қояр талап-өлшемі де бар. Мысалы, «Өлеңнің сынында»:

*Өлеңнің биік болсын өресі де,
Тең келсін сұлулығы денесі де.
Кетпесін айдалаға сөзің қаңғып,
Айнала мықты болсын төбесі де,
Өлеңнің аша білсін ойдың көзін,
Күмістей сымға тартқан болсын сөзің
Жел болмай жауырыны жоқ жер кептірген,
Сөзіңе дұрыс келсін өз мінезің.
Ой салсын ойсыздарға өлеңдерің,
Қатесін түзетіңдер, өрендерім.
Осындай нұсқа етіп жазып қойдым,
Өлеңмен жана ма деп өз еңбегім [2; 46–58], —*

дейді. Жалпы Шылбы Абай поэзиясымен жақсы таныс болған секілді. Ұлы Абайдан үлгі алған ақын Абайдың:

*Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы, —*

деген өлеңіне еліктеп, өлеңнің өрнегі мен өрісі туралы өзінің сындарлы пікірін пайымдайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мұқаметқанұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы. — Алматы: Қаз.Ақпарат, 2000. — 268 б.
- 2 Шылбы Көмекұлының өлеңдері // Мұра. — № 2. — Үрімжі, 1982. — 114 б.
- 3 Шылбыұлы Д. Әкем Шылбы жөнінде // Іле тарихи материалдары. — 4-кіт. — Құлжа, 1988. — 108–120-б.
- 4 Өлең-жырлар. — Құлжа: Іле газеті баспа заводы, 1990. — 198 б.
- 5 Ырыскелдиев Т. Шылбы Көмекұлы және оның шығармалары жөнінде // Шалғын. — № 1. — Үрімжі, 1983.
- 6 Әдебиет оқулығы (10-кл.). — Үрімжі: Шынжаң оқу-ағарту баспасы, 1983. — 236 б.

С.Искакулы

Творческие грани поэта Шылбы

В статье исследуется биография Шылбы Комекулы, поэтическое мастерство акына и его место в национальной казахской литературе, дается анализ жанровой и композиционной характеристики стихов. Автор статьи выявляет некоторые признаки критического реализма в творчестве акына и на основе литературоведческого анализа конкретных примеров подтверждает мысль о том, что творчество Шылбы Комекулы занимает особое место в казахской прозе Китая.

In article is investigated the biography of Kazakh akyn Shylby Komekuly, akyn's literary skill and its place in the national Kazakh literature. Also there is given the analysis of some questions such as the genre and composite characteristic of verses of akyn. The author of article reveals some attributes of critical realism in creativity of akyn and on the basis of the study of literature's analysis of concrete examples confirms an idea that Shylby Komekuly takes a special place in the Kazakh prose of China.

ӘОЖ 82.09 (574)

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

«Мен өмірді жырлау үшін келгемін...»

Мұқағали Мақатаевтың туғанына 80 жыл толуына орай

Өткен ғасырдың кеменгер акыны Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылық қызметі зерттелген. Акын поэзиясындағы мәңгілік табиғат және адамзат өмірімен мәңгілік байланыс тақырыбы философиялық пафоста жырланатыны көрсетілген. Өз шығармаларында ол жоғары адами құндылыққа — адамгершілікке жасалған сатқындықты әшкерелейтіндігі жөнінде сөз қозғаған. Уақыт ырғағына дөп басып жырлай отырып, акын өз жан дүниесін, өз ойлары мен арман-мақсаттарын жырлағаны сөз болған. Жастардың болашағы жайлы жан тәнімен тебіренген акынның сөз саптаулары мен ойларының тәрбиелік маңызы зор екендігі дәріптелген. Акынның шығармашылық қызметін жалпылау негізінде оның қазіргі заманғы отандық поэзияның көрнекті өкілі екендігі жөнінде қорытынды жасалған. М.Мақатаевтың бірегей қайталанбас өлеңдері мен аудармаларын жаһанға таратуы арқылы акынды шет елдерге танымал ету қажеттігі алға тартылған.

Кілтті сөздер: қазақтың әйгілі акыны, қазақ поэзия әлемі, қазақтың ауыз әдебиеті, балалық бал дәурен, соғыс жылдары, жыр кітабы, дара дарын, жаһұт жырлар, ұлттық әдебиет, толысқан талант.

Кіріспе сөз

Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев — қазақтың әйгілі акыны. Ол қазақ поэзия әлеміне шетсіз-шексіз кеңістік пен көз сүрінген биіктік әкелген акын. Құдіретті қарапайымдылықпен «күпі киген қазақтың қара өлеңін шекпен жауып, өзіне қайтарған» акын. Кәусар сезім мен тояттамас көңіл, шалқыған шаттық пен мұңға тұнған махаббат, буырқанған шабыт пен сабырға көнбес сағыныш сыйлаған акын.

Бүгін менің туған күнім.

Ой, бәле-ай!

Мына адамдар неге жатыр тойламай?!

Банкет жасап берер едім өзім-ақ,

Тәңірдің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай, —

деген («Арыз жазып кетейін» [1; 123,124]) мәрт мінезді, өр кеуделі, от жүректі акын 1931 жылы ақпан айының 9-ы күні, Алматы облысы Нарынқол ауданының Қарасаз деген жерінде дүниеге келген. Жалғыз ұлы Сүлейменнен көрген алғашқы немересін әжесі Тиын бауырына салып, тәрбиелеп өсірген. Әкесі Сүйлемен ешкімнің ала жібін аттамаған момын кісі екен. Мінезімен ел-жұртына ұнап, шаруашылық басқарыпты. Ұлы Отан соғысы басталғанда, майданға аттанып, хабарсыз кетеді.

Мұқағалидың ақын болуына әжесі Тиын мен шешесі Нағиманың ықпалы тисе керек. Ақынның өзі айтуынша, екеуі де қазақтың ауыз әдебиетін — айтыс, дастан, аңыз-ертегіні көп білген көрінеді.

Мұқағали ауыл мектебін бітіргеннен кейін өмір қосын ерте тартады, ерте үйленіп, он тоғыз жасында әке болады [2].

Балалық бал дәурені соғыс жылдарының ауырлық-тауқыметімен тұспа-тұс келген жас жеткіншек еңбекке ерте араласып, жеті жылдық мектептің мұғалімі болады. Содан Нарынқол аудандық «Советтік шекара» газетіне орналасып, қаламгерлікке ден қояды. Мұнан соң «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің (1962–1963), «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») (1963–1965), «Жұлдыз» (1965–1972) журналдарының редакциясында, Қазақстан Жазушылар одағында (1972–1973) қызмет атқарады [3].

Жас ақынның алғашқы өлеңдері 1949 жылы аудандық газетте, 1951–1954 жылдары «Әдебиет және искусство» журналында жарияланды. Мұқағали араға он шақты жыл салып, В.И.Ленин өмірінен «Аппассионато» атты үлкен поэмамен 1962 жылы поэзия әлеміне қайта оралды. «Ильич» деп аталатын поэмалар жинағы — тұңғыш кітабы 1964 жылы жарық көрді.

Содан кейін Мұқағали мерзімді баспасөзде жиі көрініп, «Армысыңдар, достар» (1966), «Қарлығашым, келдің бе?» (1968), «Мавр» (1970), «Дариға-жүрек» (1972), «Аққулар ұйықтағанда» (1974), «Шуағым менің» (1975) атты жыр жинақтарын көзінің тірісінде жариялап үлгерді.

1991–1993 жылдары М.Мақатаевтың үш томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Шығармалар жинағының екінші томына «Шолпан» (1984) және «Жырлайды жүрек» (1989) атты кітаптарына енген өлеңдері мен поэмалары, ал үшінші томына «Өмір — өзен» (1979) атты кітабына енген өлеңдері мен поэмалары топтастырылды.

1994 жылы ақынның «Жылап қайттым өмірдің базарынан» атты жыр кітабы шықты. Бұл еңбекте Мұқағалидың бұған дейінгі басылымдарына енген, дүние салғаннан кейін әр жылдары газет-журналдарда жарияланған жаңа жырлары топталды.

2000 жылы әдебиет, өнер және сәулет саласындағы саңлақ суреткерлердің бір тобына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтарын беру туралы шешім қабылданды. Лауреат атанған саңлақтардың арасында Мұқағали Мақатаевтың есімі ерекше мақтанышпен айтылды. Марқұм бұл абыройға «Атамұра» баспасынан 1999 жылы жарық көрген «Аманат» атты жыр жинағы үшін ие болды. Бұл жинаққа негізінен бұрын шыққан екі және үш томдықтарында жарияланбаған, кейіннен табылған аманат жырлары енгізілді.

М.Мақатаевтың соңғы жылдары басылым көрген төрт томдық еңбегі (2002, 2006) тіл байлығымен тәңті етеді. Мұқағали әлемі — Жер, Планета, Адам болмысы, Тыныштық, Сенім. Әсіресе ақынның өзек жарып айтар ойы — адам тағдыры, адамның тірлігі, мінезі мен құлқы, сезімі мен түйсігі. Осының бәрін ақиық ақын жас дарынға тән қайталанбас шеберлікпен, тәңірдің таңдайынан төгілгендей поэтикалық мінсіз үйлесіммен, әр жүрекпен тіл табысар сыршыл да шыншыл сезіммен, нағыз поэзияға тән бейнелі образдармен бедерлеп, өлмес өнер деңгейінде туындатып отырды. Ол өз шығармалары арқылы қазақ поэзиясын жаңа биіктерге көтеріп, мазмұнын байытты. Оның қанатты поэзиясы қазақ халқының сезімін байытып, кісілігін биіктетіп, парасатын кемелдендіре түсті. Қазіргі жастар Мұқағали жырымен нәрестелерін бесікке бөлеп, шілдеhana тойларын өткізуде.

М.Мақатаев аударма саласында да өзіндік шеберлік-шалымымен толымды еңбектер тындыра алды. Ол әлем әдебиетінің алыптары — ағылшын Шекспирдің «Сонеттерін», америкалық Уитменнің «Шөп жапырақтарын», Италияның ұлы ақыны Дантениң «Құдіретті комедиясын» тәржімалады. Бірақ дара дарын туындыларының бағы жанған кезі кейінгі жылдары ғана.

1966 жылы жарық көрген «Армысыңдар, достар!» кітабынан

Аз мезгіл ішінде жарқын жүректің жарқылдарынан туған Мұқағали Мақатаевтың жинақтарындағы жаһұт жырлар ұлттық әдебиетке толысқан талант келіп қосылғанын тұспалдатқызды. Олардан мәңгі өмір сұлулығына сұқтанып, сырлы саз, толғақты толғам, түйін, асқақ жырлап өткен ғашық ғұмырдың кең тыныс-тіршілігінің ыстық лебі білінді. Ақын еңбектері еліміз тәуелсіздігімен қауышып, өмір сүруге құштар жандардың қатарын молайтуға жол ашты.

Мысалы, ақын «Армысыңдар, адамдар!» [4; 80,81] атты тамаша өлеңінде «өмір көктемінің» есте қаларлық жыр мүсінін тұжырымдады:

*Әрбір әрпі қанға шомған тарихыңа қараңдар,
Отырардай опат болған қала жоқ па, жарандар?
Тату-тәтті бармысыңдар, армысыңдар, Адамдар!*

*Әлем — дарқан, саялаңдар, бәріңе де орын бар.
Қорған емес, салтанатты, сәнді сарай соғыңдар.
Ей, Адамдар, сендер тату, сендер тату болыңдар!*

*Анамыз — Жер, сол Анадан жаратылды, туыстық,
Алайда біз қан да төктік, қалжырадық, ұрыстық...
Армысың, сен, арамызда жалғыз перзент —
Тыныштық!*

Осы шумақтарды оқығанда жаны жайсаң, жүрегі жылы, құшағы кең ақын үні құлағыңнан кетпейді. Біздің ойымызша, Мақатаев поэзиясының терең тамыры халық қуанышы мен қайғысында, кешегіде, бүгін мен ертеңде жатыр. Тәлімді бұл шығармашылықты ешкімнің ешқашан жатырқамасы хақ.

1968 жылы жарияланған «Қарлығашым, келдің бе?» кітабынан

Халықтың бай ауыз әдебиетімен сусындаған, ғұлама Абай поэзиясын жетік меңгерген, Қасым Аманжоловты жатқа оқыған Мұқағали ешкімге ұқсамайтын, ешкімді қайталамайтын інжу-маржан сөз өрнектерімен ерекшеленетін лирик ақын:

*Ойлы жас!
Өлең — менің бар тынысым,
Жақсы сөзім — жаны игі халқым үшін.
Атақ қуып, бақ қуып, даңқ қуып,
Біреулерден жүргем жоқ арту үшін.*

*Оңашада ойларын тыным еткен.
Біздейлердің мыңы кеп, мыңы кеткен.
Ақындар бар амалсыз бұғып өткен,
Ақындар бар ішінен тынып өткен.
Біздейлердің мыңы кеп, мыңы кеткен.*

*Бізді олардың балама біріне де,
Ұлыға да санама, іріге де.
Қалам тартқан қазақтың бәрі де ақын,
Абай, бірақ қайтадан тіріле ме?..*

*Ойлы жас!
Өлең менің сырласымдай,
Сырлассам да құмарым жүр басылмай.
Айтып өткен ақында арман бар ма
Жүрегінің түбіне кір жасырмай.*

Осы қанатты сөздерді («Адамды адам түсінбеу — бір ақырет» [4; 139, 140]) оқығанда, қазақ поэзиясына дара тұлғасымен келген, өлең патшалығында ойып алған орны бар толағай ақындарымыздың бірі де бірегейі — Мұқағали Мақатаев екенін түсінесің.

Ал мына бір жалғыз ауыз шумақты нағыз ақынның нағыз жырға берген бағасы деп білуге болады:

*Өлең деген тумайды жайшылықта,
Өлең деген тұлайды қайшылықта.
Ақын болсаң жарқыным, алысқа аттан,
Күнделікті тірлікке бой суытпа.*

Төрт жолға («Өлең деген тумайды жайшылықта» [4; 140]) осынша ойды сыйғызу, сөз құдіретін дәлелдеу, жыр қуатын осылайша аспандату — тек Мұқағалидай ақынның ғана қаламынан туатын шеберлік.

Әр уақыт, әр дәуір, әр халық өз қажеттілігіне орай, өз ақынын, өз көсемін туғызған, туғыза да береді.

Тек ерекше жаратылған кейбір адамдар ғана өткені мен болашағынан хабар алу мүмкіндігіне ие. Қазақ ондай жандарды «көріпкелі бар» деген. Мұқағалидың мына бір өлеңінен («Туады, туады әлі нағыз ақын» деген шығармасы [4; 223,224]) соның ұшқыны аңғарылады:

Иә, ерен жырдың жаратушысы Мұқағали Мақатаев шөлдеген жүректердің сусынын қандыру үшін өмір сүрген сияқты. Ұлы тұлға «Туады, туады әлі нағыз ақын» деген өз сөзінің риясыз шындығын барлығымызға дәлеледеп бергендей.

Мұқағали — өзіне дейінгі өлең өру мен жыр сомдаудағы ұлттық мектептеріміз бен ұлы дәстүрлерімізді жалғап қана қоймай, оны жан-жақты дамытқан ақын. Ол — қазақтың өлең-сөзін биік заңдарларға көтерген, жаңа кеңістіктерге алып шыққан XX ғасырдың санаулы саңлақтарының бірі. Ақынның өз сөзімен айтқандай:

Сені іздедім досымнан, қасымнан да,
Ақша бұлттан іздедім, жасыннан да,
Сен бе дедім ақ нөсер ашылғанда,
Қызыл-жасыл шұғыла шашылғанда,
Көкжиек пен көкжиек қосылғанда.
Махаббаттан іздедім, сағыныштан,
Арманымнан іздедім алып ұшқан!
Сәттерімнен іздедім жаңылысқан,
Сені іздедім жадырау, жабығыстан.

*Сені іздедім зеңбірек гүрсілінен,
Күннен, түннен, гүлдердің бүршігінен.
Қуаныштан, түршігу-күрсінуден,
Жүректердің іздедім дүрсілінен.*

*Сені іздедім сезімге у шараптан да,
Минуттерден іздедім, сағаттан да,
Сені іздедім.
Іздеймін тағат бар ма?
Сені маған егіз ғып жаратқан ба?!*

Осы өлең жолдарын («Поэзия» [4; 267,268]) оқыған кезде алып жырдың жаратылысын, жаңа қыры мен сипатын танығандай күй кешеміз.

Мұқағали өзінің қысқа ғұмырында өзіне-өзі сенген ақын. Ары таза, жаны мөлдір, жүрегі отты, рухы асқақ жырлары мен көркем дастандары — сол сенімнің жемісі.

1974 жылы жарық көрген «Аққулар ұйықтағанда» атты шығармасынан

М.Мақатаев — жалындап өткен 45 жылдық қысқа ғұмырында алдында өткен ағалары — Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Қасым Аманжоловтар сықылды қазақ тілі үшін күресін, жел бесік — мектеп қабырғасынан бастап жер бесік — қара топырақ қойнына кіргенге шейін ана тілі үшін айқасып, қазақ тілінің қайтадан алып жұлдыз — Алтын күнге айналуына өз үлесін қосқан ақын. Ол ана тілін туған Халқы мен Отанынан әсте кем санамай, осы өмірдегі бірегей үш бақытының біріне балайды [5; 18]:

*Ең бірінші бақытым —Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбаттырақ алтыннан нарқым менің.*

*Ал, екінші бақытым — Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.*

*Бақытым бар үшінші — Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
...Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ, келдағы от ал менен.*

Жалпы, Мұқағали жырлары әрқашан осындай отты да, ойлы тіл тұнықтарынан түзіледі.

1975 жылы жарияланған «Шуағым менің» кітабынан

Мұқағали Мақатаевтың қазақ поэзиясындағы соны соқпақтарының бірі де, бірегейі де — «Отаным, саған айтам» [5; 119–125] атты толғауы:

*Сонау бір бала шақтарда,
Қарлығаш қанат қаққанда,
Шілдеде, я ақпанда,
Көз жасын маған көрсетпей,
Отаным, жылап жатқанда,
Қараған толы қапталда,
Дәметіп болашақтардан,
Қараушы ем атқан ақ таңға,
Өшіруші едім өртімді,
Бауырымды төсеп ақ қарға.
Ақ қарға, я мақпалға
Отаным жылап жатқанда.*

*Қайың боп мен де бағайын,
Орманнан орным табайын.
Беймәлім мына өмірге,
Қайың көзімен қарайын.*

*Сен-дағы жерден нәр алдың,
Мен-дағы жерден нәр алдым.
Біреуден сен де жаралдың,
Біреуден мен де жаралдым.
Тілің жоқ, жанды қайың сен,
Айырмашылығым — Адаммын.*

Мұқағали өмір сүрген уақыт ішкі қайшылықтары дендеген, адамдық қасиет Алланың атымен емес, адамдардың ара қатынасымен өлшеніп, бағаланар алмағайып дәуір еді. Сондықтан ақын басқаша, жаңаша өмір сүруді аңсады. Ол өзінің айтпақ ойларын табиғатпен тілдесе отырып жеткізді.

Ақын айтып отырған «дүрбелең дүние» жаңалық емес, дүние дүние болғалы жалғасып, өсіп-өніп, дамып, жетіліп келе жатқан дүрбелең. Өлсізді әлді соғар, ақылдыны ақымақ басқарар, арлыны арсыз аяққа таптар зауалды шақтардың бәріне куә, бәріне себепкер адам біткен сол дүрбелеңді өзгертер не тындырды? Алған асуы, шыққан белесінің биігіне қуану мен арандаған апаны, қырына алған қырсығына күйінуден өзге бөтен не істеді?

Құлап жатып сүрінгенге күлетін сұмырайлар, жалаңбұт отырып жыртыққа күлетін жыртықайлар әулетін бағып-қағып, басынан сипап, өсіріп отырғандар да адамдар емес пе? Осынау ежелгі шындықты ақын қайың көзімен көрсем деп армандайды [6].

Өз өмірінің қиыншылықтары мен соққыларынан түңілген Мұқағали жараны жырмен жазды. Ақын жыр соңында:

*Жапырақ — жүрек жас қайың!
Жанымызды айырбастайық?
Адам боп жүрсең қасқайып,
Қайың боп тұрам қасқайып,
Тәуекел айырбастайық!*

*Өмірге өмір жалғасып,
Анамыз жерге жармасып,
Бірде адам, бірде қайың боп,
Сүрейік өмір алмасып... —*

дейді.

Қысқаша айтқанда, бұл өлең адам жаны мен табиғаттың байланыстылығынан туып отыр. Кеменгер ақын өзінің жанын табиғаттың тамаша көркі жас қайың жанымен ұштастырғандай.

1989 жылы жарық көрген «Жырлайды жүрек» деген шығармасынан

Адам жанының психикалық ерекшеліктерін терең білетін Мұқағали жыр кестелерінен тағлымы көп жайттерге кезігеміз. Мысалы, ақынның «Халыққа хат» [5; 324–326] атты дастанын оқып көрелік:

*Заредей қылығың жоқ мен сенбеген,
Жасудамын жаныммен көрсем деп ем.
Жасымнан жамандықты жеңсем деп ем,
Жасырмай бәрін айтып берсем деп ем.
Жамандық көре алмайсың сенсең менен,
Өзіңнің қалыбыңмен өлшенген ем,
Аманат бір өзіңе өлсем денем.
Аманат Асан — жүрек жырым-жырым,
Аманат бір өзіңе жырым-сырым,
Жолсызбен жортамын деп,*

*Орта жолда
Жете алмай жетеріне жығылды ұлың,
О, менің
Желпілдеген туырлығым!
Желбіреп, жетіле бер Туың бүгін!*

*Ой-қырыңа мың сәлем мен көрмеген,
Шөлдер менен тауларға, көлдерменен.
Құмда отырған қойшының қараша үйін,
Қайсыбір сарайлардан кем көрмеп ем.
Жетім қалған қозыға жем берген ем...
Жетіліп, жетісіп ем сендерменен,
Кешір менің жанымды емделмеген?!*

*Самал сырын жеткізіп, бұлақ сөзін,
Болсам деп ем өзіңнің құлақ-көзің.
Бастап кетті басқаға шуақ-сезім,
Шуақ-сезім — секірген лақ кезім.
Менде өзіңдей болмады тұрақ-төзім.*

*Неге бұлай?
...Білесің бірақ та өзің.
Несін білдім өмірдің, несін көрдім?
Көз жазып қалмайын деп көшіңе ердім.*

*Туған ел көз-жасы үшін кешір мені,
Кешегі жетімдер мен жесірлердің?
Ортасында өшу мен өсулердің
Таяғын тарттым талай кесірлердің,
Туған ел, сол үшін де кешір мені!*

Бұл шығарма ақын жырының лейтмотиві іспеттес. Оның халқының алдында есеп беруі. Бұны Мұқағалидың психикалық үрдістері мен қасиеттері дерсің! Өз-өзіне сын көзбен қарау деген осындай болар! [7].

Бүгінде М.Мақатаевтың шығармашылық еңбегіне тамсанбайтын, таңдай қақпайтын үлкен-кіші азамат кемде-кем. Ойын бүкпесіз білдіруде машықтанған ақын ХХІ ғасыр ұрпақтарының құрдасымын деп тегін айтпаған ғой.

1999 жылы жарияланған «Аманат» атты жыр жинағынан

Мұқағалидың суреткерлік құдіретінің кереметтігі сонша, ол санасына сәуле шашқан белгілі бір жайдың құпиясын басқаның көзіне, сезіміне ілікпеген жағын көбірек тауып, әдемі поэтикалық игілікке айналдырады. Мысалы, «Жүрек арызы» [8; 106] атты жырында ақын тәңірдің өзін таптап кетердей үн сездіреді:

*Оу, ием менің.
Өзіңнен бұрын жаралғам.
Алдымен — менмін,
Сонан соң — сенсің жаралған.
Басың мен миың, ақылың, есің, қимылың,
Аяқ пен қолың —
Барлығы менен нәр алған.*

Не деген шеберлік! Бұл жырында Мұқағали әр өлеңге дәнекер болған, көзге көрінбейтін, тек жүрекпен ғана ұғылатын рухты терең сезімге, үйлесімді нақышқа бөлейді.

Ақын поэзиясы талай жүрекке от берді. Оның өлеңдері бозбаланың жыры, бойжеткенің сыры болды. Бар қазақтың жүрегіне жол тауып, ұлысымыздың «мәңгі өлмес рухани асыл мұрасына»

айналды. Мұқағали философиялық ойларымен жан сарайыңды ашып, ішкі дүниенді дүр сілкіндіретін жыр күмбесін өз қолымен орнатып кетті:

*Батар күн,
Келер түн,
Атар таң,
Шығар күн,
Бәріңе, бәріңе, бәріңе құмармын!
Осы мен,
 осылай мәңгілік тұрармын,
Осы мен,
сірә да, өлмейтін шығармын!*

*Жақындық сеземін —
Жерден де аспаннан,
Жылылық сезінем —
Мұздардан, тастардан.
Өмірім, сірә да,
 әріден басталған,
Әріден басталып, мәңгіге тасталған.*

*Осы
 мен
 өлмейтін, өлмейтін шығармын,
Сәл ғана мызғып ап, қайтадан тұрармын!*

Әулие-ақын осындай керемет дүниелерді («Батар күн» атты өлеңі [8; 127, 128]) бізге қалдырып кету үшін тым асыққан сияқты. Мүмкін, асықпаса мәңгілік жырлары тумас па еді?

Иә, Мұқағали жүрегі тоқтағанымен, сол жүректің қалдырған жырлары мәңгілік. Себебі арқалы ақынның:

*Өкінбен, мұңайман да, өксімеймін,
Өмірім, осылай-ақ өтші мейлің.
Алайда, аласапыран тіршіліктің,
Алдында күресе алмай тек сілейдім!*

*Күнін көріп жүргем жоқ жетім құлдың,
Бірақта не бітірдім, не тындырдым.
Шөп жинаған ініне суырдайын,
Әйтеуір тіршілікке бетім бұрдым.*

*Қара саз, қара шалғын өлеңде өстім,
Қырға шығып ырысқа кенелмеспін...
Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім! —*

деген сөздері («Не пайда күрсінгеннен, өкінгеннен» [8; 99]) ойыңа оралғанда, оның жан-жүрегінен ақтарылған ақындық сыры да, өзі жырлаған таулардың аскарындай асқақ жыры да халқымыздың мәңгі өлмес киелі рухы екені есіңе түседі.

Түйін

Сөз соңында айтарымыз, М.Мақатаев — қазақ халқының Фарабиден Абайға, Абайдан Мағжанға, Мағжаннан бүгінге дейін жалғасып келе жатқан жыр көшіндегі өзіндік орны бар біртуар талант иесі.

Өкінішке орай, кезінде Мұқағалидың атақ-даңқын көре алмайтындар орынсыз ақынды кінәлады. Тұрмыс жағдайы да оңбады. Әкесі соғыста қайтыс болып, жартылай жетім өскен Мұқағали бала

кезінен қиындықты, қорлау мен мұқатуды көріп өсті. Кейін Алматыға қызметке келгенде біреулерге күнін түсіргісі келмеді. Жағынып, жағымпаздануды жаны сүймеді. Ол Құдай берген қуатты талантына сенді. Ұлы ақын қызметтің құлы, бастықтардың бағыныштысы болған жоқ. Алматыға келгенде алғашқы жұмысын істеп жүрген жері үш күн кешіккені үшін қызметтен босатты. Қазақ радиосында тағы тәртіпке бағынбай қызметті талақ етті. «Жұлдыз» журналында да ұлы дарын ұжымға сыймады.

Мұқағали нағыз шығармашылық шырқау биікке шыққан жетпісінші жылдардың басында алдымен партиядан, содан соң КСРО Жазушылар одағы мүшелігінен шығарылды. Себебі айтпаса да түсінікті. Райдан қайтпайтын бірбеткейлік мінез бен «ішкіш» деген атақ, қызғаныш, тағы да басқа орынсыз кінәлаулар осыған себеп болса керек [9].

Сондықтан ақынның заманына да, сол заманға сай туған оның адамына да өкпе-назы аз болмағанға ұқсайды.

*Құрып кетпей, жер басып тұрғаныңда
Қалай ғана жағарсың бұл қауымға?
Талай рет мойныма арқан салып,
Талай рет шақ қалдым жындануға.*

*Біле тұра бірісі білмегендей,
Теріс қарап кетеді, тілге келмей.
Жабыла кеп жармасып, олжалайды,
Жаудан түскен түйені жүндегендей.*

*Түйткіл ой жүр түнерген көкейімде,
Қайтсем екен!
Жоқ болып кетейін бе?!
Сырымды да жырымды ашпай барып,
Қалсам ба екен қап-қара тасқа айналып!*

*Қалай ғана жағармын бұл қауымға,
Бірдемесін бүлдіріп, ұрладым ба? —*

деген екен («Жер басып жүргенің бе» [10]) Мұқағали көзі тірісінде.

Қатыбас өмірдің қатыгездігін көп көрген сөз зергері таланты тау суындай тасқындап, атағы Алатаудай асқақтап тұрған шағында небәрі 45 жасында «ажал деген сұрапылдың аранына» түсіп, кете барды. Бірақ дәл осы кезден бастап М.Мақатаевтың аңызға айналған екінші ғұмыры басталып кетті.

*Ақынды ақын оятпаса, болмайды,
Ақынды ақын таяқтаса, ол — қайғы.*

*Ақынды ақын сүйемесе, болмайды,
Ақынды ақын күйелесе, ол — қайғы.*

*Ақынға ақын басынан-ақ жуық-ты,
Барлық ақын бір анадан туыпты.
Ақынға ақын адал болсын әмәнда,
Ақынға ақын арам болса, жаман да...*

*Ақынға ақын ете көрме пенделік!
Ақын, ақын! Пенделікті жөнделік! —*

деп Мұқағалидың өзі айтқандай («Ақынды ақын оятпаса, болмайды» деген өлеңі [1; 185]), оның поэзиясы өзінен кейінгі ақындарды оятып кетті. Оларды тегіс ойлантып кетті.

Иә, өмір ешқашан ұлыларды, дарындарды тірі кезінде еркелетпеген. Олардың даңқы қайтыс болғаннан кейін ғана шығады. Содан кейін ғана аялай алмағанымызға өкінеміз. Өкінішті болса да, бұл жай өмірдің жазылмаған заңына айналып кеткендей. Тек соңғы уақытта біз бір кездегі

пенделіктен кеткен кәтемізді жөндеген сияқтымыз. Өйткені ақынның аманат жырлары бізден осыны тіледі.

*Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.
Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін,
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы.*

*Аңыз ғып айтар мүмкін қылығымды,
Қылығымды ұнатқан жұлынуды.
Жақсы көрген дер мүмкін «жылынуды»
Әйтеуір, қазбас былық-шылығымды.*

*Жазылар естеліктер нешелеген,
Көрерміз оның бәрін пешенеден.
Әйтеуір, білетінім бір-ақ нәрсе —
Көшеді өлең немесе өшеді өлең! —*

деп («Жазылар естеліктер мен туралы» атты өлеңі [1; 78, 79]) көзі тірісінде-ақ Мұқағали ақынның өзі айтып кеткендей, күн күнге, жыл жылға ұласып, жылжыған сайын, өнерді құрметтейтін, поэзияның тылсым сырларын түсінетін жаңа ұрпақ өмірге келген сайын ұлы ақын тұлғасы мәңгі алдында жаңарып, қасқайып тұрады.

Мұқағали Мақатаев халықты қалай сүйсе, халық та оны сүйді. Оның поэзиясы көптің ерекше махаббатына бөленді. Ол қасиетті өнер әруағына, поэзия періштесіне айналды:

*...Қулары, таудың қызыл түлкісі дер,
Момындар, біздің үйдің кірпіші дер.
Мәңгілікке өзіммен ала кеткен,
Менің нәзік жанымды кім түсінер!?*

Сонша алып махаббат «момын үйдің кірпішінен» қанағат қайрады. Ал оның «бауырын кескілеген» «нәзік жаны», расында да, енді қайталанар ма екен?!

Сірә, Мұқағалидың жаратылыс-болмысын атақты ақын Тұманбай Молдағалиев:

*Құдайдың ерке бір ұлы еді ол,
Адамдар ішіне жіберген, —*

деп текке айтпаса керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мақатаев М. Үш томдық шығармалар жинағы. — III-т.: Өлеңдер мен поэмалар. — Алматы: Жазушы, 1993. — 344 б.
- 2 Тоқбергенов Т. Көкірегі — көктем жыр // Мұқағали. — 2008. — № 5 (29). — 24-б.
- 3 Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар: Танымдық-көпшілік басылым. — Алматы: Алматыкітап, 2006. — 206-б.
- 4 Мақатаев М. Үш томдық шығармалар жинағы. — I-т.: Өлеңдер мен поэмалар. — Алматы: Жазушы, 1991. — 368 б.
- 5 Мақатаев М. Үш томдық шығармалар жинағы. — II-т.: Өлеңдер мен поэмалар. — Алматы: Жазушы, 1992. — 352 б.
- 6 Алтысбаев Қ. Өлең мен өрнек // Мұқағали. — 2008. — № 1(25). — 36-б.
- 7 Асылжанұлы Б. Мұқағалидың лирикалық поэзиясы // Жұлдыз. — 2010. — № 10. — 179-б.
- 8 Мақатаев М. Аманат: Жыр жинағы. — Алматы: Атамұра, 1999. — 304 б.
- 9 Қауғабай О. Мұқағалидың Димекеңе мұң шағуы // Ақиқат. — 2007. — № 8. — 59-б.
- 10 Мақатаев М. Жылап қайттым өмірдің базарынан: Жыр кітабы. — Алматы: Жалын, 1994. — 105-б.

Р.С.Каренов

**«Я родился, чтобы воспевать жизнь...»
(к 80-летию со дня рождения Мукагали Макатаева)**

Исследуется жизнь и деятельность гениального поэта прошлого столетия Мукагали Макатаева. Отмечается, что в его поэзии тема вечной природы и вечная связь с человеческой жизнью имеют философский аспект. Показывается, что в своих произведениях он разоблачал предательство по отношению к высокому человеческому идеалу — человечности. Указывается, что, воспевая ритм времени, поэт воспевал свою душу, свои мысли и мечты. Обращается внимание на то, какое воспитательное значение имеют мысли и раздумья поэта, открыто говорящего о будущем нашей молодежи. На основе обобщения творческой деятельности поэта делается вывод о том, что он, несомненно, является выдающимся представителем современной отечественной поэзии. Автором выделяется необходимость знакомства читателей зарубежных стран с неординарными стихами и переводами Макатаева, распространения его творчества по всему миру.

Life and activity of the ingenious poet of last century is investigated by *Mukagali Makataev*. It is noticed that in its poetry the theme of the eternal nature and eternal communication with human life has philosophical aspect. It is shown, what in the products it exposed treachery in relation to a high human ideal. It is underlined that, singing of time rhythm, the poet sang of the soul, the thoughts and dreams. The attention to is paid what educational value thoughts and meditations of the poet openly speaking about the future of our youth have. On the basis of generalization of creative activity of the poet the conclusion that it, undoubtedly, is the outstanding representative of modern domestic poetry becomes. Necessity of acquaintance of foreign countries with not ordinary verses and transfers of *Makataev*, their distribution worldwide is allocated.

ӘОЖ 821.0

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

**Қуатты да терең ойға құрылған поэзиясы бар классик ақын
Нарманбет Орманбетұлына 150 жыл толуына орай**

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында өмір сүрген танымал ақын Нарманбет Орманбетұлының шығармашылығы жалпыланды. Оның шығармаларында өзінің өмір сүрген қиын-қыстау кезеңінің нақты бейнесі көрініс тапқан. Ақын өзі өмір сүрген уақыттағы тарихи оқиғаларға көңілі толмай, қазақ халқының жарқын болашағына сенімі көрінеді. Ақын ұлы Абайды үлгі тұтып және дәстүрлі поэзияның барлық шығармашылық тәсілдерін жақсы меңгергені белгіленген. Ақынның дидактикалық толғауына, философиялық өлеңдеріне, ұлттық бояулармен өрнектелген образдарына баға берілген. Нарманбеттің ақындық мұрасы жоғары шығармашылық және шынайылықпен ерекшеленетіні көрсетілген.

Кілтті сөздер: ел тізгінін ұстаған қайраткер, аузы дуалы, теңсіздік мәселелері, сыншыл, имандылық идеясы, шешендік, нақылдар, заман шындығы.

Кіріспе сөз

Нарманбет Орманбетұлы 1860 жылы (кейбір деректерде 1859 жыл деп көрсетілген) сол кездегі Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын өзенінің Балқаш көліне құяр ағысының бір саласы Саға деген жерде дүниеге келген. Руы Тобықты, оның ішінде Дадан, Қалдау, Балтабай болып тарайды. Абаймен аталас туыстығы бар. Нарманбеттің төртінші атасы Деріпсалды — жоңғар шапқыншылығы кезінде ерекше ерлік көрсетіп хан Абылайдан бата алған батыр.

Ақынның әкесі Орманбет ауызы алты қарыс шешен-би, ділмар, «ақылға дарқан дана» болған. Елі мен жерінің бағына, береке-бірлігіне қызмет жасаған. Сондықтан ол «Қалдау қасқыры» атанған. Ал ақынның анасы Керей Бәкі батырдың қызы Балбырауын күміс көмей әнші-ақын, тамаша ісмер болған. Орманбеттің кіндігінен 8 ұл, 2 қыз тараған [1].

1901 жылы Орманбет би қайтыс болғанда ақын баласы Нарманбет жоқтау өлеңін шығарып, әкесі жайлы былай толғаныпты [2; 37, 38]:

*Әкекем өтті-ау дүниеден,
Ақылға дархан данасы.
Ала болған жұмысты
Ебін тауып бітірген.
Оның үшін әлеумет
Алдына келіп табысқан,
Әр ауылдың аласы,
Қаракесек қадірлеп.
Қалдырмады қадірден,
Ақылының сарасы.
Орыс, ногой, сарт, қазақ,
Орын берді төрінен,
Қарқаралы қаласы...
Шаризаттан аспайын,
Өтірік мақтан қоспайын...
Абзал туған әкекем,
Екі болыс Даданның
Бірлігіне туыпты.
Ақсақ пенен Қалдардың
Ырысына туыпты.
Елінің қисық жұмысын
Мінезімен жойыпты.
Белгілі жау келгенде,
Күн бұрын алдын буыпты.
Халқыма шолпан құт болып,
Өмірінше бейкүна.
Қаріп пенен қасерге
Қастық қылып, тимеген.
Қара тастай жуанды
Қамыр қылып илеген...
Тамам таудың мықтысы
Алдына қарсы шықпаған,
Жүзін көрсе ықтаған,
Ақсақал деп сыйлаған,
Тамам елдің болысы.
Құданың берген шағында,
Басына қонған бағында,
Жұмысың қисық демеген,
Бір дуанның орысы...
Өнеріне сенімді,
Өзінің көңілі болмаса,
Ояз айтса болмаған...*

Нарманбет жасынан аталы сөзге үйір болып өседі. Ол сегіз жасынан бастап молдадан, кейінірек бір татар мұғалімнен жаңаша дәріс алады. Сауатын ерте ашқан Нарманбет сол кездің өзінде-ақ шығыс әдебиетінің бірқатар шығармаларымен танысады. Табиғатынан зерек бала жас кезінен бастап шешендік нақылдарға ден қойып, естігендерін көңіліне тез тоқып алады.

Баласының талабын байқаған әкесі Нарманбетті 14 жасында Қарқаралыға апарып, екі кластық орыс мектебіне оқуға береді. Мұнда бір ғана жыл оқуға мүмкіндігі болған Нарманбет бұдан кейінгі уақытта өз бетімен мұсылманша, орысша білім жинайды. Біраз уақыт бір орыс тілмаштан орысша сабақ алады. Өзге елдер оқымыстыларының, жазушылары мен ғалымдарының еңбектерін оқиды. Соның нәтижесінде табиғатынан зерек туған Нарманбет ел ішіне беделді, білімді азамат атанады.

Парасаттылығымен, сөз жүйесін келістіре білетін шешендігімен көзге түседі. Бозбала шағының өзінде-ақ оның «Тобықтының шегір көз шешен сарысы» деген ат алуы тегін болмаса керек [3; 123].

Нарманбеттің тұңғыш өлеңі 14 жасында дүниеге келген. Бұл Қарқаралыда ноғай көпесінің үйінде жатып оқитын кезі. Жас ақын оның өрімдей жап-жас қыздарына өлең шығарып, өнерін көрсетеді [4]:

*Ойнайды жоғарыда көкала үйрек,
Сол үйрек ойнаған соң ашыр бүйрек.
Армансыз дүниеден өтер едік,
Қол созып «қоға жайдан» алсақ сүйреп.*

Атақты Бертис бидің (ел хан Бертис деп атаған) баласы Шалқар сыншыға Орманбет балаларын сынатқанда Нарманбеттің: «Буыны жоқ былқылдақ, сүйегі жоқ сылқылдақ деген адам осы болайын деп тұр. Кісі өлтірмейді, кісіден жеңілмейді», — деп болашағын болжаған екен [5; 415]. Сыншының терең барлап айтқанындай, Нарманбет 17 жасында тілмаш, 29 жасында болыс болып сайланғанда, жұрт: «Ел ағасы болдың, енді дін тәртібін ұстауың керек», — деп ғибратты кеңес береді. Содан білімдар, ел тізгінін ұстаған қайраткер, аузы дуалы сөз ұстасы «бірәдар» атанады.

Ақынның Абайдың озық тұлғалы поэзиясымен танысуы

Нарманбет Орманбетұлы ұзақ сюжетті өлеңдер жазбаған. Сюжеті ең қысқа әдемі «Балалық күй», «Кер заман» өлеңдері. Бұдан басқа өлеңдерінің көбі әлеуметтік мотивтегі толғаулар; көңіл-күйін көрсететін элегиялар; заман, өмір, адамдардың мінез-құлқы жайындағы афоризмдер болып отырады. Нарманбетте айтыс, жоқтау, жұмбақ өлеңдер де бар. Міне, осының барлығын жинақтай келгенде Нарманбет творчествосының өрісі кең екенін көреміз [6–8].

XIX ғасырдың 80-ші жылдарының аяқ шенінде Нарманбет ғұлама Абаймен, оның озық тұлғалы поэзиясымен танысады. Абай шығармашылығы оның өмірге, өнерге деген көзқарасын өзгертеді, көңілінде өшпес із қалдырады. Абай өлеңін, оның шығармашылық өнерін өзінің бағыт сілтер нысанасы, өз өмірінің темірқазығы етіп алады.

Ақын өлеңдерінің дені Абай шығармаларының үлгісінде жазылған. Әсіресе заман шындығын, қоғамдық өмірдегі қайшылықтарды, әлеуметтік теңсіздік мәселелерін арқау еткен өлеңдерінде Абайдың шыншылдық дәстүріне тән шынайылық пен өткір сыншылдық айқын аңғарылады [9].

Нарманбет өлеңдеріндегі ағартушылық сарын, имандылық идеясы да Абай үлгісімен астасып жатыр. Ол да халықты білім алуға, ғылым үйренуге үндеді. Ақынның осы тақырыптағы көрнекті шығармалырының бірі — «Ғылым туралы» [10; 65] өлеңі:

*Бұл бала — бүгін бала, ертең дана,
Оқымаса көңіліне бітпес сана.
Адам туған баласын надан қылып
Ата-анасы болмасын жүзі қара.*

*Сегіз жастан баланы оқыт дейді,
Ғылым, өнер көңіліне тоқыт дейді.
Оқытпаса обалы ата-анаға,
Қарға қылып, қараны шоқыт дейді.*

*Оқыса бала деген сұңқар болар,
Жүзден жүйрік, мыңнан да тұлпар болар.
Қиыр ұшып, қиыннан тоят тілеп,
Көрінген жан құрметтер іңкәр болар.*

Ақын халқының ұлы болу үшін тек қана өз басының білімді болуың жеткіліксіз деп қарайды. «Қасірет — бір үлкен тау» [10; 65] атты өлеңінде:

*Тәуекел деген бір басқыш,
Тұтқасы қолға тимесе,*

*Табан тимей таясыз.
Бауырында бір кен бар –
Ғылым сабыр — сары алтын
Тәптіштеп егер білмесең,
Халыққа қалай жаясыз... —*

дейді. Нарманбеттің ойынша, ғылымды үйретудегі басты мақсат — ол алған білімінді халықтың керегіне жарату, басқаны үйрету.

Нарманбеттің «Көкті көрген көнемін», «Жасымнан көп жорттым мен жолбарыстай» сияқты өлеңдерінде Абай гуманизміне тән сипаттар мол ұшырасады. Мысалы, «Көкті көрген көнемін» [10; 66] деп аталатын өлеңінде:

*Жазасыз жанды жаулама!
Аш тазыдай жалақтап.*

*Адам ұлын құрмет қыл,
Жұртыңа түзу қызмет қыл,
Қатарыңнан озасың
Бәйгі атындай адақтап, —*

деп өзінің имандылық мұратын жайып салады.

Ақын сөздерінің бейнелілік сипатына келетін болсақ — ол аса жоғары. Мәселен, «Замана» [11; 152] атты өлеңінде:

*Бай озды, қамал бұзған батырдан да,
Ақша озды, бұл заманда ақылдан да,
Жетіліп жанның бәрі ербеңдеді,
Япырм-ау, дария тасып,
тартылған ба!?*

*Ақша озды, бұл заманда ақылдан да,
Дарақы тентек озды, мақұлдан да,
Дариға-ай, надан басып, көңіл жасып
Именшек білген адам, қатыннан да.*

*Бай озды, қамал бұзған батырдан да,
Табылмас, жау қаптаса шақырғанда,
Басы бұлбұл, аяғы дүлдүл болды,
Мақтанып, өз үйінде лапырғанда.*

*Көптен аз қорқады екен ақырғанда,
Түйме алтын түкірігі қақырғанда,
Ахуалын замананың ойлай-ойлай,
Жүрегім қарс айрылды-ау аң ұрғанда! —*

дейді. Осынау өлең жолдарындағы әлеуметтік өмірдің шындығы, қоғамдық қайшылықтың кескіні айқын да нақты. «Ақша» мен «ақыл» ұғымдарын бейнелі түрде қатар ала отырып, Нарманбет замана келбетін, адамдар психологиясын көз алдыға әкеледі.

Осы уақытта Нарманбет ақынның қоғамдағы міндетіне жаңаша, басқаша қарай бастайды. Оқуын, ізденуін күшейтеді. Өлең мен сөзге деген жауапкершілігін нығайтады. Өзінің «Ұран» [2; 41] деп аталатын өлеңінде ел азаматтарына мынадай ұран тастайды:

*Араздықты қоялық,
Арамзалық мінезді,*

*Енді тіпті жоялық!
Талапты ерге нұр жауар,
Талпынбаған не табар?
Атқарарлық жұмысты
Күнде ертеңге созбалық!
Егін салып, мал бағып,
Рызыққа тоялық!
Айдын шалқар көл болып,
Көлге түсер ел болып,
Күншілдің көзін жоялық!*

Нарманбеттің өміршең өлеңдері философиялық терең ойларға, өз өмірінде басынан кешіріп, көңіліне түйген өмірлік қағидаға айналарлық толғауларға толы. Сондай терең ойға, философиялық толғауларға толы өлеңдерінің бірі — «Ақыл бір алтынға ұқсас, доп-домалақ...» [11; 152, 153]:

*Ақыл бір алтынға ұқсас, доп-домалақ
Өлшеуін адам білмес неше қадақ.
Бас қатып, пәниді ойлап, көңіл тоқтап,
Тартып тұр әрбір іске көңіл салақ.*

*Көңілді газиз ақыл тартар төмен,
Желігер жеңілді ойлап, емен-семен,
Адамдай адам болсаң мағыналы бол,
Мақтанбай құр атаққа пәлен деген!*

*Нәпсі—жел, көңіл — өзен толқын ұрған,
Ми — патша, ақыл — дария кеңес құрған;
Тауфиқсыз ақыл мақұл болмайды екен,
Білмесең — құр суретсің бекер тұрған.*

*Жігіттер, халал қандай, харам қандай?
Пайда тұрсын, басыңа залал қандай?
Арамдық ақырында ақсатады,
Табанға темір тікен қадалғандай.*

*Дос қандай, дұшпан тұрсын, темір қандай?
Жазасыз жанға істеген жәбір қандай?
Аллаға тәуекел деп, көңіл қойып,
Көк құласа көтерген сабыр қандай?*

*Залым тұрсын, молда мен момын қандай?
Көлді құртып тоймаған обыр қандай?
Жігіттер, тәубе-тауфиқ тазартады,
Күнінде ақ сабынға шомылғандай.*

Осы өлең ақынның отыз жасар шағында (1890) жазылған. Бұл жолдар Абайдың үлгісімен, тәсілімен дүниеге келді деуге болады.

Ақынның шығармашылық өнерінің шарықтау кезеңі

Нарманбеттің алғашқы өлеңдері жастық өмір, махаббат тақырыптарына арналған («Бірінші хат», «Екінші хат», «Ғазал», «Шалдың мазағы», тағы басқалар). Бұл өлеңдерінде оның сөзге еркін, нәзік жанды, сезімді аса тапқыр екендігін көреміз. Мәселен, «Бірінші хат» деген өлеңінде [12; 37]:

*Алтын бас қалқам, ақ маңдай,
Қаһарлы жүзің сауһардай.*

*Оймақ ауыз, ақша бет,
Пісте мұрын, жез таңдай.
Таразы бойың,
Таптырмас ойың,
Дәл қандай. —*

деп ақын сыртқы сұлулықты айтумен өзінің ішкі сезімін білдіріп отыр. Ал оның терең тебіреніске құрылған, елдік пен ездікті салыстыра көрсететін ойшыл өлеңдері 40 жасқа келген шағында туа бастайды.

Сонымен, 1900 жылдардан кейінгі уақыт — Нарманбет Орманбетұлы шығармашылық өнерінің шарықтау кезеңі. Бұл жылдардан бастап ақынның жазғандары тақырыбының кеңдігі жағынан құнды да мәнді. Осы уақытта ол біраз қиыншылықтарды бастан кешіреді. 1900 жылы Қасым, Мұса атты екі өнерпаз інілері дүниеден өтеді. Бір жылдан соң әкесі қайтыс болады. Бұған қоса ағайын арасының араздығы күшейіп, ел ішінде дау-тартыс молаяды. Өз ауылы жұтқа ұшырап, дәулеті кемиді. Осыған байланысты «Ала болса ағайын» [11; 159] атты өлеңі туады:

*Ала болса ағайын,
Мінезде болмас тағайын.
Туысқан болса ақылсыз
Кіре ме қайрат жақынсыз
Жау болғанда маңайың.*

*Жалшың жүрсе жалқаусып,
Сырттан ұрлап аңқаусып.
Жанама көршің және қас
Көңілі ояу, көзі мас
Үйіңді үнтер малайың!*

Патша үкіметінің аграрлық саясаты нәтижесінде XIX ғасырдың аяғында орыс шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуы бұқаралық сипат алды. Қазақ еңбекшілерінің жерлерін басып алу кеңінен жүргізілді. Қазақ шаруаларын тонауды патша үкіметі «қоныстанушы», «жер қоры» деп аталатын желеумен іске асырды.

Ресей патшасының тарапынан қазақ даласына жүргізілген отарлау саясаты Нарманбетке қатты әсер етті. Ол «Аждаһаның аузында» [11; 153,154] деп аталатын өлеңінде отаршыл патша үкіметін жер жаһанды жалмаған айдаһарға теңейді:

*Аждаһаның аузында
Айрылып қалдық қоныстан,
Бекіліп мизам шықпай тұр,
Әлі бізге Орыстан.
Қазақтың жолы тарайып,
Нәпсілері қарайып,
Әділеттік азайды —
Би, старшын, болыстан.
Малды кісі би болып,
Белгілі жақсы жүн болып,
Жанның бәрі тең болып,
Көнбеймін деп тырысқан.*

Бұл өлең 1903 жылы жазылған. Дәл осы уақытта (XX ғасырдың басында) шаруалардың Ресейден Қазақстанға шұбыруы бұрынғыдан да күшейе түсті. Түркістан генерал-губернаторының толық емес дерегі бойынша, бір ғана Жетісу облысына 16 мың отбасы көшіп келіп қоныстанса, 1905 жылы олардың саны 28 мыңға жеткен. Осындай жағдай Қазақстанның басқа өлкелерінде де байқалды [13; 127].

Мұндайды көзімен көріп, жүрегімен сезіне тұрып, ақын қарсыласарға амал таппайды. Халқының берекесін сақтап қалудың жолын іздейді. Айналасынан жақсылықтың нышанын көре алмай, рухани сергелденге түседі [3; 124].

XIX ғасырдың ақыры мен XX ғасырдың басы жалпы Еуропадағы империализм заманының басталған дәуірі еді. Халықтар өмірінде жаңа қозғалыс заманы басталды. Осы жағдайды ескере отырып, Нарманбет туған халқына болашаққа қарай жөн сілтеуді арман етті. Мұны өзінің ақындық, азаматтық борышы деп түсінді. Қоғамдағы залалдың барлығын надандықтан көрді. 1905 жылы жазылған «Қазақ ұлы біз тұрмыз» [11; 154,155] деген өлеңінде:

*Қазақ ұлы біз тұрмыз,
Үлгі, өнерден тым құрмыз.
Сауынға бар, санда жоқ.
Надандықты емдеткен,
Қисық жолды жөндеткен,
Тым болмаса қам да жоқ.
.....
Артта қалған өрнек жоқ
Көрге барсақ ермек жоқ,
Жарық, сәуле, шам да жоқ.
Азбандай дуга ілестік,
Бұқадай бұға сірестік,
Қызық түгіл шаң да жоқ, —*

деп жалпы қазақтың қараңғы қалып бара жатқанына қатты өкінетінін білдірді.

Ақын қоғамдағы әділетсіздікті түзету үшін күресті. Кемшіліктерді көрсете отырып, жақсыдан үйренуге шақырды. Ағартушылық бағыт тұтынды.

Ол кемеңгер Абай айтқан «Қалың елін, қазағын, қайран жұртын» жанымен сүйді. Оның жарқын келешегі — жастарына үмітпен қарады. Жастардың келешегіне үлкен үмітпен қарағанын «Жастарға» деген өлеңі толық аңғартады. Аталған өлеңде жастарға ескерту жасап, ақыл айтады. «Халқымыздың сәуле алатын жарығы болуға тырысайық, ол үшін сегіз қырлы, бір сырлы болайық, менмендіктен, шуылдаған пайдасыз бос жүрістен қашайық», — деп ой түйеді [14; 47].

Сонымен, Нарманбет ар-ұжданды ақтау үмітін өзінің жаны сүйген адамдарына — жастарға артады. Оны ақынның «Жастарға» [15; 110,111] деген өлеңінің мына жолдарынан аңғарамыз:

*Ізденіп ғылым жаққа жақындатық,
Бос жүріп бекер іске шатылмалық.
Үкімет ашып отыр әр түрлі өнер,
Не керек бейқам жатып, қапыл қалып.
Болғанда білім — дария, ақыл — қайық,
Мініп ап етек, жеңді батырмайық.
Парасат, білім, ғылым, тәртіпті өрнек,
Осыдан басқаларға шатылмайық.
Жақсы сөз — жан елітер көңіл құсы,
Жаманның насихат сөз емес досы.
Елігіп әсем жігіт тыңдай ма деп,
Ойланып бәйіт еткен себебі осы.*

Екі ғасырдың арасындағы қазақ даласының шындық өмірі Ресейдегі жалпы жағдаймен байланысты, қайшылығы мол дәуір болды. Осы кезде Еуропада, Ресейде болып жатқан толқындар бүкіл Шығыс елдерін толық шарпуына алды. Әсіресе Ресейдегі 1905 жылғы революция ұлттардың шаруашылық, саясат, мәдениет өмірінде үлкен өзгеріс тудырды. Осы жалпы өзгеріс ұлттық ояну қимылына Нарманбет те араласты [12; 32].

Ақын 1905 жылғы революцияға байланысты жалпы ояну сарынымен өзінің «Сақараға қарасақ...» [11; 154] атты толғауын шығарды:

Сақараға қарасақ,
 Жайылған қойдай халайық.
 Бейғамына қарасақ —
 Қасқыр жеуге лайық.
 Көңіл сезді көз көріп,
 Айтпай қайтып шыдайық!
 Жау жағадан алқымдар,
 Бөрі етекпен тақымдар —
 Бұған ылаж қылайық!
 Балаларды оқытып,
 Көңіліне өнер тоқытып,
 Талап қылып сынайық!
 Адал ниет, ақ кәсіп,
 Үйде отырып қорланбай
 Ашық тұр зой кең есік —
 Кіріп хаққа жылайық!
 Қаршыға аңдыр қоянды,
 О да шошып оянды,
 Талап етер күн туды,
 Кел, ұйқыдан тұрайық!

Бұл өлеңде 1905 жылдары Нарманбеттің қандай бағыт ұстағандығы айқын көрініп тұр. Орыс революциясы оған елеулі әсер етеді. Егер бұған дейін ол негізінен махаббат лирикасы және надандық пен қараңғылықты, ел ішіндегі шонжарлардың зорлықшыл қылықтарын әшкерелейтін өлеңдер ауқымынан аспаса, енді оның творчествосында бүкілхалықтық мәні бар әлеуметтік мәселелер көтеріледі. Ақын патша үкіметінің отаршылдық саясатын, қазақ шонжарларының, орыс шенеуніктерінің озбырлық істерін әшкерелейді.

Ақынның заманның азғанын, заңның тозғанын терең толғауы

Нарманбеттің зар замандық мотиві өзінен бұрынғы ақындардың (Бұқар жырау, Дулат, Шортанбай, Мұрат) идеялық сарынымен байланысты болғанымен, оның творчествосы жаңа дәуірдің тұсындағы шындықтың айнасы.

Ақынның отарлау саясатына қарсы шығарған ең көлемдісі де, мәндісі де «Сарыарқа» [15; 94–96] атты ұзақ туындысы. Бұл өлең патша үкіметінің қазақ жерін отарлау саясатын түбегейлі жүзеге асыру үшін Столыпин реформасын шығарып (Столыпин 1906 жылы 9 қарашада шаруаларды қауымнан хуторға бөлу туралы жаңа жер иелену заңын шығарды), бұқара көпшіліктің соңғы қалған жерін күшпен тартып алып, оларды өскен жерінен айырған кезінде жазылған.

Столыпиннің аграрлық саясаты Сібір мен Қазақстанға орыс шаруаларын жаппай қоныстандыруды көздеді. Егер 1893–1905 жылдар аралығында, яғни 12 жылда, Ресейден қоныс аударғандар үшін қазақтардан 4 миллион десятина жер алынса, одан кейінгі жеті жылда (1906–1912 жылдары) 17 миллионнан астам десятина жер тартып алынды [13; 132]. Осындай патша отаршылдарының бассыздығынан туып отырған қазақтың қасіретін Нарманбет Орманбетұлы көрмей, көргенін ашына жырламай отыра алмады:

Қалмады, ей, Сарыарқа, сенде қызық,
 Сандал тау, сары өлкені алды мұжық.
 Қолыңнан келер де жоқ, өнер де жоқ,
 Баласы байғұс қазақ қалдың мыжып.
 Әлі де қоймадың ба, халқым, мыжып?
 Жұлын сау, омыртқаны қойды мұжып!
 Жолым тар, жолбарыстай жорта алмаймын,
 Айтуға мүмкін емес бәрін тізіп.
 Таптадық Сарыарқаны неше жүз жыл,
 Байы жоқ, баласы жоқ сонда да тұл.
 Ерініп еңбек қылмай, егін салмай,

*Халыққа қала салған боламыз құл,
Кең дала, кеткенің бе кер бетеге,
Бұл жерде бала туып ер жете ме?
Суырдай іннен шыққан сүмірейіп,
Дарига-ай, мекенінен ел кете ме?*

Қазақ ақындарының ешқайсысы да дәл сол Столыпіндік реакция жылдары Сарыарқа шындығын зор заманның артқы ақыны Нарманбет сияқты поэзия өрнектеріне түсіре алмады. Сондықтан отарлау саясатының сұрқия табиғатын ашуда ол алдына жан салмады десек қателеспейміз.

Зар заман Нарманбетке келгенде жоқтау болып кеткен. Өзінің мақсаты жоқтау болғандықтан, сол үлгіден ауыспай отырып ақын:

*Бай бар ма баяғыдай қарқылдаған,
Асы мол, аты тегін тартылмаған?
Алдыңнан атыңды ұстап құрмет еткен.
Жайдары жеңгең бар ма жарқылдаған?*

*Пайдалы байлығы көп дария бар ма?
Сыбырсыз сырын айтқан жария бар ма?
Аузынан ая толым қақырық тастап,
Батагөй, басалқы айтқан қария бар ма?
Қең сарай исі жұпар үйің бар ма?
Ұйқы тыныш, уайымсыз күйің бар ма?
Теңгеріп қор мен зорды бірдей тұтқан —
Ақ көңіл әділетті биің бар ма?*

*Қамқорлы атаң менен анаң бар ма?
Тірілтер олар өлсе шамаң бар ма?
Атаның ақ батасын аламын деп,
Әдеппен қызмет еткен балаң бар ма?*

*Именген иба сақтап келін бар ма?
Ол именсе еңкеймей желің бар ма?
Толған соң тоқсан екі тозбасын деп,
Тілейтін тілеуіңді елің бар ма? —*

дейді.

Зар заманның артқы ақыны бұрынғы зарлы мұңның бәріне ақырғы күмбезді тұрғызып, әдебиеттің бір ғасырлық дәуірін осы жоқтаумен тындырды. Зар күйінің ақырғы толғау мен ақырғы ырғағы «Сарыарқа» өлеңімен келіп бітті.

Ақынның поэзиясына 1916 жылғы дүрбелеңнің елеулі әсер етуі

1914 жылғы бірінші тамызда Бірінші дүниежүзілік соғыс басталды. Онда империалистік державалардың екі мықты тобы — Антанта (Англия, Франция, Ресей және олардың одақтастары) мен Австрия–Германия блогы (Германия, Австрия–Венгрия, Түркия және олардың сателлиттері) бір-біріне қарсы шықты.

Ресей соғысқа әзірліксіз, әскери өнеркәсібінің қуаты төмен күйде, көлігі нашар дамыған жағдайда кірісті. Патша үкіметі соғыс басталған алғашқы күннен-ақ Қазақстаннан көп азық-түлік, ауыл шаруашылығы шикізаты мен ақша талап етті. Жергілікті халыққа салынатын салық мөлшері 3–4, ал кейбір ретте 5 есе өсті. Майдандарда жауды жеңу мақсатына деген сылтаумен қазақ халқын тонау, олардың жерін тартып алу одан әрі жалғасты.

Осындай шиеленіскен жағдайда 1916 жылдың 25 маусымында патшаның жарлығы шықты. Онда соғыс жүріп жатқан аудандарда «қорғаныс бекіністерін» жасау үшін Қазақстаннан тылдағы жұмыстарға «бодан халықтарды» мобилизациялау көзделген. Оған 19-дан 43 жасқа дейінгі еркектер жатқызылды.

Далалық өлкесінің генерал-губернаторы Сухомилинов 1916 жылы 30 маусымда қазақтарды тыл жұмыстарына мобилизациялаудың тәртібін жариялады. Ашу-ыза кернеген шаруалар мен жұмысшылар көтеріліске шығып кетті, өзінің ауқымы жағынан бүкілқазақстандық сипат алды. Ол тек Қазақстандағы ғана емес, сонымен бірге бүкіл Орта Азиядағы қуатты ұлт-азаттық қозғалыстың бастамасына айналды. Өзінің сипаты жөнінен ол отаршылдыққа және феодализмге қарсы халық-азаттық көтеріліс еді [16].

Осы тұста жазылған, бастан-аяқ кестелі тілмен төгіле өрілген «Сарыарқа, сайран жерім-ай!» [5; 416,417] деп аталатын өлеңі — Нарманбет Орманбетұлының шығармашылығында айрықша орын алатын шоқтықты шығарма. Өлеңде 1916 жылғы дүрбелеңнің шынайы суреті келтірілген:

*Сарыарқа, сайран жерім-ай,
Салқын да самал белім-ай!
Саңдалдай тауы тізілген,
Өлкелі өзен, көлім-ай!
Мал асырап, мекен қып,
Ел өсірген кенім-ай!
Қасірет жоқ, қайғы жоқ,
Уайымсыз елім-ай!
Сансыз қара айдаған,
Шалғынға бие байлаған.
Сары қымызды сапырып,
Ишкенде мас боп ақырып,
Кемпір, шалдар ойнаған.
Қайғысыз қайран елім-ай!
Сарыарқадан сән кетті,
Қазақтан қуат, әл кетті.
Ойын-күлкі суықты,
Бозбаладан ән кетті.*

Халық қозғалысы қазақ еңбекшілерінің таптық сана-сезімін арттыруда маңызды рөл атқарды. Ауылдағы билеп-төстеушілерге қарсы күресті жаңа сатыға көтерді. Бұл туралы ақын:

*Жан қысылды, жат еттік
Бір жасаған иені.
Болыс, тілмаш, ауылнай,
Жылағанды «сүйеді».
Қанды балақ қаршыға,
Тоятына қаз берсе
«Отлушке, ауру»
Деген пайда тиеді.
«Подретшік» көп шықты,
«Құтқарамыз» деп шықты,
Жалап-жұқтап жеп шықты,
Бетке сүртіп күйені.
Жасы қате жазылған
Отыз бірден артықтар.
Араласып кетті зой,
Мертік пенен шартықтар.
Ауру кетіп, сау қалды,
Алды-артында дау қалды.*

1916 жылдың тарихи шындығы дәл осындай болды. Нарманбеттің «қанды балақ қаршыға» деп отырғаны — ел ішіндегі белсенділер. Пара берген адамның баласын аман алып қалушы, панасыз жандарды қойдай тізіп, майданның қара жұмысына жөнелтуші солар болды.

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі патшалық режимнің, отарлау жүйесі дағдарысының бір көрінісі болды. Ол Ресейдегі азаттық күрестің жалпы тасқынына ұласты.

Ақынның 1917 жылғы Ақпан төңкерісін қуана қарсы алуы

Нарманбет Орманбетұлы тарихтың күрделі кезеңінде өмір сүрді. Ол үш бірдей қоғамдық төңкерісті басынан өткерді.

Ақиық ақынның өлеңдерінен, әсіресе 1917 жылғы төңкерістер мол көрініс тапты. Осы жылы «Тілекті хақтың берген күн» [11; 160,161] және «Даусың қалай ашылды?» [11; 161] деген өлеңдері жарыққа шықты.

Өмірінің соңғы жылдарында ақын тозған заман, азған қоғамнан құтылып, тығырықтан шығудың жолын іздейді. Оны халықтың сана-сезімін оятып, өнер-білімге етене етуден таппақ болады. Сондықтан патшаны тақтан тайдырған 1917 жылғы Ақпан төңкерісін қуана қарсы алып («Тілекті хақтың берген күн» атты өлеңінде):

*Күн күркіреп жаз шығып
Тыраңдап халық өрген күн.
Құлдықтан басы құтылып
Қатарға жұрттың енген күн.
Әлемді жұтқан айдаһар
Мерт болып бүгін өлген күн.
Қандары ақ сабаздар —
Халық үшін жанын берген күн.
Аллаға жалғыз құлмыз деп.
Жаңа тұрмыс жасауға,
Көздері жетіп сөнген күн.
Еркіндік пен құрдастық
Алдыңа өстіп келген күн.
Бостандық дәурен сүруге
Мойын созып төнген күн.
Ұзағын Алла бергей деп
Көзге жастың келген күн, —*

деп бостандықтың ұзағынан сүйіндіруін тілейді. Сол үшін өзі де жаңа өмір жасасуға білек сыбана кіріседі.

Ақын Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күтеді. Алайда оның бұл үміті ақталмауға тиіс еді...

Ақпаннан соң Қазан келді. Нарманбет 1917 жылы Ақпан, Қазан төңкерістері тұсында халық қуанышын білдіретін шаттық жырларын толғаса, одан кейінгі өлара шақта «Олқын-Толқын» [11; 162] атты өлеңі туды. 1918 жылы жазылған осы өлеңінде ақын замана кейпінің толқып жатқанын сипаттай келіп, халқына торығуға салынба дейді. Келешектен күдер үзбеу керек екенін былайша келтіріп:

*Теңізден өткім келеді
Кеме бізге біткен жоқ,
Жаяу өткім келеді,
Мұз бол қатып жеткен жоқ!
Ары жағында арал бар,
Орта жолда залал бар,
Көруге оны тәңірім,
Бізге нәсіп еткен жоқ!
Күнде толқып бұзылды,
Тағдырда нешік сызылды?
Көңілден арман кеткен жоқ!
Торықпа, жұртым, торықпа,
Топырақ жанбас, қорықпа,
Үмітсіз адам өткен жоқ! —*

деп тоқтамға шақырады.

Өкінішке орай, мейірімсіз ажал аранын мезгілсіз ашып, ақиық ақын көп ұзамай дүниеден өтеді.

Ақынның қайтыс болар алдында жазған өлеңі

Ақын өмірінің соңғы бір жарым жылдай уақытын Қарқаралыда өткізеді. 1917–1918 жылдары соттың төрағасы, уездік комитеттің төрағасының орынбасары болып, 1918 жылы 2 ақпанда Қарқаралыда Совдеп құлаған соң ауылына оралады.

Өмірінің соңғы 5–6 айында Нарманбет сол ортада болып жатқан қоғамдық-саяси істерден өзін сырттау ұстайды. 1918 жылдың жазында Қарқаралыға бір іспен барғанда тосын қайтыс болады. Өлерінің алдында ел-жұрты, туыстарымен қоштасып өлең жазады [2; 62]:

*Білдім шіркін дүниенің
Ақырында бекерін.
Бүгінгімді ойласам,
Саушылық екен кешегім.
Күн сайын өрлеп барады,
Кеудеме шауып кеселім.
Мекен етіп жатырмын,
Қарқаралы қаласын.*

*Сайран етіп жүруші ем,
Сарыарқаның даласын.
Дүниені жеген қу нәпсім,
Енді қайда барасың?!
Нашар тартып барады,
Қелтірмей қолдың шамасын.
Нәсіп етіп бұйырсын,
Сегіз пейіш-панасын.
Мұны естіген жақсылар
Бір дұға етіп тарасын...*

*Тағы айтам, жолдасым,
Жөнін келтір, тәнімді,
Ел-жұртыма алып бар.
Жеті күн құран аударып,
Басыма молла сақтасын.
Қалада қалып сүйегім,
Қарағайға қақпасын.
Мендегі бар арман сол,
Көре алмай кеттім отбасын.*

Ақынның соңғы тілегіне сай, туған шешесі Балбырауын күмбезінің оңтүстік-батыс жағынан екі-үш шақырымдай жерге өз қыстауының етек жағына әкеліп жерленді. 1950 жылы үзеңгілес жолдасы Смахан қария (Әлихан Бөкейханның інісі) бейіт басына құлпытас қойып, оған Нарманбеттің бір кездегі өзі шығарған және өзінің жанынан қосқан мына сөздерді жазған екен:

*Топтың серкесіндей,
Көптің еркесіндей,
Өткір едің, өттің білінбей.
Жүйрік едің, кеттің
Құрған торға ілінбей.
Қараңғыда жол тапқан,
Қапияда сөз тапқан,
Адал едің данышпан!
Алла алдыңнан жарылқасын,
Береке, бақыт берсін қалғанға.*

Түйін

Қорыта келгенде, Нарманбет Орманбетұлы — XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы ұлттық поэзиямыздың ең жарық жұлдыздарының бірі. Ол өлең өрнектерін жасауда Абай дәстүрін дамытты. Тіл тазалығын сақтап, әдеби мол мұра қалдырды. Қазақ әдебиетінің қалыптасуына

айтарлықтай үлес қосты. Бірақ, өкінішке орай, сусындап өскен мектебіне қарай, өлеңдерінен аңғарылған өктем үніне қарай Нарманбет мұрасы көп уақыт жабық жатты.

Ақынның ел аузында сақталған көптеген толғауларын, айтыстарын, өлеңдерін 1927–1934 жылдары жерлесі Тұрғанбек Ахметұлы мен баласы Мақсұт жинақтап, өмірбаяны, шығармашылық өнері жайлы зерттеу әзірледі. Бірақ Тұрғанбектің 1937 жылы ұсталып кетуіне байланысты бұл еңбек жарық көрмеді. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» дейтін заман кезігіп, Мақсұт та әке мұрасының жарық көруіне қозғау сала алмады.

1939 жылы ақынның жыр жинағы «Нарманбеттің өлеңдері» деген атпен жарық көрді. Ғалым Е.Ысмайыловтың ақын жайлы жазған қысқаша талдауы 1941 жылы орта мектептің 9-шы сыныбына арналған әдебиеттік оқу кітабына еніп, шамалы өлеңдері хрестоматияда басылды. Онан соң «зар заман» ақындарының қатарында аталып, өлеңдерін оқуға тыйым салынып келді.

Тек 1966 жылы Алматыда басылған ақындар айтысының үш томдығының екінші кітабында Нарманбет пен Жуасбай арасындағы айтыс жарық көрді. 1978 жылы Ленинградта (қазіргі Санкт-Петербург қаласы) шыққан «Поэты Казахстана» атты антологиялық жинақта ақынның біраз өлеңдері орыс тіліне аударылып басылды. Жариялық лебінен соң бағыт алған кейінгі кездерге дейін Нарманбет өлеңдерінің баспа бетін көргендері осылар [14; 43, 44].

XX ғасырдың 90-шы жылдарында ғана, ұзақ уақыттан кейін Нарманбеттің есімі халқымен қайта қауышты. Ақынның шығармашылығы туралы бірлі-жарым мақалалар жарияланып, зерттеу жұмыстары басталды. Еңбектерінің жинақтары жарық көрді.

Сонымен, әдеби мұраларының ұрпақтарының қолына жеткеніне көп болған жоқ. Сондықтан да Н. Орманбетұлының үлгі болар өмірін бүгінгі таңда барша жұртқа кеңінен насихаттау қажет-ақ.

Әсіресе қазақ әдебиет тарихында туған елінің бодандық қалпын ерекше бейнелеумен көзге түскен Нарманбет сияқты елшіл ақынның «Алаш» қозғалысына қосқан үлесі туралы айтқан жөн. Оны жоғарыдағы ақын өлеңдерінен, сол ұлт-азаттық қозғалыс тұсындағы ұлтжанды әрекеттерінен байқауға болады. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев сияқты қайраткерлердің пәрменді істеріне үн қосқан Нарманбет Орманбетұлының ұлт тарихындағы осы оқиғадан алар орны бар.

Қорыта айтқанда, Нарманбет қатардағы ақын емес. Ол — заман ағымын байқай білген көреген көсем, болашақты толғай айтқан абыз, тіпті бүгіннің ғана емес, ертеңнің де ұлы жыршысы. Осы кемеңгер тұлғаны қазақ баласы түгел білсе, биік төбеге шыққанмен бірдей мәртебе табары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Негимов С. Нарманбет Орманбетұлы және дін: Респ. ғыл.-практ. конф. материалдары «Нарманбет Орманбетұлы және азатшыл Алаш әдебиеті». — Қарағанды: «Print Shop» жарнамалық-өндірістік фирмасы, 2009. — 114-б.
- 2 Қайта жанған жұлдыз: Нарманбет ақын Орманбетұлы // Қарқаралы. — 1991. — № 1.
- 3 Әбдіғазизұлы Б. Нарманбет Орманбетұлы: Респ. ғыл.-практ. конф. материалдары «Нарманбет Орманбетұлы және азатшыл Алаш әдебиеті». — Қарағанды: «Print Shop» жарнамалық-өндірістік фирмасы, 2009.
- 4 Қазақ поэзиясының антологиясы (XX ғасырдың бас кезі). — Алматы: Ғылым, 1992. — 145-б.
- 5 Жанболатұлы М. Тобықты — Шыңғыстау шежіресі. — 3-т. — Семей: «Курсив» ЖШС, 2004. — 560-б.
- 6 Орманбетұлы Н. Шығармалары. — Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 1998. — 356-б.
- 7 Орманбетұлы Н. Кер заман: Өлеңдер. — Алматы: Алаш, 2004. — 320-б.
- 8 Нарманбет пен Жуасбай // Айтыс: II-т. — Алматы: Жазушы, 1965.
- 9 Абай. Энциклопедия. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред.: Атамұра, 1995. — 435-б.
- 10 XX ғасыр басындағы әдебиет: Оқу құралы. — Алматы: Білім, 1994. — 352-б.
- 11 Нарманбет. Сақараға қарасақ... // Жұлдыз. — 1990. — № 2.
- 12 Ысмайылов Е. Нарманбет ақын: Респ. ғыл.-практ. конф. материалдары «Нарманбет Орманбетұлы және азатшыл Алаш әдебиеті». — Қарағанды: «Print Shop» жарнамалық-өндірістік фирмасы, 2009.
- 13 Маданов Х. Қазақ халқының арғы-бергі тарихы. — Алматы: ҚМЭБИ баспасы, 1995. — 256-б.
- 14 Туғанбаев А. Ұлы ағартушы, ойшыл күрескер: Респ. ғыл.-практ. конф. материалдары «Нарманбет Орманбетұлы және азатшыл Алаш әдебиеті». — Қарағанды: «Print Shop» жарнамалық-өндірістік фирмасы, 2009.
- 15 Хамзин М., Топашев М. Орталық Қазақстан ақындары поэзиясының антологиясы. — Қарағанды: «Болашақ-Баспа» РББ, 2009. — 350-б.
- 16 Рысбай К. Қазақстан Республикасының тарихы. — Алматы: «Жедел басып шығару баспаханасы» НСШС, 2005. — 156-б.

Поэт-классик, чье поэтическое наследие отличается высокой художественностью и правдивостью (к 150-летию Нарманбета Орманбетулы)

Обобщается творческая деятельность выдающегося поэта конца XIX и начала XX столетия Нарманбета Орманбетулы. Указывается, что в его произведениях нашла четкое отображение картина того сложного периода, в котором он жил и творил. Показывается, что поэт в целом не очень-то доволен историческими событиями своего времени и верит в светлое будущее казахского народа. Отмечается, что акын очень почитал великого Абая и хорошо владел всеми художественными приемами традиционной поэзии. Дается оценка философским стихам, дидактическим толгау — размышлениям поэта, насыщенным национальными красками, богатыми образами. Автором особо подчеркивается, что поэтическое наследие Н.Орманбетулы отличается высокой художественностью и правдивостью. Доказывается, что все отмеченное выше сделало его одним из важнейших представителей казахской поэзии первой половины прошлого столетия.

Creative activity of the outstanding poet of the end XIX and the beginnings of XX century is generalized by *Narmanbeta Ormanbetuly*. It is underlined that in its products has found accurate display a picture of that difficult period in which he lived and created. It is shown that the poet as a whole isn't very happy with historical events of time and trusts in the light future of the Kazakh people. It is noticed that *акын* very much esteemed great *Абая* and well owned all artistic touches of traditional poetry. It is given, an estimation to philosophical verses, didactic. To reflections of the poet, sated with the national paints, rich in the images. It is especially underlined that the poetic heritage of *Narmanbeta* differs high artistry and truthfulness. It is proved that it has made all its one of the major representatives of the Kazakh poetry of first half of last century.

ӨОЖ 82

З.Жұмағали, Г.Жұмағалиева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Халық қамқоршылары

Мақалада XX ғасыр басындағы қазақ руханиятында бірегей құбылыс болып табылатын Алаш зиялыларының әдеби мұрасы жан-жақты қарастырылды. Соның ішінде А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы шығармашылығы негізінде қазақ әдебиетіндегі ұлт тағдыры, елдік мәселелердің жырлануы жүйелі сараланып берілді. Әдебиеттегі ұлт тағдыры қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік мәселелерімен тығыз байланыста талданды. Қазақ әдебиетінің түрлі жанрындағы әдеби мұралардың рухани және қоғамдық маңызы айқындалды.

Кілтті сөздер: танымал жағдаяттар, патша отарлаушылары, тарихтың қойнауы, өмірлік материал, қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар, ақындық дәстүр, күрескерлік рух, өмір шындығы, халықты ояту, орыс әдебиеті үлгілері.

Бұл күндері қай замандарда халқымыздың мандайына біткен ұл-қыздардың ел үшін еткен еңбектері айқындалып, есімдері айбынды тақтаға жазылуда. Сондай ерлердің арасында — Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, тағы басқалары.

Бұлар бұрыннан танымал жағдаяттарды зерделеумен шектелмей, бізде не бар, не жоқ, ілгеріге табан басуға бола ма, ол үшін ежелден бой бермей келе жатқан енжарлықтан арылып, қанат қондырудың қолайы қандай деген сауалдарға жауап іздеді. Олар отандастарының жазу-сызудан кенжеліп қалғанын, патша өкіметінің баяғыша езіп-жаншып, қараңғылықтан көз ашпаған бүтіндей бір өлкені газет-журналдардан да қағажы ұстап келе жатқанын баяндайды. Осындай, айталық, 15 жылдары тірлік қандай болса, сол үрдістен жаңалық, өзгеріс байқалмайтынына қатты қынжылыс білдіреді. М.Әуезов ол жөнінде былай дейді: «Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі «Қырық мысал» (1909) болса, екінші елшілдік ұран «Маса» болатын. Осыларға ілешала үн қосып ұран салып шыққан Міржақыптың «Оян, қазағы» еді». Ақаң аталмыш жинағында ең негізгі мәселені — елдік, ерлік, бостандық мәселесін көтерді. Автордың ойынша, қолдан келгенше

жақсылыққа жақсылықпен жауап беру — азаматтық парыз. Ал, керісінше, жақсылыққа жамандық жасау — түптеп келгенде кешірілмейтін пиғыл, кері жүретіндерге, ақылсыздарға тән қасиет. А.Байтұрсынов «Қырық мысал» атты өлеңдер жинағын ең барып тұрған жарамсыз байлам деп, замандастарын теріс әдеттен безуге, безбұйректікке салынбауға шақырады. «Еменнің түбіндегі шошқа» атты аудармасы — осы айтылғанның басты дәлелі.

*Түбіне бір еменнің шошқа келіп,
Жемісін жерге түскен жеді теріп.
Тойған соң келістіріп ұйықтап алып,
Еменнің түбін қазды түрегеліп.*

*Шошқаға сол уақыт сөз айтады
Ағаштың басындағы құзғын көріп:
«Тамырын қазып, аршып тастаған соң,
Қалмай ма емен құрап, кеуіп, семіп?»*

*«Қураса, құрайды деп қиналмай көп,
Қурамай тұрғанменен немеге ол сеп?
Қурасын, маған салса, күйіп кетсін,
Қайғырман оның үшін уайым жеп», —*

деп, өлеңді аударарды да өз жанынан мынадай жолдар қосады:

*Дүниеде түрлі-түрлі адамдар бар,
Жақсы да, арасында жаман да бар.
Ғылымды пайдаланып отырса да,
Сезбейтін сол пайдасын надандар бар.*

Соңғы келтірілген жолдар түпнұсқада жоқ. Ақаңның жалпы қазаққа түсініктірек болуы үшін, ойланып-толғануы үшін өз жанынан шығарғандары. Жалпы бұл — оның бүкіл аудармаларынан байқалатын ерекшелік. Ақаң шығармаларындағы тағы бір мәселе — қазақ халқының маңдайына жазылған қатал тағдыр. Кенесарының көтерілісі талқандалғаннан кейін осы бір епке көнбейтін, еркіндік үшін қанын да, жанын да беруге даяр елді патша отарлаушылары аяусыз таяқтаған. Ақыры бірте-бірте асау халық жуасып, «Күндей күшті күркіреген елдің» (М.Жұмабаев) қалпы тек тарихтың қойнауында қалды. Көлгірлік ептек алды, жұрт көрініп тұрған шындықты билеушілердің ыңғайына қарап байқалмағансыды, өтірік айтпайтын болды. Бастан бақ тайды. Бодандық жағдай осыған әкелді. «Шымшық пен көгершін», «Ат пен есек», «Шал мен жұмыскер», «Аңдарға тиген індет» т.б. өлеңдерінде ақын осыны аңғартады. Шындықтың тура бетіне қарауға үгіттейді. «Аңдарға тиген індет» деген аудармасында арыстан жан-жануарларға келген қырғыннан қорқып, қарауындағыларға жар салады. «Біз біреудің артық кеткен күнәсінен осы күйге тап болдық. Әркім жіберген қате-кемшілігін мойындасын. Соны құрбандыққа шалып, жаратқан иеден кешірім сұрайық», — дейді. Әр аңның жіберген қылмысын тыңдай келіп, өгізді айыптының ең үлкені деп табады.

*Ал сонда өгіз тұрып мәңірейді,
Көз жасы ағыл-тегіл, еңіреді,
«Қиянат кісі хақына қылман деуші ем,
Азғырды шайтан залым мені, — деді.*

*Нақ биыл бесінші жыл сол ісіме,
Сол ісім, еңіреймін, түссе есіме.
Жұт жылы ашаршылық, азық болмай,
Жалындым қарыз сұрап әр кісіге.
Бермеді ешкім маған қарызға шөп,
Аштыққа шыдап жсайға тұрмадым тек.
Істедім бір адамға мен қиянат
Шөбінен рұқсатсыз бір үзім жеп».*

Жарлыға да, жалғызға да қиянаттың неше түрін жасаған тырнақты мен тістілер: жолбарыс, қасқырлар бірден өгізді қылмыскер санап, табанда жайратып салады. Ақын өлеңді былайша аяқтайды.

*Үлгі айтап жұрт үйретер қайда билік
Әншейін ермек етем сөгіліп күліп.
Аңдардың осы ісінен бөтен емес,
Түзілген кейбір жұртқа әкімшілік.*

*Тауыса алман дүние кебін айтып санап.
Хакім аз іс ететін гаділ қарап.
Залымдар айран ішіп аман кетіп,
Момындар тұтылып жүр шелек жалап.*

Жинақта отаршылыққа түскен халқымыздың бастан кешіп отырған күйін, тағдырдан тартқан азабын, теңдікті, еркіндікті аңсаған арманын меңзейтіні өлеңдер де баршылық. Оларға: «Қартайған арыстан», «Кісі мен аю», «Қара шекпен мен қой», т.б. жатқызуға болады. «Қара шекпен мен қой» деген аудармада қойды тауықты ұрлап жепті деп тауып, судья түлкінің үкім шығарғаны, сөйтіп бейшара мақұлқтың жалғаннан жазалағаны айтылады:

*Тексерген іс түбіне қарағанда
Мұғайын, Тауықтарды осы жепті.
Обал жоқ өртесе де, мұны отқа
Апарып өлтіріңдер байлап оққа.
Терісімен талапкерді риза етіп,
Әкеліп тапсырыңдар етін сотқа, —*

деген жолдар осы ойды мегзейді.

А.Байтұрсыновтың бірсыпыра аудармаларында ел билеген жуандардың қарапайым халыққа жасаған зорлық-зомбылығы бейнеленеді. Барар жер, босар тауы қалмай қатты күйзелген көпшіліктің көрген күйін жаңа туған жас қозының тағдырына теңейді. Бұл — екінің бірінің басында болған ащы шындық. Бұндай жағдай оның «Қасқыр мен Қозы», «Ала қойлар» жырында әңгімеленген. «Қасқыр мен Қозыда» жас қозының бұлаққа су ішуге келгені, оған аш бөрінің тап келіп: «Сен өзің сотқарсың, әркімге тиіспесең жүре алмайсың, әліңе қарамай маған да соқтықтың», — деп, біраз тілдеп-тілдеп, ақыры қорғансыз бейбақты арқасына салып алып, орманға тартып кеткені айтылады. Ақаң өлеңінің соның мынадай жолдармен қайырады:

*Осындай жазықсызды жазғыратын
Әр жерде күштілерде бар ғой қалып.
Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,
Ойлаймын оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр,
Бөріден артық дейміз оның несі?*

Ақаң аударған «Қасқыр мен мысық» мысалында жайшылықта, бастың аман, шаруаң түгел кезінде, аяқты кердең басқандырдың басына бұлт төнгенде не істерін, қандай амал қолданарын білмей асып-сасқан күйі көз алдымызға елестейді. Асылы, ешкімге қиянат жасама, асып таспа, әлде қандай заман болғанда қол үшін беретіндер таптырмай, қорғаушы, қамқоршыға зар боласың дейді. Артынан ит қосып қуған бір топ адамдардан құтқара көр деп жалынып, жалбарыңған қасқырға мысық ана кісіні айтып, мына кісіні айтып ақыры қамқоршыны таба алмайды. Өйткені оның өзі қиянатшыл, жүрген жері айқай-шу: біреудің қойын, біреудің қозысын, біреудің лағын, біреудің бұзауын жеген жебір екен. Осындай қылмысты жанға қандай адам жақсылық жасамақ. Ақаң мынандай қорытынды жасайды:

*«Мен қайран, — мысық айтты, — істеріңе,
Залалдан басқа нәрсе істедің бе?
Байдың көбі, жарлының жалғызы да
Тиіпті, тыңдай тұрсам тістеріңе.
Залалкер жұртқа тегіс болып әбден*

*Енді не іздеп келдің іштеріне?
Жынды жоқ сені аман құтылдырып,
Алғандай бәле тілен үстеріне.
«Не ексең, соны орасың» деген сөз бар,
Ор енді егініңді піскенінде».*

Ақын замандастарын қасқырлықтан, қасқыр мінезділіктен сақтандырады. Ондайларға көмектесудің өзі қылмыс, берекесіздік екенін ескертеді.

Ақаң «Шал мен ажал», «Жарлы бай», «Қаптесер мен көртышқан», «Қайыршы мен қыдыр» т.б. аудармаларында кедейліктен мезі болған бір өңкей жарлылардың өзіне тән психологиялық қалпы, біреудің себепсіз дәулетіне көз алартуы, егер жазатайым байлық біте қалса, қалай жұмсарын білмей басы қатып, ақыры іске татырлық бір нәрсе бітіре алмай, сары ауырудай сарғайып, азап тартатыны айтылады. «Жарлы бай» өлеңінде бір кедей байлықты, барлықты айтып, өзінде ештеңе жоқ екеніне налып, қайғырыпты. Осы тұста кенет кіріп келген ақсақал шалдың берген сиқырлы бумажнігінен бірін алса, орнына екіншісі дереу өне кететін бір теңге алтынды қимай: үй алам, кісі келгенде отыратын төсеніш керек, ішіп жеуге үлкенді-кішілі мал керек, киетін киім-кешек тағы бар, әйел алам деп, қарттың айтқан шартын орындаудың орнына (ұйықтамауы, тамақ ішпеуі керек екен) күн-түн демей жүгіріп жүріп, ақыры кедейдің сақал-шашы ағарып, қу сүйек күйінде ештеңеге мойын бұруға шамасы жетпей көз жұмады. Ашқарақтық түбіне жетеді:

*Үстіне бүтін көйлек алмай сатып,
Алмастан азық-түлік жарап-қатып,
Баяғы лашығында жан тапсырды
Оныншы миллионды санап жатып.*

*Бір емес, толып жатыр осындай кеп,
Бар болып, жоқтың ісін істейтін көп.
Малы көп, көңілі жарым адамдарға
Ат қойған қанша теріс жарлы бай деп!*

*Жаман ғой жарлылық күй адамзатқа,
Жақсы емес рақатсыз байлық, бақ та.
Мал жиып, бай болуды талап еткен,
Жадыға бұл кеңесті ұғып, сақта, —*

деп аяқтайды ақын ақыл-кеңесін. Қашанда жекелеген адамдардың өмірінде ұшырасатын елеулі індет қызғаныш, қызғаныштан туындайтын күншілдік. Бұл сырқатқа шалдыққандар біреудің бағын, жетістігін көпсініп қана қоймайды, ақырында өзіне де ерте ме, кеш пе содан айықпастай дерт табады. А.Байтұрсынов осындай қылықтан азат болуға, тысқары болуға шақырған. Ондай өлеңдері: «Маймыл», «Ағаш», «Иттің достығы», «Арыстан, киік һәм түлкі», «Кісі мен арыстан», «Жүргіншілер мен иттер» және т.б. Жалған сөйлеп, жалған атаққа ие болуға тырысатындарды айыптаған. Мысалы, «Егіннің бастары», «Екі шыбын», «Қара бұлт», «Екі бөшке», «Сары шымшық», «Егіз бен бақа» т.б. өлеңдері бұған дәлел. «Сары шымшықта» теңізді өртеймін деп жер-жиһанға хабар салып, асып-тасқан кішкене құстың әрекеті құр әурешілік болып қалады. Алыс-жақын мұндай тамашаны көруге жиналғандар шала бүлінген бишаралықты көзімен көреді. Ақын осыдан мынандай қорытынды шығарады:

*Кейбіреу қолдан келмес істі ойлайды,
Мақсұты оныменен тұс болмайды.
«Ұялған тек тұрмайды» деген рас,
«Қап, бәлем, тоқтай тұрмен» жұртты алдайды.*

Қай кезде де өздерінің жеке пайдасы үшін жалған сөйлейтіндер, жалған арашашы болуға тырысатындар аз болмаған. Ақын ұялмай-қызармай содан өнген өнімді керектеріне жаратып, жаман үйренгендерден аулақ болуға үндейді. «Қайырымды түлкі», «Түлкі мен қара шекпен», «Есек пен үкі» деген жырларында жоқ жерден табыс іздегендер сыналады. Мәселен, «Қайырымды түлкі» өлеңінде жаны ашығансып, өліп-өшкен түлкінің жетім балапандарды оңай олжа қылғаны айтылады.

Замандастарымыздың арасында шаруасы түгел, бастың аманында мүмкіндігі шектеулілерге орынсыз тиісіп, шенеп мінейтіні, сенің оның қалай, сәл жайсыздықтан қорқасың, қалшылдап-дірілдейсің, тұрақтылық жоқ, ал мені қарашы, еш нәрсеге, ешкімге тәуелсізбін, өз еркім өзімде, өйткені мен қуаттымын, ештеңеден қорықпаймын деп мақтанатыны белгілі жайт. «Емен мен Қамыс» аудармасында сондай өркөкіректік сыналады.

Емен:

*Бірді олай жаратқанды, бірді бұлай,
Бәрінен қор жаратқан сені құдай.
Жел тұрса, зәрең ұшып қалтырайсың,
Басыңа ауырлайсың қонса торғай.*

*Жел жүріп, судың беті жыбырласа,
Ызыңдай құлағыңа сыбырласа,
Бұғасың, бүгілесің мұңша төмен
Тұрамын жарар ед деп жығылмаса, —*

деп қатты шенейді, мықтысынған батыр күшті дауылда бүкіл тамырымен қопарылып, құлап түседі де иіліп-бүгіліп жан сақтаған қамыс аман қалады. Ақын әлгіндей есін білмеген есерлікті де, табанының бүрі жоқ, әркімге жалбарынып, жағынған жарамсақтықты да түйреп өтеді:

*Білеміз Қамыс нашар, Емен мықты,
Еменді мықты деген дауыл жықты.
Майысып, қарсыласпай, қамыс бұғып,
Сынбастан сол дауылдан аман шықты.*

Өлеңнің берер ғибраты мол. «Қырық мысалда» емеурін, ишара, мегзеу, астармен айтылған ойлар «Маса» кітабында (Орынбор, 1911) ашық, анық, дәлді, нақты беріледі. Мұнда Ахметтің өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер, ауыр жылдар, қуғын-сүргін, жетімдік-жоқтық бірталай өлеңдерге арқау болады: ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы — басты сарын.

*Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,
Бітпейтін жүрегімде бар бір жарам.
Алданып жегеніме оны ұмытсам, —*

деген жолдардың нақты өмірлік материалы — әкесі Байтұрсынның болмашы әрекеті үшін 15 жылға Сібірге айдалып, қуғындалуы бала жүректің тілім-тілім жараланып жаза тартуы.

«Маса» кітабына енген өлеңдерде жеке бастың мұң-шері, тұрмыс-салт суреті дегеннен гөрі, негізінен әлеуметшілік, қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар айтылады. Өзін-өзі күйттеген, байлық үшін, мансап үшін ар-абыройын сатқан «жақсылығы өз басынын артылмаған», «бос белбеу, босаң туған боз бала», «бір тойғанын ар қылмаған шалдар», «қайырсыз кеше сараң байлар», «мәз болып құр түймеге жарқылдаған оқығандар» сыналады. «Туысыма», «Досыма хат», «Қарқаралы қаласына» өлеңдерінде ұлы Абай сатирасын еске түсіретін сарындар, ойлар, образдар бар. «Анама хат», «Жауға түскен жан сөзі» — қорлық-зорлыққа мойымаған, бостандық, еркіндік жолында бәріне көнген қайратты ерлер тұлғасын мүсіндеген жырлар. «Масада» Пушкиннен аударылған «Қыздыр дейсің мәжіметі, жан дейсің», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы», «Балықшы мен балық», «Алтын этеш», Қрыловтан аударылған «Сорлы болған мұжық», «Қаздар» шығармалары да берілген.

*Қинамайды абақтыға жсапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен
Өз ауылымның иттері үріп қапқаны, —*

деген жолдарда өз уақытының сыры айтылса,

*Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын
Ел бір күншіл, менікі ертеңгі үшін, —*

деген уақытта ақын болашақпен сырласқандай, өзінің өлместігіне сенеді.

Екі жинақ — «Қырық мысал», «Маса» қазақ әдебиетін жаңа тақырыптармен, идеялармен, ойлармен, өрнектермен байытты; Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты, заман талабына сай жігерлі поэзия туды, бұдан кейін талантты ақындардың жаңа буыны тарам-тарам жүлгелерді тереңдетіп, жалғастырып әкететін болады [1].

Идея жағынан өздеріне дейін жарық көрген өлең-жырларға қарағанда соны, айтары бар, қазақ халқына күрескерлік рухын әкелген жинақтар еді. Егер бұрын ақын, жырша, жыраулар өмір шындығын сипаттай, оны қайткенде жөндейміз, ендігі бет алатын бағыт-бағдарымыз қандай деген мәселені сөз арасында, ілуде-біреу жанай өтсе, бұл жинақтардың ең негізгі арқауы — біз неліктен қайыршылық күй кешудеміз, оның басты себебі не, одан қайтіп құтылып, өзгелермен тең дәрежелі өмір сүреміз деген проблемалар ашық айтылды. Бұрынғы мимырт тірліктен қол үзудің жолын ұғындырды, жаппай оянууды, ілгері баруды күн тәртібіне қойды. Ол үшін А.Байтұрсынов ұлы Абай ұсынған бағыт-бағдарды, орыс әдебиетінің озық үлгілерін қазақша сөйлетуді, аударма жасау арқылы халықтың санасына әсер етуді тандап алды. Сөйтіп өзінен бұрынғы көшбасшыларының жеткен биігін түсіністікпен қабылдай отырып, одан әрі тереңдей түсті. Жаңа өлендік форма — мысал арқылы, көшпелі елге етене таныс өсімдіктер тірлігі мен жан-жануарлардың мінез-құлық ерекшеліктерін, өзара қарым-қатынасын суреттеу арқылы әлеуметтік ойға ықпал етуді мақсат етті. Бұл ретте Иван Андреевич Крылов (1768–1844) туындылары қолайлы деп білді. Сөйтіп қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ол, айналып келгенде, Абай түскен соны соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүрін тандап алды дейтініміз де сол.

Жинақтағы «Қазақ қалпы» деген өлеңінде:

*Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып, кешпесі жоқ.
Жел соқса, құйын құса жылжи беру
Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ, —*

десе, «Жиған-терген» жырында:

*Қазағым, елім,
Қайқайып белің
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның
Аш көзіңді оянып.*

Күрес идеясы, келешек қамы үшін арпалысу, ел болу арман-мүддесін бірінші орынға қойғаны көрінеді. Бұл шығармалар қазақ оқырмандары жақсы қарсы алды, талайын жаттап алып айтып жүрді.

Әңгіме барысында үш алыптың бірі — М.Дулатовтың Абай туралы мақаласын қозғай кетуді жөн көрдік. Өйткені ол Октябрь революциясына дейін жарық көрген санаулы басылымның бірі болатын.

1904 жылы июнь жұлдызының басында деп еске алады М.Дулатов, Омскіге барғанымда Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Ахмет Байтұрсыновтан көрдім. Сонда Байтұрсынов айтты: «Естуімше, Абай өз өлеңінің басылып шығуын тілемейді, һәм бастыруға ешкімге рұқсат бермейді екен, күз Қарқаралы қаласына барамын, сонда әдейі бұрылып, Абайға сәлем беремін, танысамын, һәм өлеңдерін бастыру жайынан сөйлесемін», — деп. Ахметке Абайды көруге нәсіп болмады: Абай өмірі күзге жетпей, сол июннің 23-інде опат болды... Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш — Абай сөзі... Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлкім, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз — Абай [2].

Абайдың өлеңдері мен «Қырық мысал», «Маса» жинақтарымен бір тұста жарық көрген үшінші елеулі дүние — М.Дулатовтың «Оян, қазағы» еді. Оқырмандарға ой салып, кеудесіне саңылау түсірген, мазмұны жағынан, бітім-болмысы жағынан ерекше туынды ретінде қазақ әдебиетін биік белеске көтерді.

Абай балаңдау шағында Оразбай Жиреншелердің әзірше асқына қоймаған, бірақ елеусіз қалдыруға тағы болмайтын кейбір іс-қылықтарын — оңай олжаға қызыққыштық, өтірік-өсекке үйірсектік, өзгенің қолымен от көсеуге бейімділіктерін — жақтырмаса да жастарының тұрғыластығын, ауылдарының аралас, қойларының қараластығын қадірлеп, жаға жартысуға бармайтын, жеңіл әзіл-қалжыңмен қағытатын да тынатын. Ал олар Абайдың алғырлығын,

ақылдылығын, өздерінен көш озықтығын мойындайтын, сондықтан өткір сөздерін күлкіге жеңдіріп, қасына ілесе беретін. Оның үзеңгілес жігіттері атанғанын өздеріне абырой санайтын.

Абай бір топ жора-жолдастарымен Балқыбек сиязына бара жатқан жолында Ерболдың өзіне онашалап айтқан әңгімесінің кейбір тұсын тіксініп қабылдаған. Жастықтың алаулы күндерін бірге өткізген сыралғы досы бейне бір басы-қасында болғандай: «Бәрінен жексұрыны — осы күнде не көп, пара мен жем көп. Не деген көмейлер, жемсаулар екенін білмеймін. «Түйені түгімен жұтады» деген о бір сыпайы обырлық екен. Айғыр үйірлеп жылқы, жүздеп қой, матауымен түйе әкеліп жатқан дауларды да естідім. Онан соң қаланың ұлығы, начальнигі де құдай ұрып бадырайтып тұрып жейді екен», деп, соңғы кездің өзіне аян бір сұмдығын осылайша таусыла баяндаған [3; 339].

Оның сөзіне қарағанда, әкімдер ғана емес, кейбір билердің де жетісіп тұрғаны шамалы. Шешімі өздеріне жүктелген айтыс-тартыстың түйінін кімнің дұрыс, кімнің бұрыстығын әбден тексеріп, анық-қанығын салмақтап әуреленбей, бармақ бастылықтың басымдау, қомақтылау жағына жантайта салатын салтқа көшіпті. Осыған дейін оны таңырқай, таңдана тыңдаған ақын мұншама сұмырай сырқаттың шырмауығына шырматылғандардың санында Әділда, Оразбай, Жиреншелер де бар көрінеді дегенде тұнжырай қалған. «Жақынды араз, татуды жат қылатын — өсек, сыбыр-сыпсың» деп ұғынатын Ерболға имандай сенгенімен, құлын-тайдай тебісіп бірге өскен, бір дастарқаннан дәм татысқан тату да сыйлас құрбыларын тап ондай қарға-құзғындыққа қимаған. Көзі жетіп, көңілі әбден тұрақтанбайынша ол мәселе туралы ешқашан ешкімге тіс жармауға бекінген. Өйткені кейде сыпайы да сыптай шындықтың сыңар езу бөспе байлардың оңды-солды екпіндетудің салдарынан әуелгі табиғи өңін жоғалтуы, сөйтіп не тасырая жуандап, не өлеусірей жұқарып ебедейсіз тұрпатқа құлдырауы ықтимал. Оразбай Жиреншелер араммен былғанғанда, былайғыларға не жорық?..

Жең ұшынан жалғасу арқылы біреулер қисайған шаруасын мұғдарлаған нысанаға өзгертіпті дегенді Абай бұрын да аз-мұз естігенді. Мұндай былық-шылықтың өз әкесі Құнанбайды да темірқазығынан жаңылдыртып, алып-қашпа қаңқуларға шалдықтырғаны жөнінде де хабардар-тын. Тіпті Қарқаралы мешіті де осындай қитұрқылықпен жиналған қаржыға салыныпты деген қауесетті де құлағы шалған. Әйтсе де қазіргі таңда біреудің есебінен ішіп-жеудің соншама асқынып, Ербол айтқандай, ебедейсіз сипатқа шарықтағанын өз басы байқамапты.

Балқыбек сиязына жиналған би-болыстардың бірқатары бас қосқан бір қонақтықта жыр шумақтарын үсті-үстіне нөсерлеткен Байкөкше жыраудың бір сәт термеге ауысып, тақпақтапта: «Ұлық болдың, қолың жетті, жақсы деп аталасың. Соның бәрі рас болса, жарлыны жылатпа. Арамға болысып, адал момынды аунатып жеме, береке деген боп, әрекенің қылығын қылма. Көпке масылын артқан көбеген болма!» — деген ақыл-өсиетін және оған қоса біреудің несібесін төтелей иеленгенің өз алдына, кейде бопсалап, ызғар сездіре сыйлық дәме ететінің қалай дегенді меңзейтін қағытпа сынын мәртебелі мырзалардың тыржындасып ұнатпағанын Абай тиісінше тұжырымдаған, ол эмоцияны Ерболдың кешегі әңгімесімен сабақтастырған [3; 346–348].

Ербол сөзінің растығы сол Балқыбек сиязында түбегейлі анықталған. Салиха қыздың бас бостандығын даулап, өзінің атына жазған арызын тексеруді және оның төрелігін айтуды ояз туған халқының әдет-ғұрпын жетік білетін Абайға жүктеген болатын. Бұл міндеттеменің жауапкершілігін терең сезінген Абай бала күннен бергі қанжығалас құрбылары — Оразбай мен Жиреншені көмекшілікке таңдап, бірін қыздық ауылына, екіншісін әменгер жағына жұмсап, жағдайдың бүгешігесіне дейін терең байлауды өтінген. Ол екеуі тапсырманы жан-жақты ақтармалағанымен, төте сүрлеудің соңғы бекетіне дейін бұлкектеуге төзімі жетпей, орта тұстан бөтен соқпаққа бұрылып кетіпті. Яғни, параға қызығып, Салиханың бұрынғы атастырылған жұртындағы мұрагері — Сабатар шалға тоқалдыққа баруын мақұлдағандарды қостап қайтыпты. Сатқындықтарын «алтын көрсе періште жолдан таяды» деген жартыкеш нақылмен жуып-шаймақ болыпты. Бұл байламдары үшін оларға Абай қайнаған ашумен қатты ұрысқан. Мұндай бейшаралыққа кешу жасауды алланы, адамгершілікті талақ етумен бірдей санаған. «Өзім деп, сенерім деп, қанат тұтып, қатарыма алғаным сенбісің? — деген ол тынысы тарыла демігіп. — Айналып жүріп-жүріп кеп айтар ақылың «арам жейік» болды ма екеуіңнің? Бұрын бет бұрар болсам, екеуінді ертпей-ақ Тәкежанды таңдасам болмас па еді? Сендер «Керей-Найман» әділет таппай, әрекет тапса, өлмесе ома қапсың десең, мен оларды елім деймін. Үш жүздің баласының алдында қалың қазақ қауымына мені әкеліп, құлқының үшін құрбан еткелі отырсың ба? Өлтіріп кеп отырмын десеңші! Жеткен жерлерің осы ғой! Бар аулақ!..» [3; 385].

Абай ешбір бұлтақсыз, бұқпантайсыз, сыртынан қабат-қабат тор тұрған парақорлар мен жемқорлардың салын суға батыратындай дәлелдерді бірінен соң бірін түйтектете отырып, даудың

түйіншегін қисынды тарқатқан. Қастасатындардың көбейетінінен жасқанбай, Салиханың басына бостандық жариялаған. Қыздарын Сыбан жұртына екінші рет сатып, үстеме пайдаға кенелмек болған Керей де, жесірінен айырылған Сыбан да ол жолы іштен тынып, үндеспей тарасқан. Қапсағай шалдың: Уа, Кеңгірбай, Кеңгірбай! Әруағына не боп еді сенің? Осы ма еді кешегі азған қызға айтқан сенің жолың? Кеңгірбай, шақырдым әруағыңды! — деген наразалығы ешкімнен қолдау таппай, шаңтозаңға жұтылып кете барған. Өзге жұрт, ара ағайын үкімнің әділдігіне еш күмән келтірмеген. Атаның ұлы емес, адамның ұлымен кең алаңда ресми еркін сұхбаттасқанына разылық білдіріп, алғыстарын жаудырған, ұзақ ғұмыр тілеген. Билік тізгінін берген лауазымды ұлықтар да шуласа күлісіп, жадыраса бас шұлығысқан.

Салиха қыздың дауы — Абайдың және оның бір кездегі әріптестерінің бір-бірімен қоштасуының, айсбергтің судың үстіндегі бөлігі іспетті, жай сылтауы ғана. Оразбайлардың пешенесіне туа біткен өзімшілдік, қызғаншақтық кесепаттың тиюсыз-жиюсыз асқына-асқына жазылмастай дертке ұлғаюы түбінде осындай ажырастыққа соқтырары бесенеден белгілі болатын. Үздіксіз сыздауға ұласқан бітеу жараның бүгін бе, ертең бе әйтеуір бір жарылмай қоймайтынын екі жақ та сезінетін. Сондықтан бұл кетісу оларды аса қынжылтқан жоқ. Бірі туралықтың, түзуліктің туын қолдан түсірмей, қиянат-зорлыққа, пайдакүнемдікке қарсы күресін жалғастыра берсе, екіншісі ой-шұңқырын бағамдап үлгерген соқпақ сарабынан табан аудармады. Тіпті әдеттегі мәймөңке, көлгірлікті бүркеп тастап, еркіндігін тұсаған кедергімен-ісімен, сөздерімен, кертартпалық, етек бастылық атаулыны қатал сынайтын, жақсылықты, жарасымдылықты барынша дәріптейтін Абаймен ашық шайқасқа көтеріледі. Бастапқыда олар алысырақтан орағытты — билік тізгінін бұрынғысынша өзгелерге жуытпай, борсақ, көтібақ, жігітек, бөкеншілерді шөміштен қағумен келе жатқан исі Құнанбай балаларын аттан құлатуға тырысты. Соның бірі — Оспанның алғашқыда болстыққа сайланбай қалуы...

Мыржақыптың көздеген мақсаты айқын. Ол — надандықтан желі тартып, ырың-жырың, рушылдықтың, жікшілдіктің, мансапқорлықтың салдарынан іргесі шайқалған алашты бірлік, өзара ынтымақтастық маңайына жинақтау болатын.

Ел басқару ісінде толып жатқан берекесіздікке наразылығы аздай, енді болыс сайлауы дейтін шықты. Мұны ақын былайша сипаттайды:

*Шыққалы волыст сайлауы қырық жыл өтті,
Сол сайлау, байқасаңыз, түпке жетті.
Бай болып, мырза атанып, мал біткендер
Таласып болыстыққа ақша төкті.*

Болыстықтан дәмеленгендердің жүріс-тұрыстары кәдімгі қылмыскерлерден бетер. Елдің береке-бірлігі жайына қалған.

*Сайлау басы төреге мың-мың ақша,
«Жанында орыс жоқ па екен онан басқа?»
Стражник пен писірлер сүйінші алад
Бермей тағы болмайды ғам тілмашқа.*

Әйгілі 1868 жылғы «Жаңа низамнан» кейін жалпақ елдің арақатынасы, жүздердің экономикалық, басқару жүйесі одан әрмен алшақтай берді. Әр аймақтың Россияның әр губерниясына бағындырылуы қазақ даласын береке-бүтіндіктен айырып, жан-жаққа ыдыратты. Аға сұлтандық институтының жойылып, оның орнына жай болыстық басқарушылықтың күшейтілуі, сырттай қарағанда демократиялық пішінде көрінгенімен, шын мәнінде халықты аздырып-тоздыруға жол ашатын зымиян шешім болатын. Бұдан былай негізгі биліктің болыстардың құзырына жинақталуы далалықтардың әдет-дағдысына өзгеріс енгізді. Енді ол қызметке амалдап өз кісісін өткізу харакеті қосақталды. Өзге жақтың ұсынған кандидатурасын қалайда қағып тастау мақсатында оның үстінен ұлықтарға өтірік-шыны аралас арыз-шағымдар айдалды. Өкіметтің тереңнен ойластырылған ол саясатының жазу-сызуы шамалы, мәдениеті төмен аңқылдаған ақ көңіл халықты қатты арандатты. Адамзаттың керуеніне артынып-тартынып азар ілбіп ілесіп келе жатқан алаш мал-мүлкін әкімдік жолына оңды-солды шашудың салдарынан ілгері басқан аяғы кері кетті. Әуел бастан шен үшін, шекпен үшін, тілмаштық үшін оқу орындарын жағалаған мансапқорлар қашан қызметінен

тайдырылғанынша елді ірітіп бітірді. Сөйтіп жаңа заң халықты жарға жықты. Бірер дерекке сүйенсек, Қалмамбай Байдәулетұлы деген біреу 1882 жылы Сарысу болысын (Қарағанды облысы) 25 жасында алғаш рет 22 жастағы Бұзау Толысбайұлымен болыстыққа таласқан. Қалмамбай сайлау барысында 550 жылқы, 2000 қой шығындалса да шенді қызметке Бұзау өтіп кетеді. 1885 жылғы сайлауда да Бұзаудың бағы жанып, қайта жеңіске жеткен. 1888 жылы екеуі татуласып, Бұзау өз еркімен болыстықты Қалмамбайға берген. 1891 жылғы сайлауда Бұзау әкімдікке қайта таласып, ел іші бүлініп, аласапыран айтыс-тартыс бір болыстың екіге бөлінуіне (Қамқоңыр, Сарысу) апарады. Қысқасы, Қалмамбай Сарысу болысын 1905 жылға дейін басқарған. Осы кезеңдегі барлық сайлауларда дауыс жинауға оның тарапынан 3300 жылқы, 9000 қой, 1000 түйе шыққан [4]. Сөйтіп Қалмамбайлар әр елде де осылайша болыстыққа қол жеткізген. Әкімдікке талас кезіндегі жұмсаған мал-мүліктерін кейін елден артығымен жинап алған.

«Жаңа низамнан» халқымыздың қандай қайғы-қасірет шеккенін Абай өзінің «Күлембайға» («Болыс болдым мінеки»), «Мәз болады болысын», «Дүтбайға», «Тәңірбергенге», т.б. сатираларында түбіне жеткізе әшкерлейді.

Тарихтың ұлы көшіне салдыр-салақ, олпы-солпы азар жалғанып келе жатқан алаштың басқа шаруасы жоқтай, мал-мүлкін оңды-солды шашып, жеткен «жетістігін» Міржақып мұны ашық айтады:

*Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты.
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кеніпті, дін нашарлап, хал қараң боп
Қазағым енді жату жарамас-ты.*

Маңдайға жазылғаны осы, сондықтан көнеміз, көнбегенде қайда барамыз деуден аулақ. Маңайына барлай қарап, өзгелермен бірге алға жылжудың жолын қалайда іздеу керек деп түйеді. Жұртшылдықтың бірте-бірте ұлттық намысты жоғалтып сары ала түйме таққандардың таяқтауына көнуден басқа аяласы қалмаған жалпақ елдің бишаралық қалпы айна қатесіз, осылайша қағаз бетіне көшіреді.

*Біз дағы ғылым білсек өйтпес пе едік:
Ілгері озғандарға жетпес пе едің.
Дін, дүниеміз таршылықтан азат болып,
Өнерлі халық атанып кетпес пе едік, —*

дейді амалы таусылған ақын.

Шаруашылығымыздың кейіншектетей ілгері басуына түптеп келгенде өзара ауыз біріктірмей, кері тартудың салдары екенін бірде былайша дәлелдейді:

*Бірлік жоқ алты ауызды халықңыз ғой,
Қатардан сол себепті қалыппыз ғой.
Ғылым мен мағрипатты керек қылмай,
Надандық шәрбатына қаныппыз ғой.*

Ал осыншама жетім баладай зар шегіп келе жатқанымызға біраздан соң ақын басқадан іздемей, тура өзіміздің сал бөкселік жай басарлығымыз айыпты екенін таңбалайды. Мәселен, «Насихат ғұмұмия» деген өленің алайық:

*Жас орнына көзімізден қан кетіп,
Қолымыздан ата мирас заң кетіп.
Аяқ асты болып қазақ қалды ғой,
Құр әншейін рухы қалып, жан кетіп...*

*Кім жазалы өзімізден көрмесек,
Төбемізге шығардық қой дәндегіп...*

*Күн көреміз қайда барып, алашым?
Білгіштердің хал мүшкілін қарасын.
Сүйегі жоқ тіске жұмсақ болған соң
Әркім жейді біздің қазақ баласын.*

*Аз емеспіз, алты миллион халықңыз
Алхамилла, надандыққа гарықңыз.*

*Жайымыз жоқ одан басқа мақтанар
Сахарада дикарь болып қалыппыз.*

Байқап отырғанымыздай, өзге зиялыларымыз ақырын тұспалдап айтайын деген ойын көбінесе бүркемелеп жеткізсе, Міржақып шындықты тура бетке айтады. Бұнын басты ерекшелігі сол.

Міржақып бір кез сонау өткен замандарға шолу жасайды. Ертеректе халқымыз көшіп-қонып еркімен, ешкімге жалтақтамай жақсы дәстүрлерін сақтап өз заңымен өмір сүрген. Жан-жақтан ешбір қысым көрмеген.

*Көше де мың шақырым жері жайлы,
Аққан бұлақ, шалғыны көк орайлы.
Тоқты қоздап, жүріпті, тай құлындап,
Жер тар болып көрмеді-ау уайымды.*

Бірақ алаш қаумалай қоршаған жауларына тойтарыс беруге шамасы бірде жетсе, бірде жетпей, ақыры осындай пақырлық күйге ұшыраған. Сыртқы жай ішкі тірлікке, сөз жоқ, әсер еткен:

*Сол кезде біздің қазақ ала болған.
Көлдеңен дұшпандары және болған.
Күштісі нашарларын шауып алып
Бұрынғыдай болмаған, бәле болған.*

*Ел шауып кісі өлтірсе, батыр деген
Батырлар пақырладың хақын жеген
Біз мұндай бұл уақытта болар ма едік
Істесе халық пайдасын зақылменен.*

Алайда ол өткен түп-түгел қайта оралып, сол жайма-шуақ күндерде өмір сүрер ме едік деген қиялдан аулақ. Содан бері талай заман өтті. Ата ұрпақтардың да берекелі, берекесіз тірлік еткені анық. Енді келе-келе мынадай тағдырға бас идік.

*Мінеки, бұл уақытта тұрмыз енді
Дұшманға таба болып, күлкі-досқа...
Россия мемлекетіне бағыныпты
Әбілхайыр төренің хан шағында.*

*Патша айтқан «гаділдікпен билеймін» деп,
«Дініңе һәм жеріңе тимеймін» деп,
«Оқ атпай, қылыш тартпай бағынған соң
Қалайша қадіріңді білмеймін» деп.*

Түптеп келгенде, уәде, тәтті сөз жайында қалды. Жаңағылардың бәрі желге ұшты.

*Қазағым, көрмегенің әлі алдыңда,
Боларсың көне берсең мұнан жаман.
Босында аяқ, қолың қимылдап қал,
Бір күнде тыпырлауға келмес шамаң, —*

деп ескертеді.

«Оян, қазақтағы», «Өнермен хасіл болған нәрселер» деген өлеңінде автор прогресс, цивилизация жолымен ілгерілей, дамып бара жатқан халықтардың өмірін, мәдениетін дәріптей жырлап, соларға қалайда жетуге шақырса, «Шәкірттерге», «Тәртіпті медресе жоқ қой бұл қазақта», «Мешіт, медресе хақында», «Қазақ халқына діни бір уағыз» дейтін өлеңдерінде тек діни оқумен шектелмей, ғылыми пәндерді, орыс тілін оқып, үйрену керек деген пікір айтады [2].

Ақын келімсек орыстардың зорлық-зомбылығы салдарынан басқа байлықтар өз алдына жерден-судан сырылып, шөл-шөлейтке қоныс аударуға мәжбүр болғанымызға тоқталады.

*Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер
Мұжыққа, хош аман бол, барасың да, —*

деген жолдар бұған дәлел. Одан соң еңбекқор орыстардың аз ғана уақыттың ішінде шаруасын жөнделіп, байып кеткенін жазады.

*Келді де егін салып байып кетті,
Жалқау ма бұлар, тәңірі-ай, біздің жұрттай, —*

деп шындықтан аспайды.

*Аяқ асты болып қазақ қалды ғой,
Құр әншейін рухы қалып, жан кетіп.
Шаһбазлар басшы болған мілләтқа
Аяғына қан түсті ғой мән кетіп.*

Сөз ақырында Кеңес үкіметінің құзырымен Міржақыпқа тағылған кінәлардың бірі — ұлтшылдық, өз ұлтыңды жақсы көріп, басқа ұлттарды жек көресің деген айып болатын. Бірақ осыны қайта қарасақ, шынында ақынға кінә тағуға бола ма? Өз халқын бәрінен жақсы көргеннің несі айып? Осылай ма? Міржақыптың мына сөздеріне көңіл аударсақ:

*Орыста Пушкин, Гоголь, Лермонтов
Крылов, Тургеневтер кеткен өтіп.
Қартайып бұл уақытта Толстой тұр
Өзіне мәслихаттас ерлерді ертіп.*

*Қазақта бұлар теңдес бар ғой шешен
Халықтан мойын озып болған көсем
Семейден шықты Ыбырай Құнанбаев,
Сөзінде қате бар ма сынап көрсең.*

*Ақын аз Байтұрсынов Ахметтей,
Сөзі алтын, мағынасы меруерттей.
Оқыған гибрат алып жас жігіттер
Һамасы өз халқына қызмет еткей.*

Біреп сөз «Оян, қазақтың» тіл ерекшелігі хақында. С.Торайғыровтың қатал сынағанындай («Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан»), мұнда барлық мұсылмандар ортақ оқып түсінсін деген ниетпен араб, парсы тілдерінен оқу арқылы дін жолымен, нағыз бұл емес, енген сөздер әдейі көп қолданылған [5]. Бір кезде И.Гаспринский («Тәржіман» газетінде) түрік тұқымдас халықтарды өзара бір-біріне жақындастыру амалы ретінде тілдердің осылайша тоғысуы керектігін мәлімдеген-ді. Алайда бұл пікірдің қолдаушысы, жалғастырушылар болды ма, олар кімдер айту қиын. Бәріне де төреші уақыт.

Бірақ ақын осы ойынан кейін көп ұзамай бастартып, ана тілінің («Азамат», «Терме») барлық мүмкіндігін пайдаланатынын ескеруіміз керек.

«Бақытсыз Жамал» 1910 жылы жарыққа шықты. Бұл — тарихымыздағы тұңғыш роман. Мұнда сол кездегі қазақ ауылындағы өмір шындығы қамтылған. Кейбір әдебиетшілер әр түрлі көзқарасқа қарай, онда көрініс қысқа қайырылған, жанр біркелкі емес, қара сөз бен өлең сөз араласа баяндалыпты дейді. Таза проза деуге келмейді делінгенімен, шығарма шынында автордың өлеңдерімен тыныстас елеулі дүние.

«Бақытсыз Жамал» қарапайым халықты зор қақсатқан байларға үкім айтады. Сәрсенбай алғашқыда қақ-соқта жұмысы жоқ, шаруасынан басқаны ойлап жарытпайтын, жуас бірсыдырғы дәулеті бар кісі болатын. Оны осы қалыптан өзгерткен — өзі құрал ауыл адамдары. Сәрсенбай бұрын болыс болуды ойламаса да, жұрттың желіктіруімен әкім болғысы келеді. Алғашқы талпынысы сәтсіздікке ұшыраған соң ауылдастарының ақыл-кеңесімен Байжанмен жақындасады. Басты сүйенері — қызы Жамал. Автор өзінің творчествосында үнемі жастардың оқып, білім алуына әке-шешенің көмек көрсетуін, олардың халқына жан-тәнімен қызмет етуін қалағаны белгілі. Сөйтіп Жамал да медреседен оқу бітіріп келген топтар мұғаліміне оқытып, сауаттануына жағдай жасайды. Сәрсенбай екінші болыс сайлауында жетістікке жеткені үшін қызы Жамалды Байжанның ақылы кем Жұман атты баласына әйелдікке беруге келіседі. Жұманға баруға үзілді-кесілді қарсы болып жүрген Жамал көрші ауылдың баласы Ғалимен танысып, сөз байласады. Әр нәрсенің бағасын бағдарлап білуге қажеті бар деп осындай кәсіпке үндеген Ғали — аздап саудамен айналысатын жігіт. Ақын бір өлеңінде халықты сауда-саттыққа шақырғаны бар. Байқақтап қараса, әрі әдемі, әрі әдепті Ғали жақын жерде тұратын ауылдасы, өз замандастарының алдыңғысы іспетті екен.

Ғали мен Жамал Байжандарға қарсы қолданар амалы қалмаған соң, қалаға қашып кетеді. Барған жерінеде аяқ астынан Ғалидың ауырып қайтыс болуына байланысты Жамал ақыры Жұманға қайтарылады. Аяғы жастардың бас бостандығын аңсаған армандары іске аспай, өліммен тамәмдалады.

Сөйтіп ескі дәстүр екі жасты біраз әуре-сарсаңға түсіріп, соңынан қазаға ұшырауымен аяқталады. Кезінде роман қазақ жұртшылығына үлкен серпіліс туғызды. Бірақ ескіліктің тоңы әлі де қалың еді... Москвалық профессор В.Гордлевский ол туралы рецензия жазыпты (1914). Ол деректі Ж.Ысмағұловтың қайдан алғаны белгісіз.

«Бақытсыз Жамал» туралы бірер сөз оның жарлық табиғатына қатысты.

Ағылшын зерттеушісі Ральф Фукс өзінің бір еңбегінде («Роман и народ») «Роллан туралы сөз», «Вильгельм Телль», «Тристан мен Изольда» тектес романтикалық сарындағы поэмаларды роман деп атаған дұрыс деп қорытынды жасайды. Өйткені айтылатын оқиға, кейіпкерлер тұрғысынан солай аталуға лайық деп түйеді.

Айта берсе, ортағасырлық романдар «Жиль Блаз», «Дафнис и Хлоя», «Метаморфозы», т.б. оншақтысы бірігіп келіп, біз көріп жүрген жай кітаптардан аспайды. Көлемі қысқа, айтары мол.

Олай десек, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу», «Қобыланды батыр» сынды шығармалары көшпелі жағдайға байланысты оқиға ауызша тараған, роман деуге әбден лайық емес пе? Кейіпкерлері, шығарманың қозғайтын мәселесі жағынан ой жіберсек ортағасырлық романдардан несі кем? Бұл да кең отырып ойласатын мәселе ме дейміз.

... Жақында бір топ адам М.Дулатовтың сүйегін әкеп, Торғайға, өзінің туған жеріне, жерледі. Бұл сияқты азаматтыққа алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Бірақ... Осы әкелінген мүрде Міржақыптікі ме, жоқ па? Бөгде біреудікі болып жүрмесін.

Қазақтар — бірдеңе сыбыс шықса, алды-артын тексермей, ала жөнелетін «ауыруға шалдыққан» халық. Осыдан біраз бұрын біреулердің жақында Сәкенді көрдім дегеніне нанып, Колымаға самолет жалдап барып қайтқанының куәсі болып отырмыз. С.Сейфуллин 1938 жылы 24 ақпан айында Алматыда атылған деген хабар «Қазақ әдебиетінде» жарияланған. Ал мынау не? Кеңестік жүйенің Сәкендей кісілерді түрмесінен тірі жіберуі некен-саяқ. Оның себептері толық. Ал Міржақыптың сүйегі қалай сақталған? Түрме қызметкерлерінің мәлімдеуінше, ол 1935 жылы ауырып қайтыс болған. Оны кім жерлепті? Сол кездегі тұтқындардың айтуынша, түрмеде кісі өлімі көп болған. Кімнің неден ауырып, неден өлгені тексерілмеген. Тек өліктерді үйіп қойып, шамамен жүзге жуықтағанда машинаға салып алып күні бұрын қазылған орға апарып төгіп, үстерін топырақпен жәй жаба салса керек. Міржақып та олар үшін осылайша өмірден озған біреу. Академик М.Қозыбаев Міржақыптың денесін әкелуге антрополог та, медэксперттің де болмағанын айтқаны бар («Бетпе-бет» хабарында, 15.12.1999 ж.). Белгілі әдебиет қайраткері Анастасия Цветаеваның сөзіне құлақ түрсек, Ұлы Отан соғысы басталысымен Қорғаныс комитеті бірсыпыра интеллигенттерді Москвадан тылға жедел көшірген [6]. Соның бірі — Марина Цветаева. Елабуга қаласына барып, уақытша бір шалдың үйіне орналасқан. Оның 16 жасар ұлы (Георгий) бұзықтықпен шешесіне бағынбай өскен. Баланың айтқан бір сөзіне шыдай алмай, Марина өзіне-өзі қол жұмсайды. Соғыс аяқталғаннан кейін Анастасия апасының кейінгі хал-жағдаймен хабардар болуы үшін Елабугаға барған. Шал әлі тірі екен. Ол өз қолыммен қойдым, моласын білемін деген соң, екеуі іздеп-іздеп таппайды да сіңлісі кейін қайтып кетеді. 1–2 жыл өткен соң құлпытас жасатып, Маринаның басына қою мақсатымен тағы келеді. Бірақ моласы жермен жексен болып кеткендіктен тағы таппай, салмағы тоннаға жуық ескерткішті әрлі-берлі алып жүру қолайсыз болғандықтан, қабірдің біреуінің басына қоя салады да кері оралады. Маринаның опат болуы 1941 жылы да, Анастасияның іздеп баруы 1960 жыл. Іздегендері елге еңбегі сіңген белгілілер қатарындағылар болса бір сәрі. Ал Міржақып советтік құрылысқа «қарсы шыққандардың» бірінен саналады. Оған бөлек мола соғылуы екі талай. Қарапайым логика осылай дейді.

Қазақтың көнбіс көкірегіне еркіндік, теңдік сәулесін түсірген алыптар тобы жайындағы қысқаша түсінігіміз осымен тамәмдай келіп, өзгелерден бір айырмашылығы жалпы Міржақыптың табиғатының мейлінше алғыр да, өткір ойлағанын ешбір тайсалмастан бетке айтатын турашылдығына тәнті боламыз. Халқының қайыршылық халін жалтақтамастан, тартынбастан алыс-жақынның бәріне жария етті. «Құрт жайлаған тамырын қу ағаштай» жұртының алдында өзінің адалдығын сақтай өтті. Әмин!

Әдебиеттер тізімі

- 1 Нұрғалиев Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. — Алматы: Фолиант, 2002. — 528-б.
- 2 Ысмағұлов Ж., Дулатов М. Шығармалары. — Алматы: Ғылым, 1991. — 207 б.
- 3 Әуезов М. Абай жолы. — Алматы: Ғылым, 1980. — 424 б.
- 4 Шарипов С. Баганалинцы // Советский Казахстан. — 1924. — С. 3,4.

- 5 Торайғыров С. Шығармалары. — 2-к. — Алматы: Жазушы, 1993. — 138–143-б.
6 Цветаева А. Воспоминания. — М.: Сов. писатель, 1983. — С. 767.

З.Жумағали, Г.Жумағалиева

Представители интересов народа

В статье всесторонне рассматривается казахское духовное наследие начала XX в. — литература ярких представителей интеллигенции Алаш. На примере творчества А.Байтурсынова, М.Дулатова исследуются национальные проблемы. Наряду с этим поднимается вопрос о национальной политике в литературе, преломленной через призму социально-политических проблем общества. Автор выявляет взаимосвязь между общественными явлениями и духовным наследием на примере казахской литературы.

In article comprehensively is considered the Kazakh spiritual heritage of beginning of XX century such as creativity of bright representatives of the intellectuals of Alash party. On an example of creativity of A.Bajtursynov, M.Dulatov are investigated nationalist problems, alongside with it the question on the national policy in the literature through a prism of sociopolitical problems of a society rises. The author reveals interrelation between the public phenomena and a spiritual heritage on an example of the Kazakh literature.

ӘОЖ 82:821.512.122:82–31

К.А.Төлеубаева, С.Қасымова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Антиобраз және қаламгер тұғырнамасы

Мақалада басты кейіпкер бейнесі және автордың танымның реалистік табиғатына жаңаша көзқарасы жоғары деңгейде қарастырылды. Сондай-ақ жас зерттеуші тарапынан философиялық және психологиялық ой білдірудің стильдік ерекшеліктері аталды. Мадина Омарованың әңгімесінде қаһармандардың және олардың антипод — антибейнелерінің әр түрлі психологиялық сипаттамалары жан-жақты ашылған. Мақала авторлары қазіргі қазақстандық прозадағы постмодернизм орны жайындағы мәселені зерттеді.

Кілтті сөздер: постиндустриалды, мәдениет, постмодерн, жаңа мыңжылдық, ақпарат ағымы, жаңаша көзқарас, ізденіс, тың ізденіс, көркем шығарма, қаһармандар әлемі, жас жазушы, қазақ прозасы, кейіпкер болмысы, әдеби тенденциялар, экзистенциализм ағымы.

Қоғам — постиндустриалды, мәдениет — постмодерн. Ал әдебиет қайда бет бұрып бара жатыр?

Үшінші жаңа мыңжылдыққа аяқ басу — бір құбылыстың басы, екінші бір құбылыстың соңы болуы бек мүмкін. Ақпарат ағымы тасқындаған заманда, ғасырлар тоғысында таным дағдарысы белең алды. Жаңа мәдениет көкжиегін көксеген жаңаша көзқарас ізденіске бастап, осы тұста тың талғам қалыптасуы уақыт заңдылығы десек те болады. Тың ізденіс әдебиетте жемісін қалай беріп жатыр? Бұл — бүгінде сөз өнеріндегі жауабын күтіп тұрған өзекті мәселе. Біз бұл жобамызда жазушы Мадина Омарова шығармашылығы арқылы өз жауабымызды беруге тырыстық. Бірден көзге шалынатыны, М.Омарованың кейіпкерлерінің күрделілігі, қайшылықты болмысы. Автордың көркем шығармаға арқау еткен идеясының образға айналуы, яғни қаһармандар әлемі жас жазушының қазақ прозасына алып келген өзгеше демі іспеттес. Қоғамдық мәселеден гөрі, кейіпкер болмысына терең үңілу, шынайы табиғатын таныту жаңа заман еншісіндегі жаңаша автор тұлғасын елестетеді.

Қазақ прозасында соңғы жылдардағы әдеби тенденциялардың бірі ретінде белең алған экзистенциализм ағымын Мадина да айналып өтпейді. Бұны біз қаһарман мен авторлық позиция арақатынасына терең үңілгенде байқай түсеміз. Ақиқатқа адам болмысын тану арқылы жетуге ұмтылыс, өмір сүрудің мәні — өзінді өзің тануда деген сынды қағиданы басшылыққа алып өмір

сүретін замандастарының қазіргі қазақ қоғамындағы трагедиялы табиғатын образдардың өз әлемінен аспай жататын өзінше реалистік психологиясы арқылы жеткізеді. Қаламгер туындыларынан сан алуан кейіпкер галереясын көруге болады. Өзінің әрекетіне есеп бермейтін абсурд қаһарман, өзін шексіз сүйетін нарцистік психология, шектен тыс эгоист, өзін-өзі таба алмай адасқан, сезімнен ада тас жүректер т.б. Мистикалық әңгімелердегі елес адамдар да өзіндік айтары бар дара персонаждар. Адам жанын, батыстан жеткен капиталистік қоғам тәрбиелеген замандастардың жан дүниесін оның әлемге көзқарасы, айналамен байланысы, өмір сүруге деген құштарлығының дәрежесі, өмір мәнін түсінудегі парасат-пайымына қарай беруге тырысқан. Осы алуан психологияның басын қосатын бір ұқсастық бар. Ол қандай үндестік? Оған шығармаларды талдау барысында мүлтіксіз көз жеткіземіз.

Қазіргі әдебиетті бұрынғы кеңестік сыңаржақты үрдіспен тақырыбына қарай жүйелеу тар шеңбер екендігін, себебі көркемсөз өнерін белгілі бір қасаң тақырып қазығына матаудың бұрыстығын уақыт өзі дәлелдеп отыр. Ендеше тұтас бір дәуір әдебиетінің даму тенденцияларын айқындайтын тақырыптың өзектілігінен де бұрын оның көркемдік сапасы болмақ. Ал көркемдіктің өлшемі — кейіпкер мінезінің даралығы мен шынайылық сипаты, адам жанының диалектикасын ашуда екендігін ескере отырып, біз бұл еңбекте қаламгер шығармашылығын жаңаша көзқарас талабына сай зерттеп, зерделемекпіз.

Қаһармандардың қиын да күрделі психологиясы, ақылға сыйымсыз әрекеттері қазақ ұлты ғана емес, жалпы адамзат жанында өтпелі де қауіпті, соңы белгісіз бір үдерістің өтіп жатқанын аңғартқандай.

М.Омарова туындыларында кейіпкер бей-берекеттігі, өзі бір жеке әлем жасап алып, басқаға сұлқ қарайтын болмысымен дараланып тұрады. Сүйкімсіз, сұрқай образдар табиғатына терең үңілген сайын олар үшін жалпы адамзаттық игі идея, бүкілқоғамдық құндылықтардың «ештенеге» татымайтынына куә бола түсеміз. Сана ағымын жіті қолданған автор субъектінің ішкі жан-дүниесін барынша ашып, көздеген көркемдік концепциясын сол «жағымсыз» кейіпкер психикасына салмақ сала отырып жеткізеді. Қалыптасқан проза үлгісіндегідей әр түрлі образдар тай-таласқа түсу арқылы кімнің «жағымды», ал кімнің оған қарама-қайшы образ екені танылып жатпайды. «Экономикалық және рухани дағдарысқа ұшыраған елдің өмір сүру принципі өзгеше мәнге ие болғандықтан, әрбір адам өзінше тіршілік етуге ұмтылған, мәселені жеке-дара шешуге тырысқан «өзімшіл» сананың күшейуіне ықпал етті. Нәтижесінде мың құбылып, күнде өзгерген заман ыркы ұлт психологиясына айтарлықтай жарықшақ, сызат түсіріп, қырық құбылған индивид характер тудырғаны ақиқат. Қоғамдағы адам баласының ала-құла мінезі мен әрқилы іс-әрекеті түрлі оқиғаның тууына, бұрын қазақ арасында болмаған жағдайлардың орын алуына дейін көрініс берді» [1]. Кейіпкерлер бастарынан өткен шындықты «өзінше» дұрыс бағамен жай ғана баяндайды. Ешкімнің ақылы оларға қажет емес. Оларды сан қилы әлеуметтік қайшылықтарға толы қоғамның зардабы тәрбиелеген. Жоқ-жітік, әлеуметтік теңсіздік «қатайтып» жіберген бұл кейіпкерлер өзгелер жан түршігетін жағдайларды маса шаққан құрлы елемейді. Әрі өзінің бұл әрекеті дұрыс еместігіне де басы ауырмайды. Антиқаһарман — өз бойында адамшылық пен пендешілікті қабат сыйғызған адам образы. Кейбір шығармаларда қатыгез, немқұрайлы, тіпті сүлесок, жауыздықтан тайсалмайтын болса, енді бір шығармаларда мұңды, жан дүниесі ізгі болса да қоршаған ортасы оны түсінбейтін, өзі де алға ұмтылмайтын қайшылықты кейіпкер екенін ескерсек [2], автордың «Ана ғұмыр» мөлтек романындағы Гүлзираштың алғашқылардың сапына жататынын мойындаймыз. Оны өзі де ашық айтады. «Әжем қайтыс болғаннан кейін, мен өзімнің туған анамның қолына интернат көріп, жетім қалған мені асырап алуға ниет білдірген барлық туыс-туғанның қолынан өтіп, бір-ақ оралдым. Осындай қилы ғұмырды бастан кешкен соң ба, мен аздап, жұмсартып айтқанда, еркіндеу едім». Әжесі қайтыс болған сәттен ол балалығын жоғалтады. Алаңсыздық орнын басқан мұң, әлдебір көмескі бақытсыздық жетелеген қара қызды шын мәнісінде, туыстары емес, қатыгез өмір тәрбиелеген. Сондықтан да ол «бірбеткей, өзімшіл, қатігез, ақымақ». Іштен оқып туғандай, жалпы психологиясы дұрыс қалыптасқан мейірімді, ұқыпты, жұғымды қыздарды ол жан-тәнімен жек көреді. Тіпті өз анасы да жерініп, «сұқсырдай сумақай, жұртқа жұғымы жоқ, сүйкімсіз сұмырай» деген баға берген. Оған жасыған кейіпкер жоқ. Қиналмастан: «Негізі мен шешемді адам екен демейтінмін», — дейді жайбарақат. Өзіне лайықты зат алдыру үшін ғана шешесіне ілесуі шектен тыс эгоизмін көрсетсе керек. «Адам адамға қасқыр» деген капиталистік қоғамның қасаң қағидасын бала күнінен құлаққа ілген. «Үйдің іші астан-кестең. Төбелес, қағылған-соғылған ойын. Әлі келетіні әлжуазын сабап, бажылдатып жатады. Темекінің де дәмін сол кезде таттық. Тіпті ішіп те көрдік.» Кері кеткен өміріне қапаланған анасының жан айқайын сезіп, оны «қатты аяса да» селт етпейді. «Жанына жалау»

тұтқысы келген ана үмітін әпсәтте аяққа басып, «Бірақ мен өзімнің сол кездері басқа емес, сондай болғаным үшін өкінбеймін. Маған әлі күнге дейін Тимур секілді балалар ұнамайды. Суқаным сүймейді оларды» деп тұрған сезім иесінен сескене бастайсың. Балалық шағы батпақты болған кейіпкердің кейінгі өмірі де күліп жарытпайды. Еті әбден өлген, қорқынышты, жиіркенішті әрекеттер дағды боп сүйекке сіңеді. Өз тілімен сөйлетсек: «Мен махаббатқа сенбеймін... Жасамай жүрген ұрлық па... Мен қорқынышты фильмдерді ұнатамын. Маған қарабайыр, өмірдің өзіндей анайы қорқыныш керек. Жақсы жазылған қорқынышты кітап болса оқимын». Ол бір сәт өзінің абсурд образ екенін де таныта кетеді: «Сөйлесем — аузымнан сандырақ шығады». Өз сезіміне ие болмай, көңілі қалағанды танытып, жанындағыларға психологиялық шабуыл жасап отырады. Тіпті өзіне «жынданған» енесін көргенде «іштей масайрап, әкесінің құны түгел қайтпаса да, қайта бастағандай, әлдебір рахат күйге енеді». Қаһарманның «анти» болу себебі, ол үшін өмір тек қорқыныштан тұрады. Басқа ештеңе емес. Сондықтан да өзін іштей осындай қарама-қайшылыққа дайындап өскен ол, бәріне сүлесөк қарау арқылы өзін-өзі қорғайды. Маңдайынан бес елі соры арылмаған бейбақ екенін біле тұра, жасымайды, келеңсіздікті ойлап жүйкесін тоздырмайды. Тіпті жақсылыққа ұмтылыс та танытпайды. Көше қаңғыбастарынан кешірім сұрап жүретін жаны нәзік Жәдігер қоғам алдында рухани қорғансыздығын сезіп, Гүлзираштың замана запыранына жиіркенбес батылдығын пана тұтады. Өзінікінен басқаны мойындамайтын, өзі түсінбейтін, ақылы жетпейтін нәрсені бар деп білмейтін кемшілігі — оны өз танымындағы қорқынышты қоғамнан құтқарар асыл қасиеттері. Бір қарағанда, қасіреті тәрізді. Жүрегін жауып, санасын соқыр қып қойған. Бірақ Гүлзираш өзі ойлағандай тым сүйкімсіз жаратылыс емес. Автор кейіпкерді бүкпесіз сөйлету арқылы әрі даттап, әрі ақтап отырған. Әжесінің ыстық махаббатын аз уақыт болса да сезініп өскен бұл қыз рухани мүгедек емес. Дәстүрлі түсінігіміздегідей жағымсыз образға жатқыза алмайсыз. Балалықтың бал күнін кешіп жүрген бүлдіршінге әжесінің қазасы бар ғұмырына созылып кете барған сорды қоса ала келді. Өмірдің негативті жақтары ғана көзіне шалынатын ол әжеге деген сағынышын суретке түсіргісі келді. Солғын түстермен. АҚ, ҚАРА. Бұл оның өзіміз санасында қалыптасқан өмір жолақтары еді. «Алпамыс», «Қобыланды батыр» сынды халық ауыз әдебиетімен сусындап, рухани азық алып өскен. Бала күнінде өлең жазған. Әлбетте, жаны жақсылықты қалар, сезімтал жандар өлең жазуға құштар болып келетіні аян дүние.

Қыста да, жазда да

Тұра берші, көп гүлдер.

Қарабайыр шумақтарда философия жасырынып тұр. Пәктіктің, нәзіктіктің символы — гүлдің қысы-жазы солмауын қалайды. Демек, оның жаны ізгілікке құштар. Адам баласының әу баста негізінің таза екенін алға тартқан автор қара қыз жан дүниесінің жылдар өте жұтаңдауының себебін қоғамдық шындықтарды баяндалу барысында көз алдыға әкеледі. Адам мен қоғам арасындағы бітіспес тартыс. Адам қоғамды қалыптастыра ма? Жоқ, қоғам адамды тәрбиелей ме?

Адам деп есептемейтін анасының тауқымет азабын бұл да тартады. Жай ғана емес, қатты аяйды, бірақ іштей.

Зұлым, тасжүрек боп көрінген қаһарманның өзі бір сәт сол адам баласының зұлымдығынан жериді. «Мен бұл кісіні жек көремін. Мен жалпы бұларды отбасымен жаратпаймын. Кенеттен ауылдан бірақ шықсам ғой.» Өйткені бұл маскүнемдер жанұясы еді. Тексіз еді. Ол жусанның иісін аңсайды. «Бұл өмірде жусанға жететін не бар. Тіпті өсіп тұрысының өзінде жылу, ошақтан шыққан түтіндей тіршілік бар». Автор осы бір деталь арқылы сезімге селт етпес қаһарманының туған жерге, ауылға деген ыстық сағынышын жеткізеді. Ошақтан шыққан түтінге тенеуіне қарап, бауырлары, анасы, күйеуі, енесіне мейірім танытпай, қатыгездігімен дараланып жүрсе де көкейінде сүттей ұйыған біртұтас отбасына аңсарын да аңдатып өтеді. Тамырын жайған жусан — керегесі кеңге кеткен өміршең шаңырақты аңсаған жасырын күйзелісін көрсетеді.

Рухани жарастық таппай санасы тұйықталған Гүлзираш қоғамды жатсынады. Аптап ыстығы есінен тандырып, мұрнынан қан ағызатын ауылынан басқа мекенді қабылдамайды. Басқа жердің бәрі бөтен. Ол да бөтен.

Бауырларынан қамқорлығын аямаған қолғанат қара қызды ол өзіне қарама-қарсы, шындық ауылынан барынша алыс кейіпкер етіп алады. Мұндай қайырымды жандарды суқаны сүймейтінін айтқан ол өз-өзіне қарсы шығады. Этюдтегі қара қыз тәрізді мейірім иесі болғысы келсе де, ішкі қайшылық тежейді, қатыгез қоғам қалыптастырған қикар болмыс жібермейді. Әйтсе де, түп негізінде қамқорлық, бауырмалдық сезімі бұғып жатқанын жасыра алмай қалады. Әрекетсіз болса да, бауырларына аузынан жырып беріп, тынымсыз қолқабыс жасап, мейіріммен қарауды ойлап қоятынына шүкіршілік еткендейсің.

Қоғамда көп ешкім бас ауырта бермейтін бомждар тағдырының алаңдатуының өзі-ақ оның қоғам жасап берген «темір сауыттың» ар жағында астар боп жатқан ізгі жаратылысын аңғартып өтеді. Әрі-беріден соң антиқаһарман тағдырға сенетін иман иесі екенін танытады. «Мені не деп қарғайды, менің қандай кінәм бар. Оны Алла көрмей тұр ма?» Өзінің жазықсыз екенін дәлелдеп, әділдік іздейді. Қанша қыршаңқы бола тұрса да, өтірік айтпайтындығын, жалған ақталудан аулақ бірбеткейлігін бала күнінде анасы таяқтың астына алғанда, әрекетінің бұрыстығын үнсіз мойындауынан байқаймыз. Баласы Алкенге деген махаббаты да шексіз. Өзі көрген тағдыр тауқыметін мына қытымыр өмірден әлі бейхабар баласының тартқанын ана жүрегі қаламайды.

Рухани дағдарысқа ұшыраған кейіпкердің эпилогтағы толғанысы оқырманға тың ой тастайды. Шығарма бойында кездескен бар сұрақтың жауабын табамыз.

«Мен әжем туралы ойлаймын. Ол кісі мен үшін Ұлы жұмбақ. Тылсымына бойлай алар емеспін. Бәлкім, күндердің бір күні кездесерміз, сонда ұғармын әлденені». Өзін-өзі жатсынған, тарихи тамырынан ажырап бара жатқан антиқаһармандар үшін қай жағынан алсаң да тұнығы лайланбаған Әжелер табиғаты тылсым болып қалуы заңдылық еді.

Жаңа заман қаһармандарының күрделі бір қыры «Коньяк қосылған кофе» драмасында терең ашылған. Мораль тенденциясын алдыңғы кезекке шығара отырып, автор адам проблемасын шешу жолында тың ізденістерге барған. Кейіпкерлердің қоғамдағы орны айқын. Бірі сырт қарағанда жұп-жұмыр, сүттей ұйыған «үлгілі» отбасы. Әке де, шеше де — тәрбие негізін қалаушы педагог. Ал Шәменнің қандай ортада өскені шығарма шырқау шегіне жеткенде ғана ашылады. Қоңыз теріп жанын бағып жүрсе де ірілігін бермейтін тектілікті аңсаған кейуананың да, сол ескінің көзімен ымыраға бір келмейтін келінінің де ә дегеннен Шәменнің болмысына көңілдері толмайды. Сүйегін танымай отырған Шәмен рухани жұтаң, қазақшылықтан ада, әке тәрбиесін көрмеген тексіздігін танытып алады. Бірақ анадан да жарытып тәрбие алмағанын көргенде адасу үшін, басын тасқа соғу үшін келген сорлы ұрпақ па деген ойға еріксіз келесің. Қатыгез тағдырдың құрбандығына айналған кейіпкерлер арасындағы қайшылық Батыр тәрбиесіне келгенде асқына түседі. Білімін өмір қажеттілігіне ұштастыра алмаған ғалым-әке өз әлемінен аса алмаған. Бала тағдыры алаңдатып жатқан әке жоқ. Ана да, әке де бақыттың бағасын материалдық байлықпен шектеп қойған. Ал баланың жан дүниесі назардан тысқары қалған. Бал арасы тәрізді таңды таңға ұрып тынымсыз атқарған еңбектерінің нәтижесі кім үшін екенін де ойламаған. Қызметі алдыңғы орынға шыққан ананың аялы алақанын аңсап өскен Батырдың трагедиясы тірі жетімдігінде еді. Шәменнің тілімен айтсақ, ол да, «күйеуімен ажырасып, бала-шағаларының алдында ішіп те, құсып та жататын» қарындастары да жабайы мысықша өскен. Бұл — бүгінде бүкіл қоғам трагедиясы. Әуезов негізін салған жетімдер тақырыбы қазіргі сәтте тірі жетімдер проблемасына ауысқан. Отбасы мүшелері мұрнын шүйірген Шәменге жігіт бір сәт қызыға қарайды. Өйткені олар шүйіркелесіп, сыр бөліседі. Көңілдерін қызымен қосыла санап отырған анадан ол жиіркенбейді, қызғаныштан жылайды. Жаны қиналады. Танымал Раскольниковтің «О, милые и несправедливые сердца!» деп қиналатыны бар еді [3]. Батыр да күйзеледі. Өзін тек қатардан озық болуын ғана қалап, жан дүниесіне туған бола тұра кіре алмаған әке-шешесін «Мен де өзімнің әке-шешемді жақсы көремін ғой, Шәмен. Бірақ кешіре алмаймын» деп бақытсыз балалығы үшін, бар бола тұра жоқ болған тірліктері үшін жазғырады. Ал «Мен әкемнің кім екенін де білмеймін, шешемнің өзі де білмейді. Сұрай қалсам, шатасып екі-үш кісінің атын айтады» деп жымиятын Шәмен қорлық тірлік кешіп жүрсе де, анасымен қиындықты бір бөлісіп, құшақ жылуын сезініп өскендіктен де өзін бақытты санайды. Тіпті неше түрлі сұмдықты көрсеткен анасының кезекті бір көңілдерінің айуандығын жасырып қалады. Онсыз да жырым-жырым ана көңіліне салмақ түсіргісі келмейді. Анасы — оның «жүрегі.» Күмән мен қорқыныш, қорлық тәрбиелеген Шәменнің күрделі, жұтаң рухани әлемін, ішкі сезімін автор арнайы бейнелеу тәсілдеріне жүгінбей-ақ, әрекеті арқылы көрсетуге мән берген. «Сен адам өлтіріп көріп пе едің? Алқызыл ыстық қан алақаныңды жуып, жүрегінде мұз боп қатып жатқан кесек кекке нұрша құйылған сәтті бастан кешіп пе едің. Қан, тек қан ғана жуа алатын, тазарта алатын кек болады өмірде...». Оқырман жан-дүниесіне әсер етуде Мадина осылай келеді. Қантөгісті аңсап тұрған Шәмен кім? Енді жауап іздейміз. Өз қызын өз әкесінен қызғанған ананың қылығын қалай түсінеміз? Құндыз неге ғайыптан жоғалып кетеді? Күмәншіл кейіпкерлермен бірге оқырман да күдіктене бастайды. Бәлкім, шынымен Батыр... Оқырман жауап таппай дал болады.

Адам, Қоғам, оның әлеуметтік қырларын танытуда жазушы кейіпкер басындағы жатсыну процесін жиі сөз етеді. «Бақсының моласындай одағай, сайғақ жүрісті» Құндыздан Батыр жанына жақындық, ұқсастық табады. «Мен де өмір бойы сенделумен келемін». Әлемдік әдебиетпен арна

тауып жатқан төл шығармаларымызда 70–80-жылдар прозасынан бастау алған экзистенциалистік таным концепциясы — жатсыну процесі осындай философиялық ой тастайды. Батыр өзін-өзі танымаққа қадам жасайды. Нәтижесінде адамдарды жатсынатынын түсінеді. Өзіне «күлак естіп, көз көрмеген» айып тағылғанда, әйелінің жетімдер үйінен шыққан анасымен көрген естеліктерін естігенде жаны түршігеді. «Анасын көріп қызын ал...». Маңдайы тасқа соғылғанда ғана қайран әже ақылы есіне түседі.

— ...Қазір өлесің. Жүрек талмасынан өлгендей боласың.

...Енді айтшы, кетіп бара жатып шындықты айтшы, мен қателескен жоқпын ғой?

— Қателестің. Сен қателестің. Шәмен.

Күмән мен күдіктің соңына өліммен нүкте қойылады. Бірақ шындық қайда? Образдардың ішкі психологиясын шыншыл беруде диалогтар роль атқарып тұр. Шәменнің бірінші күйеуі де жүрек талмасынан қайтыс болған. Сонда Батырды «ауру» деп жазғырған Шәменнің өзі дертке шалдыққан болып шығады. Кейіпкерлерінің жұмбақ болмысы, психологиялық пайымдаулар арқылы өмір шындығы осылай берілген.

Жас қаламгер қазақ прозасында интеллектуалдық дамудың үрдісі жүріп, жаңа құндылықтармен толығып жатқанын анықтай түскендей. Модернистік поэтиканың сана ағымы, фантастикалық бейнелеу, түс, т.б. түрлерін пайдаланған. Характерлердегі сапалық өзгешеліктер жаңа философиялық таным, дүниетану жаңа стильдік бедерлер, көркемдік ерекшеліктермен берілген. Осы орайда прозаға серпін жасап жүрген жазушы Дидар Амантайдың мына өз ұстанымының жандылығын ескере кеткен дұрыс: «Байлауы жоқ қызыл сөз қуған лингвистикалық орамдарды мейілінше азайта отырып, сюжеттік желіге құрылған уақиғалы сөйлемдерді көбірек жазу. Прозаның дамуы әрдайым оқиғаға құрылуы керек. Құрылған сөйлем сізге нақты жауапты алға тартпайтын, сауалы мол сөйлем ретінде құрылуы тиіс. Сөйлемнің үйлесімділікке, үндестікке құрылып, бірнеше мағына бергені әрі оқиғаны суреттегені, ойды хикаятпен бейнелегені жөн» [4]. Постмодернизмде бірыңғай стиль жоқ, сондықтан жарып шыққан постмодернистік стиль болмайды. Қысқа да нұсқалық, қарабайыр емес, қарапайым суреттеу, оқырманды бірден оқиғаға тарту арқылы қызығушылығын арттыру бұл ағыммен қатар келгенін де уақыт көрсетіп жатыр. Бірақ постмодернистік әдебиеттің дәстүрге қарама-қайшы келіп жататынын ескерсек, қаламгердің шығармашылығына қарап, нақты шешім қабылдау әлі ертерек екенін, оның осы екі ағым арасында ізденісте жүргенін аңғарамыз. «Дәстүр мен жаңашылдықта еркін жүзетін, классика мен постмодернді бірдей меңгерген постреализм — Адам тіршілігінің маңызы туралы мәселе қояды және көзге көрінетін «бей-берекеттен» өзінің ғана әлемін» жасайтын кейіпкер арқылы шешеді» [5].

Біз бұл зерттеу мақаламызда қазақ әдебиетіне жаңа сөз болып қосылған жас прозашы Мадина Омарова шығармашылығының ерекшелігін кейіпкер болмысы арқылы аша отырып, жалпы прозамызда өтіп жатқан үдерістерді зерделеу, сараптау, сол арқылы қоғамдық-әлеуметтік үдерістерге шығу мақсатын көздеуге тырыстық. Көптеген қызғылықты үдерістер жүріп жатқанына көз жеткіздік. «Жалпы, әдебиет дегеніңіз — адамның жан сағынышы, мөлдірлік, тазалық екенін ойлағанда, әйел қаламгерлердің өмірдің небір құбылыс, қалтарыстарын нәзік сезінетінін, сол арқылы үлкен мәселелерге шығатынын көреміз» (Ә.Бөпежанова) [4]. Өзінің бейтарап кейіпкері арқылы автор тұлғасының сан қырлылығы, адам жанын түсінудегі терең суреткерлігі, сыртқы әлемнің замандастарының ішкі жан дүниесіне жасап жатқан төңкерісін бар болмысымен сезіне алғандығы бүгінде проза саласының жаңаша дамудағы бет алысын көрсетеді. Рухани кеселге шалдыққан қаһармандар арқылы қоғамның қасіретін көз алдына әкеледі.

Сан алуан образдарға куә болдық. Бүгінгі Өмірді — айна, қатесіз танытып жатқан шығармаларынан түйетініміз, бар туындыда бір ғана қаһарман — уақыт деп түйеміз.

Қазақ прозасында постмодернизм үлгісі дәстүрлі поэтикалық құралдарды толық алмастырған жоқ, екеуі қатар дамып келе жатқанына аталған еңбекте көз жеткіземіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Оразбек М. Абсурд, немесе антиқаһарман // Қазақ әдебиеті. — 2006. — № 5. — 3 ақп. — 8-б.
- 2 Оразбек М. Көркем прозадағы шығармашылық тұлға мен авторлық позицияның арақатынасы: Филол. ғыл. канд. ... автореф. (1980–2000 жылдар әдебиеті бойынша). — 12-б.
- 3 Достоевский Ф.М. Преступление и наказание. — М.: Худ. лит., 1970. — С. 81.
- 4 Интернет материалдары. Massagan. kom, googel.
- 5 Омарова М. Ана ғұмыр. Проза. — Алматы: Жалын, 2009. — 4-б.

К.А.Толеубаева, С.Касымова

Антиобраз и принципы писателя

В статье рассматриваются образ главного героя, новый взгляд автора на реалистическую природу познания, отмечены стиливые особенности выражения философской и психологической мысли. В рассказе Мадины Омаровой всесторонне раскрыты различные психологические характеристики героев и их антиподов — антиобразов. Авторами статьи исследован вопрос о месте постмодернизма в современной казахстанской прозе.

The article is devoted to the questions about image of protagonist and most recent view of the author on realistic nature of human's perception. Researcher also deals with the problem of style of expression of philosophical and psychological reflection. There is in the Madina Omarova's story exposed different psychological descriptions of protagonists and their antipodes (antiprotagonist). The author of the article examines the question of postmodernism in modern kazakhstan prose.

ӘОЖ 894.342

Н.Б.Ақжүнісова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Тарихи романдағы тұлға тағылымы С.Сматаевтың «Елім-ай» тарихи романы негізінде

Мақалада С.Сматаевтың «Елім-ай» тарихи роман-трилогиясында тарихта болған би-шешен, батырлар бейнесі арқылы ұлттың рухын ояту, азаттық идеясын дәріптеу, отансүйгіштікке тәрбиелеу сияқты қаламгердің ұстанымы сөз болды. Тарихи тұлға бейнесінің оқырманға әсері, берер тәлім-тағылымы, ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі — мақаланың идеялық қазығы. Романда жазушының авторлық ұстанымы мен ұлттық идея проблемаларын көтеруге алғышарттар жасалды.

Кілтті сөздер: ақын-жазушы, тарихи тұлғалар бейнесі, танымдық сипат, тарихи шығарма, қаламгер ұстанымы, жазушылық тұғырнама, авторлық ұстаным, жазушы дүниетанымы, ұлттық идея, тарихи туынды, әдеби үдеріс, қазақ қаламгерлері.

Егер өнерді жасаушы, яғни ақын-жазушы өз шығармасын тарихи тақырыпқа арнаса, онда ол міндетті түрде тарихи тұлғалар бейнесін сомдайды, ал, ол бейне қаншалықты дәрежеде жасалды, тағылымы мен тәлімі қандай, танымдық сипаты қандай, міне, бұл жайт белгілі бір дәрежеде сол шығарманың көркемдік-эстетикалық өре-деңгейіне де көрсеткіш бола алады.

Тарихи шығарма жазуда қаламгер ұстанымы, негізінен, оның жазушылық концепциясынан туындайды. Авторлық ұстаным — жазушы дүниетанымының іргетасы. Суреткердің авторлық ұстанымы оның өз шығармасындағы алдына қойған мақсат-мұрат, айтпақшы болған ой-идеясымен тығыз байланысты. Қандай жазушы болса да, өз ұлтынан тыс тұра алмайды. Демек, ол — белгілі бір дәрежеде ұлттық идеяның жаршысы. Егер «Ұлттық идея дегеніміз — этностық мезгілдік һәм мекендік факторлар арқылы айқындалатын тәжірибесі, танымы және талғамына байланысты бірте-бірте жыңғырып-жаңаланып отыратын, бірақ өзіндік ілкі белгілерін жуық арада жоғалта қоймайтын табиғи-тарихи әрі тылсымдық бітім-болмысының, сана-сезімінің, мінезі мен мәдениетінің, соған сәйкес туындайтын әлеуметтік мұрат-мүдделері мен қимыл-қозғалыстарының жалқылық та, жалпылық та мәнін жинақтаған ұйытқысы» [1] деген пікірге ден қойсақ, тарихи туынды авторының ұлттық идеяны айрықша проблема етіп көтеретіні әлемге аян. Олай болуы заңды да, себебі «суреткер — өз заманының ұлы, өз дәуірінің үні. Ол өзі өмір сүріп отырған мезгіл мен мекендегі қандай құбылысқа болса да енжар, бейтарап қарай алмайды. Оны бәрі тебіртетеді, ол бәріне араласады. Ендеше, оның қаламынан туған шығармалар да бір емес, бірнеше тақырыпқа жазылады; бір емес, бірнеше проблемаға құрылады» деп жазған академик З.Қабдоловтың пікірінің жаны бар екенін айтуға тиіспіз [1; 106]

XX ғасырдың 60–70-жылдарындағы әдеби үдерісте өзгеше екенін, айрықша қарқынмен көзге түскен қазақ қаламгерлерінің қатарына С.Сматаев жатады. «Астана оттары» (1968) өлеңдер жинағының, «Тағдырлар» (1976), «Сен кімсің» (1977), «Әз-әзіл» (1978), «Жұлдызым менің жоғары» (1985) пьесаларымен қатар, «Жұмбақ қыз», «Жаяу Мұса» операларының либреттоларын жазған автор қаламынан бірталай аудармалар және «Армысың, ана!» әңгімелер, повесть (1970), «Алау» повесі (1974), «Елім-ай» I-ші кітап (1976), «Елім-ай» II-ші кітап (1980), «Ақжелең» (1979), «Бұлақ» (1983), «Мәңгілік бастауы» (1987), «Біз құлмыз ба, кімбіз?» (1997), «Елім-ай» (1998), «Жарылғап батыр» (2003) романдары, «Қобыланды батыр» (1981), «Алғашқы асу», (1982) повестері мен мен «Ғарышқа көз тіккен жер» (1985), «Ой маржандары» (1984), «Үш пайғамбар» (1992) мақалалар жинағы туды. Шығармалары басқа елдер тілдеріне аударылды.

Мәскеу болат және қорытпалар институтында оқыған жылдары ұлт мүддесін қорғайтын партия құрып, оның белсенді мүшелерінің бірі болуы С.Сматаевты өз халқының тағдырына немқұрайлы қарай алмайтын деңгейге көтерді. Екіншіден, жазушының әдеби үрдіске араласқан кезеңін 60-жылдардың бас кезінде аз да болса орын алған КСРО-дағы «жылының» сәттен болмысын қарауға болмайды. Дәл сол тұста әдебиетке келген серпінді топ өкілдерінің алдында «Адам, ол кім? Оның өмір сүрудегі мақсаты неде? Өмірдің мән-маңызы, мазмұны неде?» деген сауалдар тұрып, олар әлемде болып өткен алапат оқиғаларының негізгі себепкері адам деп тауып, сол адамның болмыс-бітімін, жан әлемін, ішкі дүниесін зерттеуге ден қойып еді. Бірі адамтану ғылымына сол тұста айрықша белең алған замандас бейнесі деген тұрғыдан үңілсе, екіншілері тарихи тақырыпқа қалам тартуымен үңілген еді. Сайып келгенде, олардың қай-қайсысы болса да, өз халқының ешкімнен кем емес екеніне көзі жеткен болатын. Тарихы бай, тарихы биік, табиғаттай тұлға, сол табиғатты бағындыруды емес, керісінше, өздерін оның бір бөлшегіміз деп есептеген түркі жұрты, оның қара шаңырағында отырған, тікелей мұрагері боп табылатын қазақ халқының өзіндік болмыс-бітімі, кескін-келбеті, бәрінен бұрын, қазақ қаламгерлері Ә.Кекілбаев, І.Есенберлин, Ә.Әлімжанов, М.Мағауин, С.Сматаев, тағы басқаларды толғандырған болатын. Дәл 50-жылдардың аяқ кезінде дейін қалыптасқан аса ауыр тоталитарлық тәртіп сәл босаңсыса да, ұлттық мүдде, ұлт тарихы, ұлттық намыс туралы роман жазу ресми өктем идеология тарапынан қолдау таба қоймайтын. Сондықтан да ол қаламгерлер көптеген ой, идеяларын ишарамен, жұмбақтап, астарлап жеткізуге мәжбүр болады. Міне, қаламгер С.Сматаевтың авторлық ұстанымы және ұлттық идеяға адалдығы осы жайттар ауқымында қалыптасқан еді.

Қазақ рухсыз ұлт, бейшара жұрт емес еді ғой. «Елім-ай» тарихы романының әлеуметтік жүгіне арқау болған жайт осы еді. Автор өз шығармалары («Елім-ай», «Жарылғап батыр») арқылы ұлттық рухты оятуға тырысты. Көңгіштікке, айтса жүгіріп, айтпаса тұратын жағымсыз қасиетке тосқауыл қоюға ұмтылды. Қазақ қайтсе мықты ұлт болады! Азаттық — қазақтың ғасырлар бойы аңсаған арманы, ол қол жеткізуге ұмтылған мәресі емес пе еді? «Неге біз өзгеге бодан боп отырмыз?» сауалы «Елім-айдың» негізгі арқауы болды. «Азаттық» ұғымның аясына ұлттық идея кірмек. «Азаттық» атты категория — демократиялық қағидаттың негізі. Азаттық үшін күреспеген, қанына бодандық сана сіңіп қалған жанды қайтсек серпілтеміз? Ол үшін сол адамға халық тарихын, небір аласапыран, алапат оқиғаларды бастан кешкен, алайда тарих сахнасынан жойылып кетпей, аман қалған ұлтымыздың өткенде жүріп өткен жолын насихаттауымыз қажет-ау... Бодандықтан, ол айырған рухты қолына келтірудің жолы — ұлттық намыстың оянуы. Ұлттық намыс — ұлттық даңқ, ұлттық абыройдың сынары. Ұлтты құру, қалыптастыру әр елдің тарихында болған жайт. Ұлт қамын жеу ұлттық жауапкершілікті туындатпақ. Ұлт жауапкершілігі кеңінен қанат жайса, қоғамның өзі ұлтқа айналмақ. Қоғамға жетекші болатын — ұлт. Тек сонда ғана ұлттық мұрат, ұлттық ұят, мүдде, намыс, парыз бен қарыз алға озады. Егер қазақы таным-түйсік, ұлттық болмыс жоғалса, ұлт та жоғалады. Қазақтың, мейлі, қандай дәуірде ғұмыр кешсе де, жоғалтпас асылы — ұлттың қалыптасуы. Халық боп дамуы, себебі қазақ — мемлекеттің алтын тұғыры, мықты дінгегі, үзілмес күміс арқауы. Мемлекетті құрушы, тұрақтылықты сақтап, оны дамытушы, ұйытқысы, ұйымдастырушысы — қазақ ұлты. Ұлттық категория символға айналуы қажет. Қазақ даңқы, оның жүріп өткен жолы, күнгейі мен көлеңкесі алама-кезек келген тарихы, ерлігінің шежіресі — біздің жеңісіміз бен қайғы-қасіретіміздің тарихы. Уақыт — өтпелі категория. Небір уақыт аясындағы келеңсіздіктерді заманға жақын, ақталып жатамыз. Оны қалай құбылту — адамның қолындағы дүние. Әлемдегі өркениетті елдер қауымдастығына ену үшін мемлекетті құрушы халықтың қажыр-қайраты, ұлттық намысы қажет. Міне, осынау атан түйте жүк болар философиялық жайттар С.Сматаевтың «Елім-ай», «Жарылғап батыр» тарихи романдарында жазушының авторлық ұстанымы мен ұлттық идея проблемаларын

көтеруге алғы шарттар жасады деп тұжырған абзал. Осынау теориялық қос ұғым қаламгерлік концепцияға ұласып, мазмұн мен пішіннің бетер ұштасуына, автордың стильдік ізденісі мен қаламгерлік аралығының оқшаулануына алғы шарттар жасады. «Елім-айда» болсын, «Жарылғап батырда» болсын, Сматаев елін соңына ерте алар қол бастаған қолбасшы мен сөз бастаған саңлақ би-шешеннің бейнесін жасауға тырысты. Тек солар арқылы ғана қазақ тарихындағы ең бір трагедиялы кезең — «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» тарихын тірілтсек еді, себебі қазақ тарихында туған жер, тас босаға, тал бесік үшін қу далада тәні, құба телде көрі, құба түзде елі қалған жақта шыбын жанын пидә етіп, басын бәйгеге тіккен қол бастағандар, сөз бастағандар көл болған.

Романшы С.Сматаевқа тән стиль, бәрінен бұрын, тілдік шеберлігі дер едік. Авторлық баяндауда болсын, кейіпкерлер сөзінде болсын, ұлттық құндылықтың қайнар көзі — шешендік өнерді айрықша меңгергендігі дер едік. Құр ділмарсу емес, ішкі дүние, жан әлемінен шыққан бұлқыныс, драматизм элементтері автор мен сөз қадірін білер романдар кейіпкерін бір бейнеге айналдырып жібергендей әсер қалдырады. Ширыққан тартыс, қайталанбайтын характерлер, кесек іс-әрекет — бәрі де автордың ұлттық болмысқа негізделген тілді шебер меңгергендігінің арқасында дүниеге келген тәсілдер екенін байқау қиын емес. Ал, бұл жайттар өз негізінде Сматаевты тұлпар тұрпатты, сұңқар қанатты, тұғыры биік, замана желі қай жағынан соқса да, өзінің тура пікірін айтатын қаламгер деңгейіне көтерді. Қаламгер стилі, оның қалыптасуы дегенде ағыл-тегіл сұлу сөз, поэтикалық қуат, асқан шешендік тіркес, иірімдерді жазушының қолтаңбасына, дарын даралығына жатқызған жөн. Тарихи романдар «Елім-ай», «Жарылғап батыр» белгілі дәрежеде жазушының тарихи туынды жазу шеберлігін, стилін, дүниетанымын қалыптастырды. Академик З.Қабдоловтың жазушы, бәрінен бұрын, адам екенін елей келсе, оның болмысын, дүниетанымын шығармашылығынан бөлек алып қарауға болмайтынын мезеп: «Нағыз пейзаж — поэзия! Характер! Адам! Неге десеңіз, адамның қабылдауынан, сезіну, түйсінулерінен, көңіл-күйінен тыс табиғат суреті — пейзаж жоқ!

Пейзаж жазушының стилін де белгілейді. Ал, стиль — адам», — деп түюі [2; 92], сондай-ақ академик Р.Нұрғалидың: «Тел ағыс әдеби ұғымдағы «стиль», ең алдымен, эстетикалық категория.... Стиль жазушының авторлық мұратымен, эстетикалық идеямен жанды түрде байланысып жатады. Өйткені көркемдік процесте механикалық сипат жоқ» деп тұжыруы [2; 204, 205] чех зерттеушісі К.Гаузенбластың ауқымды пікірімен үндес [2; 70, 71].

Тарихи роман жанрында стилі қалыптасқан қаламгер өз дүниетанымы ауқымында негізгі, түйінді деген жайтқа ден қояды. «Елім-ай», «Жарылғап батыр» тарихи романдарында XVIII ғасыр ауқымындағы тарихи-әлеуметтік, қоғамдық, саяси жайттарды сәл бейнелеу үшін іс-әрекетіне, болмыс-бітіміне үңілу үлкен қажеттілік болды, ал, бұл қажеттілік жазушыны қашан да дүйім халқының қуанышы мен қайғысын шығармашылығына терең арқау еткендіктен, мәңгілік зердеде қалдырды. Ол халық азабы мен кегін, қуанышы мен қайғысын тарихи тұрғыдан жырлай отырып, оны тұлға ретінде шабыттың шырқау биігіне көтере білді, халық болмысының күллі арналары мен тамырларын сәтті ұштастыра білді. Сондықтан да қаламгер стилінде шабыт, поэтикалық, шешендік шеберлікке негізделген тіл құдіреттілігі, ұйыта білетін психологизм, шешендікпен астасқан философиялық сарын нәзік лиризммен шебер тоғыса алғанын баса айту қажет.

«Елім-ай» романында қамтылған «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» трагедиялық оқиғасы тарих сахнасына әйгілі бірнеше тұлғаларды шығарды. Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке би, Тәуке хан, Әділ (романда ол — Абылай сұлтан. Шын тегін жасырып жүрген жан), Болат хан, Сәмеке, Байрақ, Батыр сұлтандар, Әбілқайыр Сардар, Бұқар, Ақтамберді жыраулар, Аралбай батыр, Ошаған би, Бөгенбай, Жидебай, Байғазы батырлар т.б. Әрине, күні бүгінге дейін Отан соғысы деген мәртебеге ие бола алмай келе жатқан жоңғар-қазақ соғысында айрықша көзге түскен, ел құрметіне бөлеген батырлар көл-ақ, олардың әрқайсы жайлы ауқымды шығарма жазуға болады. Романшы С.Сматаев та нақты тарихта болған, сол алапат соғыста ерлік пен жанкештіліктің үздік, қайталанбас үлгісін көрсеткен, алайда уақыт өте келе, есімдері біртін-біртін көмескілене бастаған, біршама тарихи деректер ұмтылған, оның үстіне күні кешегі кеңестік тоталитарлық заман тұсында ресми идеологиядан қолдау көре қоймаған көптеген батыр, шешен, би сияқты тарихи тұлғалар бейнесін жинақтау тәсілі арқылы тырысқан.

«Елім-айдың» бірінші кітабындағы «Күлтөбенің басында күде кеңес» тарауы автордың өз романында тарихи тұлғаларды сомдауына бастайтын сахна рөлін атқарып тұр. 1710 жылдың қазан айында Тәуке хан ордасында болған жиын атақты ханды дүниенің төрт бұрышынан жиналған жамағаттың соңғы рет көріп, жүздесуі ғана емес, сондай-ақ романның негізгі өзегінде көрінер, сомдалар нақты тарихи көркем бейнелермен таныстыру жолы, бүкіл оқиға, құбылыстан, бастау алар

кайнар көзі, роман-дилогияға арқау болған бүкіл қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттардан хабардар ететін тәсіл. Тәукенің сыртқы елдер өкілдерін, әсіресе Ресей елшілері Василий Көбековты қабылдауы, ізінше ел арасындағы дау-дамайды ортаға салып, әділ шешім күтетін билер, белгілі адамдар, батырлар, әйтеуір, сөз білетін көсемдердің ырғасуы сияқты жайттарды бейнелеген көріністер — бәрі де ұлттық болмыс болуымен қаныққан сәттер, екіншіден, Тәуке заманында, төреден, сұлтанның гөрі, би-шешенге айрықша мәртебе берілген сәтті мезгіл, үшіншіден, романның бүкіл оқиға желісінде, мейлі, ауқымды болсын, мейлі, эпизодтық болсын, көрінер қаһармандар болмысынан қатар беруді жазушы парыз санаған.

Өмірде болған тарихи тұлғалар бейнесін шыншыл тұрғыдан сомдау автордан жақсы тарихшы болуды ғана емес, сонымен қатар мәлімгерлік, шешендік, философиялық, саясаты ерлік, мәдениеттанушылық, әлеуметтік проблемалардан хабары мол болуын талап ететіні ақиқат. Егер біз ширыққан, даналыққа негізделген сөздерінен үзінді келтірген жоғарыдағы тұлғалар, бәрінен бұрын, ақилық қандай жан екенінен сөйлеген сөзімен, жасаған бітімімен, даулы іске айтқан билігімен хабар бере алса, сол тұстағы Қазақ хандығының ішкі-сыртқы әлеуметтік, саяси жағдайын, нақты оқиғалардың шиеленісіп, дүрбелең сәттің туғанын Тәуке ханның ой орамымен берген. Күлтөбедегі жиынға орыс елшісінің келуі, халыққа арнайы хат тапсыруы, жоңғар әскерінің қазақ даласына өндей ене бастауы, болашақта Тәуке тағына отырап ізбасардың кім болуы керектігі туралы Әбілмәмбет, Болат, Сәмеке, Барақ, Батыр, Әбілқайыр, Қайымтардың толғанысы — бәрі де қысқа-қысқа авторлық баяндау, ұтымды тарихтармен берілген. Автор өз кезегінде қос романдағы Тәуке және Әбіл (Абылай) бейнелері болмаса (ел басына күн туса, ер ерлігімен су кешер, ат ауыздығымен су ішер), алмағайын заманда, негізінен, ел басына таяп қалған аласапыран жайттарда қарапайым, халық өкілдері: Жомарт, Ақтамберді, Ошаған, Бұқар, тағы басқа толғанысын бірінші кезекке шығарған. Тарихи құбылыс, тарихи оқиға тарихи қажеттілікті тудырады. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада» хандар немесе сұлтандар емес, Қанжығалы Бөгенбайдың үш жүзге сауын айтып, қалмаққа, қарсы қол жинауы авторлық ұстаным мен ұлттық идея иірімдерін жетік меңгерген жазушы концепциясын аңғартады. Тарихи қажеттілікті сезінген автор өз романында тарихи тұлғалар образының галереясын жасауға тырысқан. Тарихи оқиғалар авторды тарихи қаһармандар бейнесін сомдауға алғы шарттар жасады. Ақиқатын айтайық, белгілі бір дәрежеде тату-тәтті көрші болуға жоңғар қонтайшысынан дипломатиялық келісім-шарт жасаған Ресей патшасы мен Қытай әміршісі түйнектеп, қазақ даласына шабуыл жасаған жоңғар елінің де түпкі саяси мақсаты — қазақ даласында түйіскен болатын. Қандай империяға болса елінің экономикалық әлеуетін көтеріп, нығайту үшін жаңа жер, жерінің асты-үсті бай тың өлкелер керек. Сондықтан да болса керек, С.Сматаевтің: «До тех пор, пока существовала Казань, дальнейшее движение русской колонизации на Восток по Волге, наступательное движение Европы на Азию было невозможно... Пала Казань, и вся Волга стала рекой Московского государства», — деп жазғанынан көп жайтты аңғаруға болады [3].

Саясат, мейлі, қандай мақсатты көздемесін, ерте ме, кеш пе, сол кезеңге қалам тартқан жазушының дүниетанымымен астасып, жарыққа шығарып, жария болары анық. Ірі қаламгер көп жағдайды қоғам өміріндегі түрлі саяси өзгерістерге, құбылыстарға орай қоғамдық сананы қалыптастыруға күш салады. Сматаев кескіндеген XVIII ғасырда қазақтың ұлттық рухы, мәдениеттілік, бекзаттық аты сөнген жоқ, ол сақталды, себебі адам бойында өмірдегі небір ауыр, алапат жағдайларға қарамастан, өміршең қасиет, рухтың ұлы күші сақталуы қашан да болсын, заңдылық.

Мына топпен жұмыс, біріншіден, ерекшеленеді. Бұл жерде тікелей аударманы пайдалану мүмкін емес. Бастапқыда бұл объектілердің сөзбе-сөз мағынасы түсіндіріледі. Сонан соң оқушылар тіліндегі болжау тәсіліне сүйене отырып, астарлы мағынасын түсінулері керек. Идиомалық мағыналарды түсінуді жеңілдету үшін, қазақ тіліндегі сөйлеу компоненттерінің түрлерін еске түсірулері қажет. Мысалы, *dormir à poings fermés* (сөзбе-сөз: «жұмулы жұдырықтармен ұйықтау») — *аяқ серіппей, жадында жандандырады*. Кері жағдайда осы бірліктердің аудармаларында астарлы мағыналарды кездестіруге болады. Жоғарыда талданған фразеологиялық тіркестер, афоризмдер қазақ тіліндегі тіркестерге мағынасы жағынан сәйкес келуі мүмкін. Бірақ та бұл ауыстырылымдардың барлық жағдайда баламасын табу мүмкін емес. Француз және қазақ тіліндегі сөйлемдер ұлттық-мәдени сипаты болып табылатын, стилистикалық сипаттамасымен, эмоционалды колоритпен ерекшеленеді. Ал бұл жағдайда француз тіліндегі түпнұсқа қазақ тіліндегі нұсқасына сәйкес келе бермейді. Мұның бәрін бір тілден екінші тілге аударғанда сөз кешендерінің өзгеріп, ал семантика мен фразеологиялық бірліктің ортақ ойы осыған негізделетіні туралы оқушының санасына жеткізу маңызды болып келеді. Мысалы: *S'imaginer être de la côte Saint Louis* — «жалған ақ сүйектік тегімен мақтану» деген сөз тіркесі нақтыланған тарихи көрініспен байланысты, ол тек сол тілде сөйлейтіндерге белгілі. Францияның дәстүрлерімен байланысты басқа да сөз тіркестері *faire rubis sur ongle* — «түбіне дейін ішу»; *se rendre (venir) la corde au cou* — «жеңген жақтын еркіне көшу; біреуден рақым күту». Француз-қазақ фразеологиясынан басқа да мысал алайық: *ne pas bouger le petit doigt* — шөп басын сындырмау. Қазақ тіліндегі *шөп басын сындырмау* қазіргі заман тілінде ауызекі сөйлеу тілінің элементі болып келеді. Бұл сөз тіркестерін қолдана отырып, қазақ халқы кекесін, кейіптілікті мегзейді. Ауызекі тілінде кең қолданысқа ие. Француз тілінде *ne rien faire de ses dix doigts* (сөзбе-сөз: «он саусағымен ештеңе жасамау») *қол қусырып отыруды* хабарлайды. Мұнда *саусақтар* соматизмі тікелей қолданылады. Бұдан туындайтын ой — семантикалық коннотативтік тұрғыда екі тілдің фразеологиясында көптеген ұқсастықтар бар. Алайда үлгілік деңгейде толықтыру және кейіптік құрылым компоненттерінің сәйкессіздігі көрінеді.

Үшінші топқа біз қазақ тіліне аударғанда, соматизмдер кездеспейтін фразеологиялық тіркестерді, афоризмдерді жатқыздық, бұлар бір сөзбен немесе бос тіркеспен берілуі мүмкін.

mettre le doigt sur la plaie
être les deux doigts de la main

— жанына тию;
 — арасына қыл өтпейді;

<i>cœur d'acier</i>	— рақымсыз жүрек;
<i>cœur épais</i>	— қатал, мейірімсіз жүрек;
<i>faiblesses du cœur</i>	— құмарлық;
<i>cœur à cœur</i>	— ашық сырласып сөйлесу;
<i>montrer au doigt</i>	— нұсқап көрсету;
<i>perdre ses boyaux</i>	— жан тапсыру; өліп кету;
<i>par cœur</i>	— жатқа білу; жүрегіне жатталған;
<i>du bout des lèvres</i>	— кіжіне;
<i>mauvaise tête et bon cœur</i>	— аңғал; жүрек адам;
<i>parler d'abondance de cœur</i>	— ашық жүректен сыр ақтару;
<i>cœur haut placé</i>	— мейірімді жүрек;
<i>corps et cœur</i>	— жан тәнімен;
<i>mettre le doigt entre l'écorce</i>	— ерлі-зайыпты арасына есі кеткен түседі;
<i>avoir de la poix aux doigts</i>	— қолының сұғанағы бар;
<i>avoir sur les doigts</i>	— өз жазасын өзі алды;
<i>faire qch avec les doigts dans le nez</i>	— қиналмай-ақ істеу;
<i>avoir le bras long</i>	— беделін пайдалану; қолында үлкен биліктің болуы;
<i>avoir un bras de coton</i>	— кісінің тауын қайтармайтын; көңгіш мінез адам;
<i>les bons bras font les bonnes lames</i>	— іс тетігін шебер білер;
<i>aimer comme ses boyaux</i>	— жанындай жақсы көру;
<i>aller comme une bague au doigt</i>	— құйып қойғандай;
<i>lire des doigts</i>	— көз жүгірту;
<i>bouche de miel, cœur de fiel</i>	— тілінде — бал, жүрегінде — ызғар;
<i>cela se voit au doigt et à l'œil</i>	— айдан анық.

Көріп отырғанымыздай, үшінші топ сөздерін аударған кезде қиындық туып, қызығушылық артады. Оқу барысында кейбір сөз тіркестерінің идиоматикасы түсініксіз болып көрінеді *avoir sur les doigts* (сөзбе-сөз: «саусақта болу») — *өз жазасын өзі алды*; *du bout des lèvres* (сөзбе-сөз: «еріндердің шетінде») — *кіжіне*. Бұл сөз тіркестерінде тілден тыс дүние жарқын және анық көрсетілген: материалдық және рухани мәдениеттің элементтерімен екі тіл халықтарының ұлттық сипаттары.

Үшінші топ сөз тіркестерін тілдік түйсік арқылы да аударуға болады:

<i>cela se voit au doigt et à l'œil</i>	— айдан анық;
<i>avoir de la poix aux doigts</i>	— қолының сұғанағы бар;

faire qch avec les doigts dans le nez — қиналмай-ақ істеу, қазақ тілінің ауызекі сөйлеу тілінде былай болады: *ауырдың үстімен жүру; жаны қиналмай жұмыс істеу*.

Сонымен, үшінші топқа француз халқының тұрмысы, өлеңдері, тарихы мен дәстүріне байланысты фразеологиялық тіркестер мен афоризмдерді жатқызамыз. Сондықтан бұл сөздерді тікелей аудармай семантикалық түсініктеме беріледі [7].

Төртінші топқа авторы бар сөз тіркестерімен афоризмдерді жатқызамыз. Олар кең таралғандығымен және француз тілінде сөйлейтін адамдарға белгілі болғандығымен ерекшеленеді:

montrer le bout de l'oreille (сөзбе-сөз: «құлақтың ұшын көрсету») — *амалсыздан өз ойын білдіру*; *rogner les ongles à qn* (сөзбе-сөз: «тырнақтарың біреуге кесу») — *біреуді биліктен айыру*; сондай-ақ *mettre sa main au feu*; *être de la côte d'Adam*; *bel œil*; *ouvrir les yeux à qn*; *pour les beaux yeux qn* (Ф.Корнель).

Бұл тұрақты тілдік формулалар француз халқының ауыз екі сөйлеу тілінде кең тараған. Бірақ шетелдіктер үшін белгілі деңгейде қиындық туғызады. Олардың этимологиясы лингвоаймақтық түсініктемені қажет етеді. Мақсаты — афористік көріністі ашу. Сөзсіз бұл француз фразеологиясын, ұлттық ерекшелігін терең түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде дұрыс қолдануға септігін тигізеді.

Қорытындылай келетін болсақ, шетел тілін меңгеруде ана тілі сенімді көмекші. Ол үшін салыстыру механизмі тілдік ассоциация жүйесін іске қосып, оқушы үшін жаңа түсініктер жүйесін көрсету керек. Дәл осындай салыстыру басқа тілді де меңгерудің жаңа да сенімді тәсілі. Белгілі салыстыру үрдісі бұл танымдық үрдіс.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Леонтьев А.А. Мыслительные процессы в усвоении иностранного языка. — ИЯШ, 1975. — Вып. 5. — С. 72–76.
- 2 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1977. — 712 б.
- 3 Болғанбаев Ә. Анатомиялық атауларға байланысты фразеологизмдер. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. — Алматы: Ғылым, 1989. — 270 б.
- 4 Абилгазиева М.Х. Сопоставительный анализ соматической фразеологии казахского и немецкого языков: Автореф. ... канд. филол. наук. — Алматы, 1992. — 26 с.
- 5 Соколова Г.Г. Фразеобразование во французском языке. — М., 1987. — 142 с.
- 6 Кайдаров А.Т., Жайсакова Р.Е. Принципы классификации фразеологизмов и их классификационные группы в современном казахском языке. — № 3. — Алматы, 1979. — С. 1–11.
- 7 Сивомова А.С. Теоретические основы презентации лексики в практическом курсе русского языка в неязыковом вузе: Автореф. ... канд. пед. наук. — Алматы, 1997. — 27 с.

Ш.Т.Мухамеджанова, М.А.Рахметуллина

Национально-культурные компоненты в сомафразеологических словосочетаниях казахского и французского языков

В статье рассматриваются структурные типы семантических сомафразеосочетаний в различных языках. Рассматривается проблема обучения и изучения французского языка посредством родного языка. Исследование носит научный и практический характер. В работе показаны сходства и особенности французского и казахского языков. Авторы исследования классифицируют их на группы в целях обучения казахоязычной аудитории. Проблема имеет свое методическое и научное значение.

The article deals with the structural types of semantic phraseological combinations in different types of languages. The problem of French language teaching and learning by means of native language is considered. The research has scientific and practical meaning. Similarities and peculiarities of French and Kazakh languages are shown in this work. The authors of the research classify them into groups for training in Kazakh audience. The problem has its own methodical and scientific meaning. It can be used as additional material at French lessons for Kazakh students.

ӘОЖ 81.2

М.Жәпек

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Т.Рысқұловтың жарық көрген тарихи-публицистикалық кейбір еңбектеріне шолу

Мақала авторы мемлекет, қоғам қайраткері ғана емес, пайымды публицист Тұрар Рысқұловтың XX ғасырдың алғашқы және екінші жартысында Қазақстанда, Өзбекстанда, Мәскеуде жарық көрген кейбір еңбектерінің мазмұнын қысқаша баяндап, талдау жасап, көтерген тақырыбына қарай жіктейді. Т.Рысқұловтың жарық көрген еңбектерін уақыт, кезеңге байланысты саралайды. Сондай-ақ Т.Рысқұлов еңбектеріне қатысты біржақты пікірлерге қазіргі кездердегі кейбір тарихи құжаттар арқылы жауап іздейді. Т.Рысқұловтың тарихи публицистикалық еңбектеріне бүгінгі күн тұрғысынан жаңадан жіті қарау керектігін айтады.

Кілтті сөздер: публицистикалық еңбек, ғылыми-зерттеу еңбегі, қоғамдық саяси қызмет, мемлекеттік қызмет, үгіт-насихаттық мақалалар, публицистикалық мақалалар, өлкелік басылым, бас редактор қызметі, публицистикалық мұра, жергілікті баспасөз.

Т.Рысқұловтың публицистикалық және ғылыми-зерттеу еңбектерін оның қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметінен бөліп қарастыру мүмкін емес. Ол жиырмаға жуық кітаптар, брошюлардың авторы мен редакторы болды. Жүздеген ғылыми және үгіт-насихаттық, публицистикалық мақалалар жазып, жариялады. Өлкелік басылымда бас редактор қызметін атқарды. Қазақстанда тілшілер қозғалысының дамуына ықпал етті. Республикалық, өлкелік съездерде облыстық және аудандық партия конференцияларында, Кеңестер съезінде, көптеген қалалар мен ауыл шаруашылығымен айналысатын аудандардың жұмысшы, шаруаларының, жастарының, зиялы қауым өкілдерінің алдында баяндама жасап, сөз сөйледі.

Т.Рысқұловтың публицистикалық мұрасы әлі күнге дейін толық зерттеліп біткен жоқ. Жергілікті баспасөзде жарияланған көптеген мақалалары іздестіріп тауып, аударуды қажетсінеді.

1984 жылы Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінің жанындағы Партия тарихы институты — СОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтының филиалы әзірлеген бір томдық «Таңдамалы шығармаларының» [1], 1997 жылы үш томдық «Шығармалар жинағы» [2] «Қазақстан» баспасынан жарыққа шығуы бұл олқылықтың орнын толтырғандай болды. Дегенмен, мұнда Т.Рысқұловтың өткен ғасырымыздың 20–30-жылдарында жарық көрген аса маңызды еңбектері енбей қалған.

Бір томдық «Таңдамалы шығармаларына» Т.Рысқұловтың ұзын-ырғасы отыз алты еңбегі енгізілген. Бұл кітапта орталық және жергілікті баспасөзде жарияланған мақалалары, Түркістан Компартиясы мен Әзербайжан Компартиясы съездері мен конференцияларында, РКП (б) XII съезінде, Шығыс халықтарының I съезінде сөйлеген сөздері, баяндамалары және басқа да материалдары жинақталған. Сол сияқты Т.Рысқұловтың «Таңдамалы шығармаларында» Ұлы Қазан төңкерісінен бастап 1930-жылдар ортасына дейінгі кезең қамтылған. Олар негізінен партияның лениндік ұлт саясатын жүзеге асыру мәселелеріне арналған. Онда автор партияның Түркістанның жергілікті еңбекшілерін кеңестік құрылысқа тарту, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, ұлттық зиялы қауым өкілдерін көтеру мәселелерін сөз еткен. Орта Азиядағы басмашылықпен күресу тәсілдері, Түрксіб теміржолының тарихи мән-маңызы, Кеңес Одағында

кооперацияларды, тұрғын үй және коммуналдық шаруашылықты дамытуды қозғаған мақалалары берілген. Оның Орта Азия мен Қазақстандағы төңкеріс тарихын зерттеуге арналған материалдары да аса қызығушылық тудырады. «Таңдамалы шығармаларында» Т.Рысқұловтың өмірі мен қызметі туралы қысқаша очерк жарияланған.

С.Бейсембаев пен С.Көлбаев та Т.Рысқұлов туралы зерттеулер жүргізіп, кітап шығарған авторлар [3]. Олар өз еңбектерінде Т.Рысқұловтың негізгі шығармаларына қысқаша шолу жасайды. Және де Т.Рысқұловтың ғылыми-зерттеу, насихаттық, публицистикалық еңбектерінің орасан екендігін көрсетеді. Шындығында, Т.Рысқұлов шығармаларындағы көптеген ой-тұжырымдардың, деректердің, статистикалық және басқа да мәліметтердің бүгінгі таңда да саяси, ғылыми мән-маңызының барлығы аян.

Сонымен қатар көптеген тарихи әдебиеттерде Т.Рысқұловтың тек жекелеген жарияланымдарына ғана талдау жасалып, баға берілген [4]. Мұндай бағалаулар әділ, объективті болғанымен, олар тек Т.Рысқұловтың ертеректе жарияланған, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының төңкеріске қатысу тарихының жекелеген проблемаларын қамтитын жарияланымдарына ғана қатысты дер едік. Сондықтан да оның еңбектерін әлі де тереңірек зерттеп-зерделеу, талдау жасау керек.

Т.Рысқұлов публицист ретінде тарихи публицистика саласының дамып, жетілуіне зор үлес қосты. Себебі ол социализм құру жолында кеңестік тарих ғылымының үш кезеңін басынан өткергені белгілі: оның алғашқысы — 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі мен 1917 жылдың қазанына дейінгі кезең; екіншісі — 1917 жылдың қазанынан 1930 жылдардың басына дейінгі кезең; үшіншісі — 1930-жылдардың басынан 1940 жылдарға дейінгі кезең.

Т.Рысқұлов қызмет еткен күрделі, күреске толы кезең кейін XX ғасырдың 1990-жылдары ғылыми пікірталастарда, зерттеу еңбектерде тарихты маркстік көзқарас тұрғысынан бағалау, схематизм, модернизм, экономикалық материализм және т.б. мәселелер біржақты сынға ұшырады. Мұның бәрі, әрине, тұрартану саласына, оның ғылыми-зерттеу қызметінің мән-мазмұнына ықпалын тигізбей қоймады. Себебі партия және мемлекет қайраткері ретінде өсіп-қалыптасуы барысында Т.Рысқұловтың тарихи зерттеудің марксистік-лениндік әдістемесін игеру деңгейі оның 20-жылдар соңы — 30-жылдар ортасындағы еңбектерінен айқын көрініс берді.

1924 жылы Т.Рысқұловтың «Ленин және Шығыс халықтары» [5] атты кітабы Ташкентте жарыққа шыққан. Бұл Лениннің көпұлтты Кеңес Одағы халықтарының көсемі ретіндегі ролін ашып көрсеткен, алғашқы ғылыми-көпшілік еңбектің бірі еді. Оның Ленинді еске алуға арналған мақаласы сол жылы 1 ақпанда «Правда» газетінде жарық көреді. Т.Рысқұлов В.И.Ленинмен қалай кездескенін, одан қандай әсер алғандығын баяндайды.

Сол жылы «Новый Восток» журналында Т.Рысқұлов «Шығысты азат ету күресінің тарихынан (Түркістан қырғыздарының 1916 патша үкіметіне қарсы көтерілісі)» атты мақаласын жариялайды. Кейіннен, 1926–1927 жылдары баспасөз беттерінен 1916 жылғы Орта Азия мен Қазақстандағы көтеріліс туралы пікірталастар орын ала бастағанда Т.Рысқұловтың бірқатар мақалары мен «Орта Азияның жергілікті халықтарының 1916 жылғы көтерілісі» [6] атты кітабы жарық көреді. Аталған кітап Қазақстан тарихын зерттеушілерге құнды фактілерді ұсынғаны сөзсіз.

Десек те, бұл еңбек туралы көптеген зерттеушілер қазір әрқалай пікір білдіріп жүр. Мәселен, Х.Т.Тұрсынов өзінің «Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс» атты монографиясында бұл еңбектің жетістіктері мен кемшін тұстарын атап өтеді. Ол: «Т.Рысқұлов бұл көтерілісті халықтың «ондаған жылдар бойы жинақталған өшпенділігінен туған» бүкілхалықтық төңкеріс, көтеріліс ретінде қарастырады. Ол көтерілістің империализм жүйесіне ауыр соққы бергенін» [7; 13], — деп көрсетеді. Сол сияқты Х.Т.Тұрсынов: «Ол Ресей мен жергілікті ұлттық буржуазияның арасындағы экономикалық және саяси байланысты, олардың көтеріліске қарсы біріккен күресін дұрыс көрсете алды» [7; 13], — дейді. Соған қарамастан, аталмыш монография авторы Т.Рысқұловтың осы тақырыпқа қатысты тұстарындағы қателіктеріне назар аударады. Олардың негізгісі, Түркістан аудандарындағы түрлі оқиғаларға баға беруде Т.Рысқұловтың сыни көзқарасының болмауы, барлық орыс қоныс аударушылардың шаруашылығын отаршылдық ретінде қарастырып, қоныс аударған шаруалардың таптық жіктелуі мен күресін ескермеуі туралы айтылады. «Т.Рысқұлов барлық еуропалық халықтар қырғыздар мен қазақтардың көтерілісінің басып-жаншылуына мүдделі болды деп санағанда қателескен еді. Оның көтерілісті патша үкіметі патша әскерлерін Орта Азия аудандарына Ауғанстан мен Батыс Қытайды жаулап алу жорықтарына әзірлеу үшін шығаруға себеп ретінде алдын ала жоспарлаған деген тұжырымы да жаңсақтық еді», — деп көрсетеді зерттеуші [7; 15].

Тіпті, 1926–1927 жылдардағы пікірталасқа қатысушы И.Меницкий сол кездері Т.Рысқұлов позициясын сынға ала отырып, оны тек ұлттық мүддені ғана көздеп, тап күресі туралы естен шығарғаны үшін айыптады. И.Меницкий: «1916 жылғы Түркістандағы оқиғалардан біз каналған таптардың жергілікті буржазия мен ұлттық айырмашылығына қарамастан басқа да қанаушыларға және солардың мүддесін көздеуші ретіндегі орыс әкімшілігіне қарсы шыққанын көреміз» [8], — деп пайымдайды.

Ал, 1982 жылы В.Г.Чеботарева и Р.Я.Раджапованың «Өзбекстандағы тарихи-партиялық ғылым» атты монографиясында: «Пікірталас қоғамтанушылардың 1916 жылғы көтерілістің туындау себебі, сипаты туралы бір пікірге келе алмағандығын көрсетті. И.Меницкий, Н.Кузьмин, П.Галузо, А.В.Шестаков көтерілістің тек таптық сипатына ғана көңіл бөлсе, Т.Рысқұлов және басқалары оны тек ұлттық сипатымен қарастыра білді. Алайда пікірталас марксистік кадрларды өсіру барысында тарихи-партиялық зерттеулердің теориялық негіздерін нығайтуда маңызды роль ойнады» [9], — деген жолдар бар.

Бірақ біз Т.Рысқұлов ұлт-азаттық көтеріліске қатысты кейбір пікірлерін кейін қайта електен өткізгенін ұмытпағанымыз жөн. Мәселен, 1916 жылғы көтеріліске қатысты аталмыш пікірталасан соң, сегіз жыл өткеннен кейін жазған «Төңкерістік күрес тарихының беттерінен» атты 1935 жылы қазан айында «Казахстанская правда» газетінің үш нөмірінде жарияланған еңбегінде [10] Т.Рысқұлов бұл оқиғаны басқаша тұрғыдан қарастырып, көтеріліс алдында таптық күрестің шиеленісе түскенін айта кетеді. Т.Рысқұлов: «Көтеріліс барысында Қазақстандағы сол кездегі таптық күштердің орны айқындалды. Қазақ байлары, жергілікті патша әкімшілігі және байлардың жағындағы ұлттың зиялы қауымы көтеріліс кезінде патша өкіметіне жақтасып, көтерілістің басып-жаншылуына ықпал етті. Отаршылдықты көздеген меньшевиктер мен эсерлер ұйымдары да патша үкіметінің көтерілісті басып тастау шарасына қолдау көрсетті. Бірақ орыс жұмысшылары мен жергілікті орыс шаруалары қазақ еңбекшілерінің көтерілісін жақтады...

Көтеріліс пен оны басып-жаншу кезінде еңбекші халық өздерінің таптық жаулары мен достарын айқын біліп алды. 1916 жылғы көтеріліс қазақ еңбекшілерін Қазан төңкерісін қолдауға даярлады» [11], — деп толықтырулар енгізді.

Т.Рысқұлов бұл жерде оқиғаға басқаша тұрғыдан баға беріп, Ресей патша үкіметінің отарлау саясаты, таптық күштердің іріктелуі және көтерілістің берген сабақтары туралы сөз етеді. Өкінішке қарай, аталмыш еңбек жарық көрген тарихи әдебиетте аталмаған. Соған қарамастан, бұл Т.Рысқұловтың шығармашылық тұрғыдан өсіп-өнуінің айқын көрінісі болып табылады. Сондықтан оның тарихи-публицистикалық мұраларын зерттеп-зерделеу барысында тарихи-зерттеушілік, публицистік қабілетінің қалыптасуына ықпалын тигізген жағдайларды жан-жақты ескеру қажет.

Т.Рысқұловтың ертеректе жарық көрген жарияланымдарының кемшіліктерін де, жетістіктерін де қатар атап өткен жөн. Оның 20-жылдар басындағы еңбектерінен жаңсақ пікірлері көрініс беріп қалып жүрді. Бірақ ол еңбектеріне сыни көзқарас тұрғысынан көз жүгіртіп, жан-жақты талдап, таразылар болсақ, көптеген құнды да мәнді мәліметтерді табамыз. Кейінгі еңбектерінде Т.Рысқұлов өзінің жаңсақ пікірлерін мойындап, кейіннен өз көзқарастарын білдіре бастайды. Мәселен, 1926 жылы 8 шілдедегі «Еңбекші қазақ» газетіндегі «Төңкеріс және қазақ халқы» мақаласына, «Қазақстан большевиі» журналының 1936, № 1–2 сандарында жарық көрген мақалаларына назар аударсақ жетіп жатыр.

Т.Рысқұловтың 1920-жылдардағы еңбектерінде Түркістандағы төңкерістік қозғалыстың өрістеуіне қатысты құнды мәліметтер, сондай-ақ «Төңкеріс және Түркістанның байырғы тұрғындары» [12] атты кітабында аштықпен күресуді ұйымдастыруға арналған баяндамалары мен мақалалары жарияланған. Бұл материалдарда жергілікті көшпелі халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттайтын көптеген мәліметтер келтіріліп, оларға талдау жасалған, аштықпен күресуге бағытталған саяси, экономикалық және ұйымдастырушылық сипаттағы нақты ұсыныстар берілген.

Сонымен қатар аталмыш кітаптан оның түркістандық большевиктердің солшыл эсерлермен күресінде дұрыс позицияны ұстанғандығы, еңбекші халық мүддесі үшін олармен аянбай күрескені айқын байқалады.

Т.Рысқұловтың ертеректе жарық көрген еңбектері туралы сөз еткенде, оның алғашқылардың бірі болып төңкеріс тарихы, азамат соғысы және Түркістандағы шетелдік әскери интервенция туралы құжаттарды жарыққа шығарғандығын айта кету керек. Бұған оның «Түркістандағы РКП (б) Мұсбюросы», «Төңкеріс және Түркістанның жергілікті тұрғындары» атты кітаптарының мазмұны дәлел бола алады. Оларда Түркістан Компартиясы, Түркістан Орталық атқару комитеті съездерінің

құжаттары келтірілген. Оның ішінде Түркістан АССР-і Кеңестерінің VI және VII съездерінің большевиктер фракциясы мәжілісінің материалдары (1918 ж., қазан), Түркістанның Уақытша Әскери Төңкерістік Кеңесінің, Түркістан республикасындағы аштықпен күрес жөніндегі Орталық комиссияның бұйрықтары, Өлкелік сауда директориясының мәжілісінің (1919 ж.) хаттамалары бар.

Т.Рысқұлов 1927 жылы «КСРО республикалары мен облыстары» сериясымен жарық көрген «Қазақстан» [13] атты еңбегінде XI ғасырдан бастап қазақ халқының Ұлы Қазан төңкерісіне дейінгі әлеуметтік-саяси, тұрмыстық құрылысын, қазақтардың Кеңес өкіметін орнатуға атсалысуын, Қазақ АССР-інің құрылуы мәселелерін, республикадағы экономикалық, мәдени қалыптасу, Қазақстанның тарихи даму жолдарын қарастырады.

Т.Рысқұловтың қазақтардың Ресейдің қол астына кіру тарихы мәселесіне қатысты зерттеулері аса қызығушылық тудырады. Бұл үрдіс кітапта көрсетілгендей, XIX ғасыр соңында аяқталады. Алайда II Екатеринаның тұсында-ақ, қазақ жерін басқару жүйесін өзгерту жобасы туындаған болатын, себебі қазақтар Ресейдің билігін мойындағандарымен, Рысқұлов жазғандай, «билік етуді жүзеге асыра бастағанда қарсылық білдіреді». Кітапта «Сібір қырғыздары туралы жарғыға», патша үкіметі бекіткен «Дала ережесі» мен «Түркістан өлкесін басқару жайлы ережеге» талдау жасалады. Осы талдаудың нәтижесінде Т.Рысқұлов мынадай тұжырымға келеді: «Патша үкіметі қазақтарды оның билік басындағы атқамінерлерімен тығыз байланыс орнату арқылы түземдік администрациясының жәрдемімен билеп-төстеді» [13; 25].

Т.Рысқұловтың XX ғасыр басында қазақ қоғамына сауда капиталын енгізу туралы, қазақтардың шаруашылық жүргізудің айырбас жасау түрінен тауарлық-ақшалық түріне ауысуы туралы, жаңа шаруашылық түрлерінің: аралас мал және жер шаруашылығы мен жер шаруашылығының пайда болуы туралы тұжырымдары патша үкіметінің Қазақстандағы басқыншылық саясатының мәнін тереңінен ұғынуға мүмкіндік берді. Т.Рысқұлов: «Патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясатының мақсаты, біріншіден, Ресейдегі үстем дворяндық-помещиктік өкіметтің капитализм үшін оңай олжа табуға ұмтылуында жатса, екіншіден, шаруаларды Азия елдеріне қоныс аударту арқылы өз елдеріндегі аграрлық берекесіздікті, орыс помещиктері мен дворяндарына зардабын тигізбей жер тарлығын жою» [13; 35], — деп жазды. Кітапта статистикалық мәліметтер келтіріліп, патша үкіметінің осы саясатының зардаптары туралы автордың тұжырымдары берілген.

Оның қазақтың ұлттық зиялы қауымы туралы ойларының да өзіндік маңызы бар. Ол қазақтың зиялы қауымы орыс және мұсылман мәдениетінің ықпалымен қалыптасты деп санайды. Үстем тап өкілдерінің мүдделерін қорғайтын бөлігін сынға алады. «Қазақтардың 1916 жылғы патша үкіметіне қарсы көтеріліске шыққанда осы зиялы қауым өкілдері көтерілісті басып-жаншуға ашық араласып, баспасөз беттерінде көтеріліске қатысушыларды айыптап, аса қуатты патша үкіметінің билігіне бағынуға шақырды, ал көтерілісті басып-жаншу кезінде патша әкімшілігінің қатаң жазалауларына да қарсылық көрсетпеді» [13; 49], — деп жазған еді Т.Рысқұлов.

1929 жылы Т.Рысқұлов Николай Григін Ленинградтан шыққан «Түрксібте» атты кітабына алғы сөз жазады. Алғы сөзде Т.Рысқұлов Түрксібке саяси, шаруашылық және экономикалық тұрғыдан оң баға беріп, осы құрылыста туындаған олқылықтар мен қиындықтарды айқындап, алдағы міндеттерді нақтылайды.

Т.Рысқұлов үшін Түрксіб тақырыбы ерекше болды. Құрылысты салу барысында оны теміржол магистралының оның маңындағы аудандардың ғана емес, Орта Азия, Сібір, Қазақстан мен Қырғызстанның экономикалық өсіп-өнуіне тигізер ықпалы туралы мәселе толғандырады. Т.Рысқұлов жергілікті баспасөз бен «Правда», «Известия» газеттерінде экономист-ғалым ретінде Түрксіб бойымен жоғарыда аталған аудандар мен республикалардың арасында жүк тасымалдаудың олардың әлеуметтік-экономикалық дамуына тигізер ықпалы туралы кеңінен сөз етеді. Бұл тұрғыдан алғанда ол Орта Азияны — мақта шаруашылығын жүргізуге бейім аудан ретінде; Сібірді — астықпен, ағашпен, табиғи қазбалармен қамтамасыз ететін аудан ретінде; Қазақстан мен Қырғызстанды ауыл шаруашылығы (егіншілік пен мал шаруашылығы) аралас типтегі аудандар ретінде қарастырады. Ол сонымен қатар Сібірдегі өнеркәсіп ошақтарына, атап айтқанда, металлургия мен химия өнеркәсібіне де көңіл бөледі.

Т.Рысқұлов қоғам назарын Түркістан-Сібір теміржолына аударды. Осы алып құрылысқа арнап екі кітап шығарды. Оның бірі «Түрксіб» [14] деп аталады, ол Т.Рысқұловтың жекелеген мақалалары мен сөйлеген сөздерінен тұрады. Оның қаншалықты маңызды еңбек болғандығын айқын ұғыну үшін сондағы мақалаларының бас тақырыптарын келтіре кеткен жөн болар:

- 1) Жетісу теміржолының проблемалары («Правда», 1926 ж., 30 қаз.);
- 2) Ірі құрылысты салу жоспары жайлы (Т.Рысқұловтың КСРО Мемлекеттік жоспар Президиумының 1926 жылғы 6 қарашадағы ірі құрылысты салу жоспарын қарастыруға арналған кеңейтілген мәжілісінде сөйлеген сөзі);
- 3) Түркісіб құрылысының барысы туралы (Т.Рысқұловтың 1927 жылғы 24 маусымдағы Қорғаныс және Еңбек Кеңесі мәжілісінде Түркісіб құрылысының барысы туралы Я.Э.Рудзутактың баяндамасына қатысты пікірталаста сөйлеген сөзінен);
- 4) Халық шаруашылығының 1927/28 жж. көрсеткіштері және Түркісіб (Т.Рысқұловтың КСРО Халық комиссарлар Кеңесі мен Қорғаныс және Еңбек Кеңесі 1927 жылғы 14 қарашадағы халық шаруашылығының көрсеткіштерін қарастыруға арналған біріккен мәжілісінде сөйлеген сөзінен);
- 5) Түркістан-Сібір теміржолы мен оның аудандарының шаруашылығының дамуы («Известия ЦИК СССР и ВЦИК», 1928 ж., 17 ақп.);
- 6) Түркістан-Сібір теміржолы мен оның КСРО-ның халық шаруашылығы үшін маңызы («Түркістан-Сібір магистралі», Түркісіб-ті салуға жәрдем Комитетінің жинағы, 1929 ж.);
- 7) Түркісіб және Орта Азияны қамсыздандыру («Известия ЦИК СССР и ВЦИК», 1930 ж., 12, 13 наур.).

Т.Рысқұловтың ғылыми-зерттеу және публицистикалық қызметінің аясы аса ауқымды. 1931 жылы Мәскеуде оның «Жаңа кезеңдегі коммуналдық шаруашылық (Коммуналдық және тұрғын үй шаруашылығы саласындағы кезек күттірмес міндеттер)» атты тағы бір еңбегі жарық көреді. Онда автор 20-жылдар соңындағы коммуналдық және тұрғын үй шаруашылығының жай-жапсарын сөз етіп, қаладағы осыған қатысты маңызды проблемаларды шешудің қиындығына тоқталады, Кеңес Одағының халық шаруашылығының осы бір маңызды саласын дамытудың негізгі бағыттарын атап көрсетеді. Көптеген статистикалық және басқа да мәліметтерді келтіре отырып, Т.Рысқұлов коммуналдық және тұрғын үй шаруашылығын дамытудың негізгі ережелерінің тек РСФСР үшін ғана емес, басқа да одақтас республикалар үшін маңыздылығына тоқталады. Кітап кезінде бүкілодақтық мәнге ие болып көп таралыммен шығады.

Т.Рысқұловтың «КСРО республикалары мен облыстары» сериясымен 1927 жылы «Қазақстан» атты кітабын жарыққа шығарғандығы туралы жоғарыда айтып өттік. Осы баспамен байланысын жалғастыра отырып, Т.Рысқұлов Қырғызстанның тарихы мен экономикасын бірнеше жыл бойы зерттеудің нәтижесінде 1935 жылдың басында Мәскеуде «Қырғызстан» атты кітабы жарық көреді. Бұл Т.Рысқұловтың салмақты тарихи публицистикалық зерттеулерінің бірі болып табылады. Кітапта Қырғызстанның экономикалық-географиялық жағдайына ауқымды шолу жасалған. Онда қырғыздардың басқыншыларға қарсы күресі, қырғыз халқының Қазан төңкерісіне дейінгі мәдени-тұрмыстық өмірі баяндалып, алғашқы бесжылдықтағы өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының жай-күйі мен екінші бесжылдықта халық шаруашылығының маңызды салаларын дамыту мәселелері сөз болады. Кітаптың соңғы, сегізінші тарауында РКП (б) қырғыз ұйымының қысқаша тарихы беріледі. Сонымен қатар Т.Рысқұлов осы елдің географиялық жағдайы, флорасы мен фаунасы, қырғыз халқының әлеуметтік тұрмысы, рухани байлығы туралы баяндайды. Қырғызстан тарихын сөз еткенде Т.Рысқұлов ежелгі қырғыз тайпаларының II ғасырдан бастап біздің дәуірімізге дейінгі аралықтағы дамып-жетілу барысына көп көңіл бөледі. Шыңғысхан шапқыншылығына тың баға берген: «Шыңғысхан бастаған монғол шапқыншылығы монғолдардың қоныс аударуы емес-ті, себебі монғолдардың басым бөлігі Шыңғысхан империясы құрылған соң өз территорияларында қалған болатын, Шыңғысхан да сонда оралды, бұл — жаңа территорияларды жаулап алу үшін жекелеген тайпалардың арасындағы қайшылықтарды ұтымды пайдалана білген әскери-феодалдық үстем таптың ісі еді» [15; 12], — деп жазды.

Т.Рысқұлов қырғыз халқының орта ғасырлардағы ауыр тағдырын егжей-тегжейлі баяндай отырып, Темірланның XIV ғасырдағы жаулап алу саясаты, қырғыз жерлерін жаулап алған қалмақтар, Жоңғар мемлекеті туралы айта келіп, өзіне қырғыз тайпаларын бағындырған Қокан хандығының үстемдігін көрсетеді.

Т.Рысқұлов бірқатар қырғыз руларының Ресейдің қоластында өз еріктерімен кіргендігін айтады. Оның ішінде ол XIX ғасырдың екінші жартысының басында орыс әскерлеріне Қокан хандығымен күресте көмек көрсеткен боғу және саях руларын ерекше атайды.

Еңбекте патша үкіметі тұсындағы қырғыз өлкелерінің әкімшілік басқарылу тәртібіне де көңіл бөлінеді. Т.Рысқұлов мұндай тәртіпті «екі жақтан» — бай-манаптар мен патша үкіметі тарапынан қанау тудырған тәртіп ретінде бағалайды. «Орыс билігі орнағаннан бері құлдық пен манаптардың

үстемдігі жойылды, бірақ көшпелі кедейлерді қанау ұйымдасқан сипатқа ие бола бастады» [15; 31], — деп жазды Т.Рысқұлов.

Т.Рысқұловтың патша үстемдігі жағдайларындағы қырғыздардың әлеуметтік-экономикалық қатынастарының дамуы туралы тұжырымдары көңіл аудартады. Автор оның көршілес Қазақстандағыдай сипатта болғандығын атап көрсетеді. Мұнда да манаптардың феодалдық үстемдік ету әдістері өзгеріп, халықтың жіктелуі орын алды.

Т.Рысқұлов келтірген мәліметтерге сүйенсек, малы жоқ немесе сегізге дейінгі мал басы бар халықтың 49,22 пайызына шаққанда, небәрі 11,12 бас малдан ғана келді, ал 5,52 пайыз байларға шаққанда олар барлық малдың 33,51 пайызына ие болды. Қырғыздардың егін шаруашылығында да осындай жағдай орын алды. Бұл жерде Т.Рысқұлов қырғыздардың барлық шаруашылығының 47,75 пайызында ешбір ауыл шаруашылық құралдарының болмағандығын, ал 40,77 пайызының басқалардың құралдарын пайдаланғандығын атап көрсетеді [15; 40]. «Қырғыз халқының жаппай кедейленуінің есебінен манаптар мен олардың одақтастары — саудагерлер, кулактар мен патша әкімшілігінің өкілдері байып алды» [15; 42].

Аталмыш еңбекте сондай-ақ патша үкіметінің қоныс аудару саясаты жан-жақты талқыланған. Автор қырғыз еңбекшілерінің ауыр жағдайын, болыс пен ауыл старшиналарының билеп-төстеуін сөз ете отырып, қоныс аударушы аukatты тұрғындардың шаруашылықты тонап-билеуін атап көрсетеді. «Тек Кеңес Одағы ғана ұлттық мәселені, қырғыз халқы мен қоныс аударушылардың арасындағы жер дауларын онынан шешіп, Қырғызстан халқының осы екі негізгі бөлігінің тату-тәтті тұруына жағдай тудырды» [15; 47], — деп жазғанды Т.Рысқұлов.

Кітапта еңбекшілердің Кеңес өкіметінің орнатылып, нығаюы үшін күрес жолдары, басмашыларға қарсы күресуі, жер-су реформаларын жүргізуі, Қырғыз АССР-ін құруға атсалысуы кеңінен баяндалған.

Қырғыз елінің 30-жылдардағы жай-күйінің назардан тыс қалмауы кітаптың маңызын арттырып тұрғаны сөзсіз. Автор республиканың пайдалы қазбаларына, өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының жай-жапсарына тоқталып, өнеркәсіптік өнімдерді, атап айтқанда, отын, тау-кен, металл, жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің шығарылуы туралы мәліметтер келтіреді. Оның ішінде егіншілікті, мал шаруашылығын, өсімдік өсіру, құс шаруашылығын, орман шаруашылығын дамыту туралы материалдар да бар. «Бірінші бесжылдық пен екінші бесжылдықтың екі жылының нәтижесінде, — дейді Т.Рысқұлов, — Қырғызстанда социалистік егін шаруашылығын дамытуда зор табыстарға қол жеткізілді. Егер төңкеріске дейін егін шаруашылығымен еуропа халықтары ғана айналысса, енді барлық ауыл шаруашылығы өнімдерінің жартысынан көбін егін шаруашылығы өнімдері құрайды. Егін шаруашылығының қарқынды дамуы ауыл еңбекшілерінің жағдайының жақсарып, мал шаруашылығының одан әрі дамуына жол ашады» [15; 85].

Қырғыз елінің екінші бесжылдықтағы дамуына да айрықша көңіл бөлген автор ауыл және орман шаруашылығының дамуының негізгі бағыттарына, көшпелі және жартылай көшпелі халықты отырықшыландыру шараларының жүргізілуіне талдау жасап, сауда-саттық пен көлік және байланыс қызметінің, коммуналдық және тұрғын үй шаруашылығының кеңінен құлаш жайғанын атап көрсетеді.

Кітаптың арнаулы бір тарауы кеңестік және мәдени құрылысқа арналған. Т.Рысқұлов құрылыс салу ісінде жердің таулы болуы, байланыс жолдарының дұрыс жолға қойылмауы тәрізді қиындықтарды көрсете отырып, соған қарамастан, республиканың еңбекшілерді құрылыс салуға тарту ісінде зор жетістіктерге қол жеткізгенін атап өтеді. Еңбекте, халықты ағарту, сауатсыздықты жою, денсаулық қорғау, әлеуметтік қамтамасыз ету, сот пен баспасөз, мәдени-ағартушылық жұмыстарға қатысты нақты мәліметтерді кесте арқылы берген.

Қырғызстанның партия ұйымдарының құрылуы мен қызметінің тарихы егжей-тегжейлі баяндалып, 1927–1928 жылдардағы сандық та, сапалық та жағынан өсіп-жетілуі — партия ұйымдарының әлеуметтік әрі ұлттық құрамы, ондағы әйелдер саны, РКП (б) облыстық комитетінің, аудандардағы партия комитеттері жұмысының формалары мен әдістері туралы мәліметтер келтірілген. Сондай-ақ Т.Рысқұлов республиканың комсомол ұйымына қатысты оның 20-жылдар соңында — 30-жылдар басында қалай туындап, қанат жайғаны, сапалық және сандық құрамы, қызметінің негізгі бағыттары туралы айтады. Кітаптың ғылыми анықтамалығында көптеген құнды мәліметтер келтірілуі автордың еңбекті жазу барысында аянбай тер төккенін дәлелдейді.

Т.Рысқұловтың «Қырғызстан» еңбегі шағын туынды болғанымен (12 б.т.), Қырғызстанның тарихи және экономикалық дамуының көптеген мәселелерін қамтитын алғашқы монографиялық зерттеу болып табылады.

Жалпы алғанда, Т.Рысқұловтың публицистік, ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі бағыттары қазақтардың, қырғыздардың және Орта Азия республикаларының басқа да халықтарының тарихын, Орта Азия мен Қазақстанның жергілікті халқының төңкеріс қозғалысына қатысуын, олардың патша үкіметі мен капитализмге қарсы күресін, социалистік құрылысын, КСРО-дағы ұлт мәселесінің шешілуін, Кеңестер Одағындағы артта қалған аудандардың экономикасының дамуын зерттеу мен зерделеуге арналған.

Т.Рысқұловтың аса ірі әрі маңызды жарияланымдарының ішінен оның мынадай кітаптары мен брошюраларын атап өтуге болады:

1. Ленин және Шығыс халқы (Ташкент, 1924);
2. Төңкеріс және Түркістанның тұрғылықты халқы (Ташкент, 1925);
3. Орта Азияның жергілікті халқының 1916 жылғы көтерілісі (Қызылорда, 1927);
4. Қазақстан (М.–Л., 1927);
5. Түркістан-Сібір теміржолының құрылысы туралы (Новосибирск, 1928);
6. Түрксіб (М.–Л., 1930);
7. Жаңа кезеңдегі коммуналдық шаруашылық (М., 1931);
8. Қырғызстан (М., 1935).

Т.Рысқұловтың редакторлығымен және кіріспе сөзімен мынадай зерттеулер даярланып, жарық көрді:

1. Түркістандағы РКП (б) Мұсбюросы (Ташкент, 1922);
2. Григ Н. Түрксібте (Л., 1929);
3. Островский З. Ұлы магистраль (М.–Л., 1930);
4. Қырғызстандағы 1916 жылғы көтеріліс. Құжаттар мен материалдар (М., 1937).

Т.Рысқұлов орталық және жергілікті газет-журнал беттерінде көптеген материалдарын жариялады. Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 көтеріліс, Түркістан еңбекшілерінің төңкеріс қозғалысы, Қазан төңкерісінің Қазақ АССР-ін құрудағы ролі, басмашылықпен күрес туралы жазды [16].

КСРО-дағы ұлт мәселелерін шешуге, Кеңес өкіметінің тұсындағы түрлі халықтардың жетістіктеріне, қазақ ауылдарын өркендетіп, көшпелі халықты отырықшыландыруға, ортаазиялық республикалардың экономикалық дамуы мен «Қосшы» одағының ұйымдарына, ұлттық зиялы қауым мен мәдениеттің өсуіне, жастардың арасында жұмыстар жүргізуге қатысты мақалалар да Т.Рысқұловтың қаламынан туған [17].

Оның баспасөздегі мақалаларының құндылығын мынадан да байқауға болады. Ол алғашқылардың қатарында ұлттың зиялы қауымының Қазақстандағы мәдени төңкерісті жүзеге асырудағы ролі туралы айтады. Зерттеуші Р.Сүлейменов Т.Рысқұловтың еңбектерінің Қазақстанның ұлттық мәдениеті мәселелерін қамтудағы маңызы туралы былай дейді: «Т.Рысқұлов Қазақстанда жұмысшы табы, пролетариат өсіп-жетілмегендіктен, мұнда пролетариаттық мәдениеттің, әдебиеттің, өнердің болуы да мүмкін емес деген пікірді алғашқылардың бірі болып сынға алды.

Зиялы қауымға қатысты мәселеде Т.Рысқұлов, сондай-ақ бірқатар қызықты да орынды пайымдаулары мен ескертпелерін білдірді. Атап айтқанда, ол бұрынғы кадрларды қайта даярлап, оларды пайдалану мүмкіндігі туралы айтқанды» [18].

Рысқұловтың Т. XX ғасырдың алғашқы жартысында жарық көрген еңбектерін оқи отырып, оның тамаша насихатшы, пайымды публицист, көптеген тарихи және экономикалық мәселелердің зерделі зерттеушісі болғандығына көз жеткіземіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Рыскулов Т.Р. Избранные труды. — Алма-Ата, 1984. — 260 с.
2. Рыскулов Т.Р. Собрание сочинений в трех томах. — Алматы, 1997. — 336 с.
3. Бейсембаев С., Кульбаев С. Турар Рыскулов. — Алма-Ата, 1974. — 40 с.
4. Победа Советской власти в Средней Азии и Казахстане. — Ташкент, 1967. — С. 75.; Турсунов Х.Т. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. — Ташкент, 1962. — 148 с.; Чеботарева В.Г., Раджапова Р.Я. Историко-партийная наука в Узбекистане. — Ташкент, 1982. — С. 24.; Вопросы историографии Казахстана. — Алма-Ата, 1983.

- 5 Рыскулов Т. Ленин и народы Востока. — Ташкент, 1924. — С. 15.
- 6 Рыскулов Т. По поводу выступления тов. Меницкого // Коммунистическая мысль. — № 2. — Ташкент, 1926; Рыскулов Т. Еще о характере восстания 1916 г. Туркестана (Мой ответ гг. Меницкому, Кузьмину и Галузо) // Коммунистическая мысль. — № 1. — Ташкент, 1927; Рыскулов Т. Восстание туземцев Средней Азии в 1916 году. — Кзыл-Орда: Госиздат, 1927. — 113 с.
- 7 Турсунов Х.Т. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. — Ташкент, 1971. — 187 с.
- 8 Меницкий И. О характере событий 1916 года в Туркестане (по поводу статьи тов. Рыскулова «Восстание туземцев в Туркестане») // Коммунистическая мысль. — № 2. — 1926. — С. 151.
- 9 Чеботарева В.Г., Раджапова Р.Я. Историко-партийная наука в Узбекистане. — Ташкент, 1982. — С. 24.
- 10 Рыскулов Т. Страницы истории революционной борьбы // Казахстанская правда. — 1935. — 22–24 окт. — С. 2.
- 11 Рыскулов Т. Страницы истории революционной борьбы // Казахстанская правда. — 1935. — 23 окт. — С. 2.
- 12 Рыскулов Т. Революция и коренное население Туркестана. — Ташкент, 1925. — С. 35.
- 13 Рыскулов Т. Казахстан. — М.-Л.: Госиздат, 1927. — 62 с.
- 14 Рыскулов Т. Турксиб. — М.-Л.: Госиздат, 1930. — 51 с.
- 15 Рыскулов Т. Киргизстан. — М.-Л.: Госиздат, 1935. — 22 с.
- 16 Туркестанская правда. — 1923. — 23 июня // Советская степь. — 1927. — 24 июля; 1929. — 4 марта // Казахстанская правда. — 1935. — 10 мая.
- 17 Туркестанская правда. — 1923. — 27 февр., 6 марта // Советская степь. — 1926. — 10 июня.
- 18 Сулейменов Р. Вопросы историографии Казахстана. — Алма-Ата, 1983. — С. 77.

М.Жапек

Обзор некоторых историческо-публицистических публикаций Т.Рыскулова

В статье рассматривается публицистическое наследие великого сына казахского народа — государственного деятеля Турара Рыскулова, анализируются некоторые его книги, вышедшие в издательствах Казахстана, Узбекистана и Москвы, отмечена актуальность и значимость материалов публициста. Классифицируя публицистические произведения Т.Рыскулова, автор обращает внимание читателей на периоды его деятельности. На основе исторических документов в статье даются ответы на некоторые вопросы, касающиеся этого видного общественного деятеля.

In article the publicistic heritage of the great son of the Kazakh people, statesman Turar Ryskulov is considered. It is analyzed Turar Ryskulov some books left in publishing houses of Kazakhstan, Uzbekistan and Moscow. Classifying Turar Ryskulov publicistic products the author pays attention of readers to the periods of its activity. The author also answers some unilateral questions round Turar Ryskulov through historical documents. In article it is specified an urgency and the importance of materials of Turar Ryskulova.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

- Ақжүнісова Н.Б.** — қазақ тілінің практикалық курсы кафедрасының магистранты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Гулила Алтенбек** — профессор, Шыңжан мемлекеттік университеті, Қытай Халық Республикасы.
- Әбдиманұлы Ө.** — қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы.
- Әбдуов М.І.** — қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры филология ғылымдарының докторы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Әбдуова Н.М.** — қазақ әдебиеті кафедрасының магистранты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Ермекова Ж.Т.** — стажер, Российский университет дружбы народов, Москва.
- Жәпек М.** — журналистика кафедрасының аға оқытушысы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Жұмағали З.** — қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры филология ғылымдарының докторы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Жұмағалиева Г.** — философия кафедрасының доценті, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Каренов Р.С.** — экономика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Қасымова С.** — филология факультетінің 4-курс студенті, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Мұхамеджанова Ш.Т.** — неміс және француз тілдерінің теория мен практика кафедрасының аға оқытушысы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Рапишева Ж.Д.** — қазақ тіл білімі кафедрасының доценті филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Рахметуллина М.А.** — неміс және француз тілдерінің теория мен практика кафедрасының аға оқытушысы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Смагулова А.Б.** — старший преподаватель кафедры классической и русской филологии кандидат филологических наук, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Төлеубаева К.А.** — қазақ әдебиеті кафедрасының доценті филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Ысқақұлы С.** — қазақ тіл-әдебиеті кафедрасының меңгерушісі филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Іле педагогикалық институты, ҚХР.